Термин «общественное согласие» корреспондирует со статьей 1 Конституции, закрепляющей общественное согласие в качестве основополагающего принципа деятельности Республики.

Формулировка «всех этносов Казахстана» устраниет двойственность, возникающую в сочетании терминов «народ Казахстана» и «казахский народ» в одном предложении.

Текст нормативно-правового акта не должен содержать положения декларативного характера не несущее смысловой и правовой нагрузки.

В статье 14 данного закона определяются структура Ассамблеи областей (города республиканского значения, столицы). Поэтому, рабочим органом ассамблеи области (города республиканского значения, столицы) является аппарат (секретариат), входящий в структуру аппарата акима.

Заведующий аппаратом (секретариатом) по своему статусу является заместителем председателя ассамблеи области (города республиканского значения, столицы), назначается и освобождается от должности соответствующим акимом.

В тоже время в законопроекте содержится следующая формулировка:

«Рабочим органом ассамблеи области (города республиканского значения, столицы) является аппарат (секретариат), входящий в состав аппарата акима как самостоятельное структурное подразделение.

Аппарат (секретариат) ассамблеи области (города республиканского значения, столицы) возглавляет заведующий. Заведующий аппаратом (секретариатом) ассамблеи области (города республиканского значения, столицы) назначается и освобождается от должности соответствующим акимом по согласованию с Аппаратом (Секретариатом)» [9].

На мой взгляд, в целях усиления координации работы структур Ассамблеи, местных исполнительных органов, данную статью следует дополнить текстом следующего содержания: Заведующий аппаратом (секретариатом) области (города республиканского значения, столицы) по своему статусу является заместителем руководителя аппарата акима области - председателя ассамблеи области (города республиканского значения, столицы).

И теперь, я считаю, что если этот законопроект будет введен в Мажилис в установленном порядке, не только депутаты, избранные Ассамблеей, но и все мы, должны активно участвовать в его всестороннем рассмотрении интересов нашего многонационального народа.

Наша страна находится на подъеме, мы уверены в себе и в наших силах. Принимая во внимание наши растущие возможности, мы привержены новым целям и задачам. Мы не должны допускать, чтобы этноконфессиональные разногласия становились основой будущих конфликтов. Это особенно важно для нас и для нашего региона. Дальнейшая модернизация страны, развитие подлинно гражданского общества, направление укрепления прав и свобод всех граждан и этнических групп - это путь к процветанию и процветанию Казахстана как путь к нашему будущему.

Ассамблея характеризует свою деятельность следующими категориями: мир, единство, согласие, стабильность, выносливость, терпимость. На этой огромной территории Казахстана будет вечен- только мир, единство и счастье! Я хочу, чтобы Казахстан процветал изо дня в день.

Таким образом, Ассамблея народа Казахстана — это результат уникального политического новаторства Казахстана. Сегодня опыт ее работы становится привлекательным и полезным для многих стран мира. Сегодня Конституция и Ассамблея народа Казахстана не просто ровесники. Это две великие ценности, ставшие фундаментом стабильности, модернизации и процветания. Доверие, традиции, транспарентность, толерантность, — это именно те принципы, которые легли в основу нашего многонационального процветающего государства. В основу политики государства в межэтнической сфере положен принцип «Единство в многообразии».

ЛИТЕРАТУРА:

1. Базарбаев А. Сила страны — в единстве // Заң және заман. -2017. № 132. 23 окт.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на XVIII сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская правда. -2009. № 253. -27 окт.
3. Нурадил Г.Н. Строительство новой модели управления для создания прочного мира // Казахстан-Спектр. -2016. -№ 2 (36). -С.39-43.
4. Тугжанов Е. Модель народной дипломатии // Современный Казахстан. -2017. № 48-49. –С.85.
5. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» // Информационная система «Параграф».
6. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская правда. -2010. -№ 278. -21 окт.
7. Проект для обсуждения «Доктрина национального единства Казахстана»// Казахстанская правда. -2009. -№ 261-262. -6 нояб.
8. Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана» от 20 октября 2008 г. // Информационная система «Параграф».
9. Совет Ассамблеи народа Казахстана // assembly.kz/novosti-assamblei/item/1741.html

Байжуманова А.М.

Қазақстан Республикасындағы халықтар ассамблеясының қазіргі құқықтық даму бағыттары.

Бұл мақалада қоғамның дамуында өзіндік орны бар Қазақстан халық ассамблеясының рөлі, сондай-ақ «Қазақстан халық Ассамблеясы туралы» заңының жобасына енгізілген згерістер мен толықтырулардың құқықтық негіздеріне талдау жасалған.

Кілттік сөздер: Ассамблея, Қазақстан халқы Ассамблеясы, саясат, қоғам, қоғамдық бірлестік.

A.M. Bayzhumanova

Contemporary directions of legal development of the assembly of the people in the Republic of Kazakhstan

In this article, the role of the Assembly of the people of Kazakhstan in the development of society and a legal analysis has been made to the draft Law of the Republic of Kazakhstan on Introduction of Amendments and Additions to the Law of the Republic of Kazakhstan "On the Assembly of the People of Kazakhstan".

Key words: Assembly, Assembly of the people of Kazakhstan, policy, society, public association.

ӘОЖ 342.4

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАЫ ҚАМАТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байжуманова А. М.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Nurai310707@mail.ru*

Мақалада автор Қазақстан Республикасындағы Республикалық Референдумды ұйымдастыру және өткізу кезіндегі конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету мәселелерін қарастырган.

Кілттік сөздер: Конституция, Референдум, Республикалық Референдум, заңдылық, Президент, Орталық сайлау комиссиясы.

Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізудің конституциялық заңдылығын қамтамасыз ету жоғарғы өкілді тұлғадан бастап бірқатар мемлекеттік органдардың құзыретіне жатады. Оған соттар, прокуратура, Конституциялық Кенес және референдум комиссиялары жатады.

Республика Президенті республикалық референдум комиссиясының республикалық референдумға дайындық және оның қорытындысы жөнінде ақпаратты тындау арқылы бүкілхалықтық дауыс беруді ұйымдастыру мен өткізуге жалпы бақылауды жүзеге асырады. Президенттің конситуциялық құзыреттілігі оның мемлекеттік биліктің және халық бірлігінің, Конституцияның жоғарғы күшке ие болуының, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі және символы деген конституциялық нормадан бастау алады. Президент референдум ұйымдастыру барысында Конституцияның және заңдардың ережелерінің бұзылмауын бақылауы тиіс, егер заң бұзушылықтар болғаны анық болса, ондай бұзушылықтардың анықтап, бүкілхалықтық дауыс беруді ұйымдастыру мен өткізу кезіндегі құқықтық қатынастың барлық субъектілерін анықтап, конституциялық нормалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп, азаматтардың республикалық референдумға катысуз арқылы бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мақсатында шаралар қолдануы тиіс.

Осы мақсатта Президент республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізуге қатысты мәселені анықтау үшін Конституциялық Кенеске жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Президентінен басқа республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу барысында заңдылықтың сақталуына қатысты басқа да субъектілер жүгінуге құқылы. Осы мәселе Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-73 баптарында төмендегідей редакцияда көрсетілген:

Конституциялық Кенес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Тेңзірлік міністерлік органдардың, Мәжіліс Терагасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір белгінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді; Конституциялық Кенеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, Президенттің қызметіне кірсіуі, Парламенттің сайланған депутаттарын тіркеу не республикалық референдумның нәтижелерін шығару тоқтатыла тұрады [1].

Көріп отырғанымыздай, егер жоғарыда аталған субъектілер Конституциялық Кенеске жүгінген болса республикалық референдум қорытындысын шығару тоқтатыла тұрады.

Конституциялық Кеңес өзінің шешімін бір ай мерзім ішінде шығаруы тиіс. Егер, Президенттің қарауына қарай оны дереу шығару қажет деп танылса, Конституциялық Кеңес өзінің шешімін он күн мерзім ішінде шығаруы керек.

Президент Конституцияның кепілі ретінде он күн мерзім ішінде Конституциялық Кеңестің шешіміне толығымен немесе ішінәра қарсылық білдіруге құқылы, ол қарсылыққа Конституциялық Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қарсы дауыс берген жағдайдан қарсылық қабылданбайды. Егер де ондай дауыс жиналмаған болса, Конституциялық Кеңес шешімі қабылданбаған болып есептелінеді. Осылайша, Конституциялық Кеңес мүшелері референдум өткізу мен ұйымдастыруға қатысты заннаманың сакталу және сакталмауына қатысты шешім қабылдаған кезде олар бұл шешімге қатысты абсолютті түрде сенімді болуы тиіс.

Конституцияның және 29 желтоқсан 1995жылғы «Конституциялық Кеңес туралы» конституциялық заннаның нормаларын сарапай келе, Конституциялық Кеңес бұл мәселені қарастыра отырып референдум корытындысы шығарылғанға дейін өзінің шешімі арқылы зәни күш бере алатынына құқылы екенін көреміз. Бұл оның 1992-1995 жылдары арасында әрекет еткен Конституциялық соттан ерекшелендіретін белгісі болып табылады. 5 шілде 1992 жылғы занға, одан кейін 1993 жылғы өзгертулер мен толықтырулар бойынша, Конституциялық сот Қазақстан Республикасы зандарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін, сонымен қатар, азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты тәжірбиенің конституциялығына байланысты істерді қарастырды.

Референдум мен сайлаудың зандылығы туралы мәселе зандада тікелей көрсетілмегенімен, Конституциялық сот оларды азаматтардың референдумға қатысу арқылы бұзылған конституциялық құқықтарын қорғау үшін Конституциялық сотқа жүгінген жағдайда қарастыруға құқылы болды. Бірак, 1995 жылды Конституциялық сот бұндай істерді қарастырған жоқ.

Егер азаматша Т.Г. Квятковская конституциялық сайлау құқығының бұзылуына қатысты арызы бойынша қозғалған ісіне баға беретін болсақ, ол 6 наурыз 1995 жылғы Конституциялық Сот қаулысына сәйкес Жоғарғы Кеңес депутаттарының сайлауы зансыз деп танылып, депутаттардың құзыреті мерзімінен бұрын тоқтатылуына әкеп соқты [75].

Осыдан кейін, Конституциялық Кеңес шешіміне қоғамда әр түрлі баға берілді. Атап айтқанда, ол саясатты айналдыру құқығы болды деп түсіндірілді. Менің ойымша, Конституциялық соттың қаулысына баға беру менің жұмысымның мақсатына кірмейді.

Мен үшін маңыздысы, 1993 жылғы және 1995 жылғы мемлекеттік өкілетті органдардың конституциялық моделдерін салыстырып, конституциялық зандылықты қамтамасыз ету мүмкіндіктерін қарастыру болды.

Конституциялық Соттың құзыреттілігі кеңірек болғанымен, ол азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына қатысты істерді қарастыруы тиіс болды. Бұл оның жұмысын күрделендірді. Себебі, Конституциялық Сотқа оның құзыретіне кірмейтін істер жөніндегі арыздар көптеп түсті. Осы тұрғыдан алғанда, Конституциялық Кеңес моделі тиімдірек болды. Азаматтар, егер де олардың референдумға қатысу арқылы конституциялық құқықбұзуышылық фактісі орын алды деп есептейтін болса осы органға жүгінуге құқылы. Бұл мәселелерді қарастыру соттың құзыретіне жатады. Кеңеске жүгінуге құқылы субъектілердің шенбері шектелген. Оның үстінен, Конституциялық Кеңестің корытынды шешімдері зәни күш иеленген республикалық референдумның нәтижелерін зансыз деп тану туралы салдарға әкеп соқтыруы мүмкін. Осылайша, Конституциялық Кеңестің негізгі мақсаты - құқыққа қарсы зәни салдар туғызбастан бұрын, бұзылған конституциялық нормаларды қалпына келтіру. Жалпы құқықтық нигилизм орын алыш отырған уақытта, осындақ қадам жасау негұрлым мақсатқа сай деп таныған дұрыс [93,10].

Сонымен қатар, 1995жылғы 2 қараша мен 29 желтоқсандағы конституциялық зандыктың ие Президент Жарлықтары және Конституциялық Кеңес регламенті де

Конституциялық Кеңеске жүгіну туралы нормаларды қарастырмайды. Конституцияның 73-бабының 1 тармағындағы конституциялық норманың мағынасы бойынша ол Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумның соңғы қорытындысын шығарған уақытқа дейін субъектілер жүгінүі тиіс. Заңнамада сонымен қатар, Орталық референдум комиссиясы қандай мерзім ішінде шешім шығаратыны жөнінде мерзім қарастырылмаған. Бірақ, Конституциялық Кеңеске жүгінуге құқылышы сәйкесті субъектілердің құқықбұзушылық фактісі орын алғандығын бірден емес, тіпті бірнеше күннен кейін емес, тек тиісті қоғамдық ұйымдарға көптеген арыз шағымдар білдіру арқылы ғана сот тәртібімен қорғалуы киынға түседі. Соңдықтан мениң ойымша, осы мәселе бойынша Конституциялық Кеңеске жүгінүі кемінде 14 күн мерзім ішінде орын алуы тиіс деп нормативтік деңгейде көрсеткен дұрыс. Әлбетте, Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің нәтижесі жөніндегі акпараттарды көрсетілген мерзімнен бұрын азаматтардың арыз шағымы болмаған жағдайда ғана бұкаралық акпарат құралдарына беруі тиіс.

Сонымен қатар, мениң ойымша, заңнамалық деңгейде республикалық референдум корытындысы зәни күшке ие болған сәттен бастап Конституциялық Кеңесте бұл мәселені қозғауға тыбым салынуы керек деп ойлаймын.

Францияда Конституциялық Кеңес референдум ұйымдастыру мен өткізу барысын бақылап, оның нәтижесін хабарлайды. Бұл ретте Конституциялық Кеңес дауыс беру мен дайындық жүргізу кезінде Үкіметке кеңес береді. Конституциялық Кеңес референдум өткізу барысындағы әртүрлі құқықбұзушылықтарға қатысты наразылықты талқылайды. Ол дауыстардың жалпы санағын бақылайды және дауыс берудің корытындысын хабарлайды.

Молдавада Конституциялық Соты республикалық референдум корытындысын бекітеді.

Қазақстанда кейбір ұксас өкілеттіліктер референдумның Орталық комиссиясына берілген. Республиканың Конституциялық Кеңесі терелік жүргізу функцияларынан айырылған. Ол референдум жүргізудің дұрыстығы фактісін, яғни Конституцияға және заңдарға сәйкестігін анықтауға құқылышы. Өз табиғатында ол өз мүшелерінің қандай да болмасын қызығушылығы мен саяси көзқарастарынан шықпауға тиіс.

Референдумда қойылған сұраптардың конституцияға сәйкестігіне тексеру жүргізуге құқылышы ма? «Референдум өткізудің дұрыстығы» формуласы жеткілкті анықталмағандықтан және кең болғандықтан, тексеру жүргізуге құқылышы деп ойлаймын. Даулы мәселелер дауыс беруді ұйымдастыру кезінде ғана емес, оның корытындысын шығарып, өткізу барысында да орын алуы мүмкін. 2 қараша 1995 жылғы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 3-бабына сәйкес, төмендегі мәселелер референдум талқысы бола алмайды:

- 1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын;
- 2) мемлекеттің біртұастығы мен аумақтық тұластығын, Республиканы басқару нысанын өзгерту;
- 3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылышы мен шекараларының;
- 4) Сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіппі қорғау;
- 5) Бюджет пен салық саясаты;
- 6) Ракымшылық пен кешірім жасау;
- 7) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметтің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату;
- 8) Республиканың халықаралық шарттарынан туындастырылған міндеттемелерін орындау мәселелері референдум талқысына койылатын мәселелер бола алмайды.

1993 жылы Ресей Федерациясының Конституциялық сотында Татарстанда өткен референдумның конституциялығы жөнінде және 25 сәуір 1993 жылғы жалпы Ресейлік референдумға қатысты істер қарастырылды. А.А. Белкин 29 сәуір 1993 жылғы референдумға қатысты Конституциялық Сот шешіміне түсініктеме бере келе, бұл шешімге көнілі

толмайтындығын айтады. Сот референдумға шығарылған (Президентке сенім білдіру және оның әлеуметтік-экономикалық курсы) бірінші және екінші мәселенің консультативтік сипатқа ие екендігін ескермеді. Бұл шешімнің құқықтық салдары болмағанымен отандық конституциолизм үшін маңызы бар еді. Конституциялық Сот шешімі бойынша кейбір мәселелер референдум пәні бола алмайды деп танылды [94,876].

Респубикалық референдумды ұйымдастыру, өткізу және оның соңғы корытындысын жасау кезінде конституциялық заңдылықты қамамасыз ету үшін соттар мен прокуратура органдарының маңызы ерекше. Конституциялық Кеңес азаматтардан арыздарды қабылдамайды және референдумға қатысты даулардың дұрыстығы туралы мәселені тек қана заннамада бекітілген тәртіпте мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың жүргінің негізінде ғана істерді қарастырады. Сот және прокуратура органдарына жүргінетін субъектілердің шенбері шектелмеген. Өзінің қадағалау қызметін жүзеге асыра отырып, прокурор өз бастамашылымен конституциялық, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзу фактісін анықтап, оларды жою мақсатында шаралар колдануға құқылы. Прокуратураның Конституцияны және өзге де заңдардың сакталуын қамтамасыз етуде мәртебесін анықтайтын негізгі нормативтік құжат 21 желтоқсан 1995 жылғы «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Заны болып табылады. Прокуратура органдарын анықтау - Президенттің азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін сактау кепілі ретіндегі құзыреттілігін жүзеге асыру құралы болып табылады. 2 қараша 1995 жылғы «Респубикалық референдум туралы» Конституциялық Заны референдум ұйымдастыру мен өткізу барысында конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудегі прокуратура органдары мен соттардың мәртебесі анықталмаған. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 күркүйектегі Конституциялық заңының 49-бабына сәйкес, соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен түркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізуге қатысты, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың бұзылуы жөніндегі сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қарап, оларды бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

Осы іспеттес сотта орталық сайлау комиссиясының шешіміне шағым беру тәртібімен мерзімі 12 желтоқсан 1993 жылғы Ресей Федерациясының Конституциясының жобасы бойынша бүкілхалықтық дауыс беру Ережесінде көрініс тапқан. Бұл нормативтік акт 15 қазан 1993 жылғы Ресей Федерациясының Жарлығымен бекітілген.

Тәжірбие көрсетіп отырғандай, соңғы жылдардағы сайлау өткізу мен респубикалық референдум өткізу кезіндегі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды жедел түрде шеше алмай келеді, ал кейбір кездерде тіпті негіzsіз түрде талап арызды қабылдаудан бас тартады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын тәртіптің құқықтық механизмі бірқатар жетілдіруді талап етеді. Бұл жерде мәселе тек қана мерзімде емес. Азаматтардың осындай жүргінуін соттың бірінші инстанциясында түпкілікті болуы керек. Әсіресе, атқарушы биліктің тарарапынан қысымның болмағанын қамтамасыз етуіміз керек.

Осындай істерді сот тәжірбиесінде қарастырудың санын кенейтіп сәйкесінше түсініктеме енгізу керек деген пікірмен келіскең жөн.

Менің ойымша, 2 қараша 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Президенттің «Респубикалық референдум туралы» Конституциялық Занының 36-бабына қосымша ретінде, респубикалық референдумды өткізу мен ұйымдастыру мәселесі жөнінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларды зансыз әрекетіне сотқа және прокуратурага шағым жасау және оны қарастыру мерзімін бекіткен жөн. Санымен қатар, сайлау заннамасымен бекітілген мерзімдерді де қысқартқан жөн. Бұндай қысқарту екі түрлі мақсатты көздейді:

Біріншіден, референдум туралы заңнаманың бұзылғандығы жөнінде сотка, және прокуратура органдарына шағым беру жария түрде барлық азаматтарға, қоғамдық бірлестіктер өкілдеріне, аумақтық және участекелік референдум комиссияларына, шетелдік бақылаушыларға мәлім ету.

Екіншіден, мерзімдерді бекіту арқылы республикалық референдумның корытындысын шығаруға және дауды қозғап оның дұрыстығы жөнінде Конституциялық Кеңесте қарауға мүмкіндік береді.

Бүкілхалықтық дауыс беруді өткізу мен ұйымдастыру кезінде Конституцияның және зандардың сакталуын қадағалауға референдум комиссияларының өздері тартылған.

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституациясының 74-бабында көрсетілген референдум туралы заң Жоғарғы Кеңес қабылдамады, Президенттің 1993 жылы 25 наурызда «Республикалық референдум туралы» Конституциялық Занды қабылдауы толықканды негізі болып табылады. Бұл нормативтік құжат референдум пәніне келесілерді жатқызады: 1) Конституацияны, конституциялық зандарды, және зандарды қабылдау мен өзгерту; 2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік өмірінің аса маңызды мәселелерін шешу. Оның үстінен бұл нормативтік құқықтық актіде референдум пәні бола алайтын мәселелердің тізімі де көрсетілген. Осылайша, 1995 жыл 29 сәуірде өткізілген референдумның конституциялық емес деп айтылған пікірлері негізсіз болып табылады.

Оның үстінен, сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және елдегі саяси жағдайды ескеретін болсақ, мемлекет басшысының осындағы қадам жасаудағы әрекетін дұрыс деп бағалауға негіз бар.

Әлбетте, референдум- соңғы жылдардағы демократиялық процестің нәтижесі деп бағалауға болады.

Бірақ, академик С. Зимановтың айтуынша, референдум мемлекеттік басқарудың тұрақты әдісі болмауы керек. Осылайша, 29 сәуір мен 30 тамыз 1955 жылғы референдумдар ерекше жағдайдағы аса қажет шаралар ретінде түсінген жөн [97, 228 б.].

Мақаламызды корытынданай келе, орталық сайлау комиссиясы - сайлау мен референдумды өткізу қамтамасыз ететін басты орган ретінде, оған қосымша құзыреттіліктер берген жөн. Атап айтқанда, Президентті, Парламент депутаттарының сайлауының, және республикалық референдумның өткізілуінің заңға сәйкестігі жөнінде Конституциялық Кеңеске жүтіну құқығы. Осындағы өзгеріс енгізу бүкілхалықтық дауыс беруді ұйымдастырушы негізгі звено - Орталық сайлау комиссиясының құқықтық мәртебесін айқындауға негіз болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституациясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // «Параграф» ақпараттық жүйесі
2. Н.Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» // Егеменді Қазақстан газеті, 2016ж. 5 қантар.
3. Судьбу решает каждый (О первом референдуме СССР) [Сборник]- Известия,1991.-500c.
4. Boyer P. The People's Mandate Referendums and More Democratic. -Canada, Toronto, 1992 year 169 p.
5. Кругоголов М.А. Президент Французской Республики. Правовое положение .-М., 2010.- 430 с.
6. Амбарнов С.Ю. Законодательство о референдумах (Сравнительный анализ) // Государство и право .2012. С.-10-15.
7. Оспанов Р.О. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – 352 с.
8. Большая Советская Энциклопедия Гл.Ред А.М. Прохоров Том 22. М.,1975 -861 с.
9. Черняков А.А. Конституционное право Республики Казахстан: Проблемы теории и практики. Теоретические и дидактические материалы. Алматы, 2007. -138 с.

10. Сапарғалиев F.C. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Академиялық курс. –Алматы: «Жеті Жарғы», 2014 ж. -544 б.
11. Қожахметова А.Е. Референдум и воля // Фемида. 2014. №3.
12. 1995 жылы 2 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // «Параграф» акпараттық жүйесі.
13. Страшун Б.А. Конституционное (государственное) право зарубежных стран . т. 2 Учебник .Общая часть. – М, «Бек». -1996.-756 с.
14. Михалова А. Конституционное (государственное) право зарубежных стран. Учебное пособие, -М.,1997 -285 с.
15. Референдум –основа политической системы// Вестник Европы, 2003 г. 8 апреля.

Байжуманова А. М.

Восросы организации конституционного законодательства при проведении Республиканского Референдума в Республике Казахстан.

В данной статье автор рассматривает проблемы обеспечения организации конституционного законодательства при проведении Республиканского Референдума в Республике Казахстан.

Ключевые слова: Конституция, референдум, республиканский референдум, легитимность, президент, Центральная избирательная комиссия.

A.M. Bayzhumanova

Controversies of the organization of constitutional legislation in the conduct of the Republican Referendum in the Republic of Kazakhstan.

In this article, the author considers the problems of ensuring the organization of constitutional legislation in the conduct of the Republican Referendum in the Republic of Kazakhstan.

Key words: Constitution, referendum, republican referendum, legitimacy, president, Central Election Commission.

ӘОЖ 340

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖДЫҚТАРЫ ҮШІН ЖЕРДІ АЛЫП ҚОЮ

Жумаголов Т.Б., Бабатай А.С.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhumagulov.timur@mail.ru., a.babatay@mail.ru*

Берілген мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекет мұқтаждықтары үшін жерді алым қою мәселелері қарастырылған. Бұл мәселелердің теориялық және тәжірибелік бағыттары пайдалана отырып, құқықтық төміктегі зерделенді.

Кілттік сөздер: Қазақстан Республикасының жер кодексі, жерге мемлекеттік менишік құқығы, жер участкесі, жер участкесінің менишік иесі.

«Әр адам өзіне тиесілі бөлінген жер көлемі үшін жауапты болуы тиіс. Жерді тәжірибесі бар, ауыл шаруашылығын игерген, білімі жоғары адамға беру керек. Қазіргі таңда елімізде бұл салаға мулде қатысы жок адамдар да жерді иемденіп, өзіне және көршілеріне шығын әкелуде. Сондықтан да бүтінде мемлекетке жерді қайтару мәселесі кеңінен қарастырылуда» [1].

Қазақстанда жерді алыш қою институты кеңес заманында қалыптаса бастады, және, ең алдымен, жерді халық шаруашылығы салаларының арасында қайта бөлүкүралы деп есептелді. Оның негізгі мазмұнын ауыл шаруашылық емес мұқтаждар үшін жерді алыш қою шарттары мен тәртібінің нормалары құрады. Айрықша мемлекеттік жеке мешікті жағдайында жерді алыш қою институты жерді рационалды қолдану ұстанымдарын жүзеге асыру, ауыл шаруашылық емес мұқтаждықтар үшін жерді алыш қоюды, ең алдымен, ауыл шаруашылығы үшін пайдасыз жерлер, нашар сапалы ауыл шаруашылық алқаптар, жол, электр беретін құрылғылар бойындағы жерлерді алыш қою қажеттілігін қарастыра келе, ауыл шаруашылық жерді пайдалануқығының басымдылығы және ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу үшін ерекше маңызды ие еді.

Заманауи жағдайда алыш қою өндірістік күштерді рационалды орналастыру үшін жерді қайта бөлу бойынша таза ұйымдастырушылық-техникалық іс-шара болуын тоқтатты. Сол себепті, қазіргі кездегі теориялық әдебиетте де кездесетін, алыш қоюды субъекттердің нақты жер участекелеріне құқықтарының тоқтатылуы әдісі болыш табылатын заңды әрекет деп анықтаумен келісуге болмайды. Берілген институт мемлекеттің жерге жеке мешікті корғау мен қол сұғылмаушылығына кепілімен байланысқан. Оның нормалары «заңмен бекітілген тәртіппен, мешікті иесінің мудделерін есепке ала отырып сатып алу арқылы» алыш қоюды қамтамасыз етуді мақсат етеді. «Алыш қою» мен «сатып алу» түсініктерінің катынасын талдау жасай отырып, ол бұл ұйымдарды сәйкестендіру алынатын жердің азамат-иеленушілері туралы сөз болған кезде құқыққа сай деп санайды. Қалған жағдайларда жерді пайдаланушыға келген шығындарды қайтарумен бірге жүретін алыш қою туралы сөз болуы керек [2, 100 б.]. Сонымен бірге, жерді алыш қою институты басымдылықты бұқаралық мудделерге беретінін ескеру қажет. Бұл мемлекеттік мұқтаждар үшін және жер заннамасын бұзғаны үшін жерді мәжбүрлі алыш қою мүмкіндігінің болуымен расталады. Мемлекеттік мұқтаждар үшін жер участекелерін алыш қою кездे жеке мешікті құқығын тоқтату рәсімі тек билік ұстанымдарына негізделген. Мешікті иесі алыш қою мүмкіндігінің өзін емес, тек қана алыш қою кезінде өкілетті орган жасаған құқыққа сай емес әрекеттерге қарсы бола алады.

Сонымен бірге, мемлекет мұқтаждықтары және жер заннамасын бұзғаны үшін жерді алыш қоюдың қазіргі нормалары жер құқықтарын заңды кепілдіктердің кеңейтілген жүйесін қамтиды. Бұл алыш қою институтының жана сападағы қызметтік мақсатын растайды. Жерді алыш қою институты аясында жер құқықтарын корғау мен жүзеге асырудың жана денгейі Конституцияның мемлекеттік және жеке мешікті тану мен бірдей корғау туралы, азаматтың мүліктік және басқа құқықтарының шектеу тек заңмен және тек мемлекеттік және қоғамдық мудделерді сактау мақсатына қажетті шамадаға шектелуі мүмкіндігі туралы, заңмен көзделген ерекше жағдайлардаға мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тен бағамен етеген кезде жүргізілуі мүмкіндігі туралы негізгі ережелеріне сүйенеді [3, 413 б]. Сонымен бірге, қазіргі жер заннамасы, бір жағынан, жердің мешікті иелерінің өз еркі бойынша жер құқықтарын тоқтатылу үшін негіздерді едәуір кеңейтті, басқа жағынан, мешікті құқықтарын, жерді пайдалану құқықтарын және титулдық иелерінің еркінен тыс басқа да заттық құқықтарының тоқтатылуы оқиғаларын біраз шектеді.

Осылайша, заңнама жер участекесін сатып алу және жерді пайдалану құқығын қосқанда, титулды иелерінің келісімінсіз алыш қоюға тек жеке алынған мешікті иесі немесе жерді пайдаланушы муддесі мен бұқаралық муддесінің карама-қайшылығы жағдайындаға жол береді. Бұл ретте, қазіргі жер заннамасында жер участекелерін мемлекеттік мұқтаждықтар және жер заннамасын бұзғаны үшін алыш қоюды жол берілген ескісімен салыстырғанда, мемлекеттік мұқтаждар үшін жерді алыш қою үшін негіздердің толық тізімі көрсетілген және жер заннамасының талаптарын бұзғаны үшін жерді алыш қою тәртібін күрделендірді [4, 21 б].

КР ЖК 84 бабына сәйкес жер участекесі мемлекет мұқтажы үшін ерекше жағдайларда, бұл мұқтажды өзге де тәсілмен қанағаттандыру мүмкін болмаган және мүлікті мешікті иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен тен құны етеген кезде не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы мүмкін.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару үшін мыналар:

- 1) халықаралық міндеттемелер;
- 2) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттар үшін жер беру;
- 3) пайдалы қазба кен орындарының табылуы және оларды казу;
- 4) жолдар, электр тарату желілері, байланыс желілері, магистральдық құбырлардың, елді мекендердің ортақ пайдалануындағы инженерлік-коммуникациялық желілердің және тағы басқа да мемелкеттік маңызы бар объектілердің құрылышы;
- 5) опырылу (құлау) қаупі бар ескі және апаттық тұрғын үйлерді бұзу;
- 6) елді мекендердің бас жоспарларын осы бапта белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жатқызылатын объектілерді салу белгінде орындау, соңдай-ақ мемлекеттік және аймақтық бағдарламалармен, мемлекеттік мұдделерді және қоғамдық маңызды мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін инвестициялық жобалармен көзделген объекттерді салу ерекше жағдайлар болып табылады [5]. Сонымен бірге, қазіргі заннаманың келтірілген ережелері қанша әлеуметтік маңызды болғанмен, мемлекеттік емес занды тұлғалардың және азаматтардың жеке меншігінде немесе пайдалануындағы жерді мемлекеттік мұқтаждар үшін иеліктен мәжбүрлі шығару туралы жерді алыш қою институтының нормаларын жузеге асырудың толыққанды ұйымдастырушылық-құқықтық механизмін құру мәселесін шешпейді. Жерді алыш қою институтын жузеге асыру механизмі, қарама-қайшылықты болғанмен, оны пайдалану аясының тарылудың көздеуі тиіс. Бұл сот шешімі бойынша мемлекеттік мұқтаждар үшін, осы мұқтаждарды өзге жолмен қанағаттандырудың басқа жолы болмаған кезде және мүлік шығының бірдей құнмен өтеу шартымен жерді мәжбүрлі алыш қоюға жол беретін бабынан шығады.

Жер кодексінің сот шешімі бойынша мемлекеттік мұқтаждар үшін (ерекше жағдайларда), осы мұқтаждарды басқа жолмен қанағаттандыру мүмкін болмаған жағдайда және мүлік құнның бірдей өтеу шартымен жерді мәжбүрлі алыш қоюға жол беру туралы талаптарын жузеге асыру үшін қажетті нормативті жағдай құру, оған қоса, мемлекеттік мұқтаждардың өздерін және мемлекеттік мұқтаждар үшін жерді мәжбүрлі алыш қоюды ерекше жағдайларын көнегейтіп түсіндірудің заннамалық тосқауылдарын құруды қажет етеді. Зан әдебиеттерінде заннаманы келесі негізгі тұстар бойынша түзету қажеттілігі белгіленген:

- мемлекеттік мұқтаждар тізімі толық және бұл тізімді жаңа зан актілерін қабылдау немесе бар зан актілерін өзгерту арқылы көнегейту мүмкіндігінсіз болуы тиіс;
- жер учаскесі мәжбүрлі турде иеліктен шығарылуға себеп болған халықаралық міндеттемелердің сипатын нақтылау қажет;
 - заннама «апаттық жағдайдағы тұрғын үй», «ескі үй» түсініктерін қарастырады;
 - елді мекендердің генералды жоспарларын өзгерту мерзімдері мен тәртібін, және де мемлекеттік мұдделер мен қоғамдық маңызды мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін мемлекеттік, аймақтық бағдарламалар мен инвестициялық жобалардың сипаты мен мазмұнын қатаңдату мен қайта қарау қажет;
- ары қарай құрылыш мақсаттарына беру үшін жер учаскесін алыш қою туралы шешімді қабылдайтын мемлекеттік органды біржола анықтап алу қажет ;
- жер учаскесінің орналасуына, көлеміне, құнарлылығына, нысаналы мақсатына, қозғалмайтын мүлік объектілеріне қатынасы мен өзара байланысын, инфракұрылымның болуы және функционалды-мақсаттық маңызын, нарықтық құнның анықтайтын басқа да параметрлеріне талаптарын қамтитын «бірдей жер учаскесі» түсінігінің занды анықтамасын заннамалық турде бекіту қажет;
- мешілік иесін мемлекеттік мұқтаждың болуын және бұкараптық мұddenі қамтамасыз ету әдісі ретінде алыш қоюдың шарасыздығының дәлелдерін талап ету құқығын беріп, оны алыш қою қатынастарын анықтайтын негізгі субъект ретіндегі құқықтық статусын заннамалық турде бекіту қажет;

• өтемақының әділетсіздігі, меншік иесінің оның мөлшерімен келіспеуді алып қоюды тоқтату үшін негіз ретінде заннамалық түрде бекіту керек;

• меншік иесінің ерік білдіруін алып қою механизмін бастаудың негізгі шарты ету керек [6, 80 б].

Корыта келе мемлекет мұқтаждықтары үшін жерді алып қою (сатып алу) институты қазіргі танда өзекті мәселелердің бірі екендігін айта кеткен жән. Тәжірибе барысында барлық теорияда қарастырылған мәселелердің занды турде жузеге асуы аса маңызды болыш табылады. Осы мақалада бүтінгі тандағы мемлекет мұқтаждықтары үшін жерді алып қою институтының жузеге асуы, басты қағидалары мен зандылық негіздері қарастырылған. Мемлекет пен меншік иесі арасындағы байланыс. Жерді алып қою институты аясында жер құқықтарын қамтамасыз ету шаралары жүйесінде меншік иелері мен жерді пайдаланушыларға келтірілген шығындарды өтеуге ерекше көніл белу керек. Шығындарды өтеу нормаларының болмысы олардың субъекттердің жер құқықтарына қол сұғатындардың құқықтық емес әрекеттерін алдын алуға және компенсациялық-қалпына келтірушілік функцияларын жузеге асыруға бағытталғандығын анықтайды. Аталмыш бағытта бүтінде зан жузінде жана толықтырулар мен өзгерістер де енгізілуде. Ол зандар мен ережелерді меншік иелері толық білуі тиіс. Өз кезегінде мемлекет жерді алып қою барысында аталған ережелер мен зандар қатарын міндетті түрде дұрыс іске асырғаны абзал.

ӘДЕБІЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаевтың жерді алып қою жайлы юмформбюро порталынан алынған сұхбаты [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://informburo.kz/novosti/nazarbaev-ob-izyatii-uchastkov-zemly-.html>
2. Земельное право. М.: Былина, 2000. - 257 с.
3. Крассов О.И. Земельное право. - М: Юрист, 2000. - 624 с.
4. Сулейменов М.К. Понятие и виды вещных прав в Республике Казахстан- Алматы, 1997. -412 с.
5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы «Жер кодексі туралы» N 442 Заны // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
6. А.С. Дошанов Правовое обеспечение предоставление земельных участков для жилищного строительства: автореф.юрид.наук. - Аданы, 2009.-93 с.

Жумагулов Т.Б., Бабатай А.С.

Изъятие земельных участков для государственных надобностей

В данной статье рассматриваются недостаточно разработанные вопросы теории и практики института изъятия земельных участков для государственных надобностей в Республике Казахстан.

Ключевые слова: Земельный кодекс Республики Казахстан, право государственной собственности на землю, земельный участок, собственник земельного участка.

T.B. Zhumagulov, A.S. Babatay

The withdrawal of land for state needs

This article considers the insufficiently developed in the theory and practice of the Institute of land seizure for public needs in the Republic of Kazakhstan.

Key words: The Land code of the Republic of Kazakhstan, the right of state ownership of land, land plot, the land owner.

ӘОЖ 340

ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ ҰҒЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Нұрмашанбет Е.Т., Асқарбекұлы Ж.

I. Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., zhgu.edu.kz

Бұл мақалада адам құқықтары мен бостандықтары туралы түсінік берілті, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмінің қалыптасуы мен дамуы туралы бағытталған.

Кілттік сөздер: құқық, құқық туралы ойлар, құқықтың белгісі, құқықтар мен бостандықтар

Адам құқықтары – бұл адамның өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған табиғи мүмкіндіктері, адамға қоғамдық өмірдің барлық салаларында қызмет ету еркіндігі мен қадыр-қасиеттеріжкене әлеуметтік ігіліктерді беруге кепілдік беретін саяси қатынастардың жүйесін бекітетін нормалардың жиынтығы .

Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабында көрсетілгендей,

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұмысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, зандарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылымын қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмейге тиіс [1].

Құқық:

1. Адамзат құқығы адамзат нәсіліне жататанылардың барлығын қамтиды;
2. Адам құқығы жай құқықтардан анағұрлым жоғары тұрады. (мысалы, өмір сүру құқығы, жерді пайдалануды алатын болсак). Абсолюттік құқық ретінде қабылданады.
3. Адам құқығы көріністерінің аумағы азаматтық құқықтардан гөрі шектеулі болуы мүмкін.

4. Өмір сүру барысында біреудің біреуге қарсы болу құқығы бар: бұл зандылықтымойынданап, құрмет тұтуымыз қажет,- деп түсіндіреді [2].

Адам құқықтарына мынандай белгілер тән болады:

1) бұл құқықтар адамның табиғи және әлеуметтік мәнінің қоғам болмысы жағдайларында үнемі өзгеріп отыратындығын ескеру арқылы туынданап өрі қарай дамып отырады;

2) обьективті түрде қалыптасып барып пайда болады және мемлекеттің тануына байланысты болмайды (яғни мемлекет тарабының тануына тәуелді емес);

3) жеке адамға тұмысынан тән болады;

4) ажырамайтын, тартып алынбайтын сипатта болады, табиғи ретінде (aya, су және т.б. сияқтылар ретінде) танылады;

5) тікелей күші бар болып келеді;

6) ең жоғары әлеуметтік құндылық деп танылады;

7) құқықтың қажетті бөлігі ретінде, оның белгілі бір мәнін білдіретін (яғни бейнелейтін) нысаны түрінде көрінеді;

8) жеке адамға өз білігінше әрекет етуге немесе белгілі бір игіліктерді алып пайдалануға мүмкіндік жасайды және оны қамтамасыз етеді сөйтіп барып адамдар мен мемлекет арасында болатын өзара қатынастарды реттейтін қағидаттар мен нормалар болып қалыптасады;

9) Бұларды тану, бұлжытпай орындау, сактау және корғау – мемлекеттің міндеті болып табылады [3].

Адам құқықтары табиғи құқықтардан туындауды және барлық адам баласына тұа біткен қасиет ретінде танылады. Олар өмір сүру, бостандық, езгіге қарсы тұру. Ж.Д. Бусурмановтың ойынша, «азамат құқығы» деген ұғым бар. «Азамат» сөзі адамның арнайы бір мемлекетпен құқық пен міндет арқылы тікелей байланыста екендігін аңғартады. Кейбір мемлекеттердің Конституциялары табиғи құқықтан туындаудын адам құқықтарының барлық талаптарын мойындауы мүмкін. Оның ойынша, адам құқықтары, ең алдымен саяси мәселе. Сондыктan адам құқықтары мәселесінде объективті, генетикалық тұрғыда саяси мазмұн болады. Жалпы адам құқықтары деген жоқ нәрсе, тек тек адам құқықтары туралы әлеуметтік- субъективтік ұғымдар, көзқарастар, теориялар, сонымен қатар, талдау объектісі ретіндегі қолда бар әлеуметтік мүмкіндіктер, міндеттемелермен бірге оларға негізделген саяси, құқықтық, моральдық, әлеуметтік және т.б. нормалар бар [4].

Р.Дж. Винсенттің пікірінше, бұгінде адамдар өзінің құқығына ие деген идея-қазіргі дүнмежүзілік саясаттың басты жемісі. Бұл идеяны дуниежүзілік, не аймақтық конвенциялар қабылдаған көптеген құқық декларациялары да дәлелдеп отыр. Және мұны мемлекет атынан сөйлейтін адамдар да айтады. Онымен қоймай әртүрлі топтар мен партиялар, ұжымдық құрылымдар да ел ішінде өздерін әлдебір саяси күш екенін таныту үшін немесе тұтас бір мемлекетке айналып қалыптасуға бастайтын тұра жол ретінде басшылыққа алады. Баспасөз қызметкерлері болсын, мектептегі шәкірттер де оқулық та бұл қағиданы жан-жақты түсініп, өздерінің сан-салалы өмірлерінде қолданады.

Бірақ Р.Дж. Винсет бұл пікірдің барлығымен келісе бермейді. Моральдық тұрғыдан қарағанда, адам баласының міндеттері құқықтық қағидадан қарағанда айқынырақ көріну мүмкін, әрі оның бұрынырақ қалыптасқаны анық [5].

Денис Ллойдтың пікірін алатын болсак, табиғи құқыққа қарағанда занды мағынадағы құқық (объективтік және субъективтік құқық) позитивтік құқық ретінде көрініс табады, яғни олар зандар мен басқа қайнар көздерде бекітіліген.

Позитивтік құқықтың негізгі сипаттары:

1. құқықты адамдар, болмаса қоғамдық құрылымдар – заң шығарушылар, сottар, құқық субъектілері қалыптастырып, дамытады, яғни олдардың мақсатты, ерікті қызметінің нәтижесі болып табылады;

2. Олар зандар, түрінде көрінеді, жай құр идея немесе қиял түрінде болмайды.

3. Алғаш рет адам құқықтары жөніндегі түсінік ұлы ойшылдар Мао-Цзы,

Аристотель т.б. теория шегінде қалыптасып, дамыды. Олардың идеялары адамдардың тұмысынан тенденгі және адамға тән құқықтардың бәріне ортақ екендігі жайлы ойлардан тұрады.

Сонымен бірге осы идеялардың жақтаушылары нақты бір мемлекеттегі адамдардың тән құқылығын бекіте алмауы да мүмкін зандылық талаптардың өзгермелілігін ескергендейтін еді. Сондыктan нәтижесінде олар мемлекеттің келісімдік сипатына үміт артты. Орта ғасырларда жақтаушылары адам құқықтарының мемлекеттен тыс пайда болуын жокқа шығаратын зандық-позитивистік ағым пайда болды. Олар мемлекеттің рационалдық табиғатын, оның өзгермейтіндігін және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан тәуелсіздігін негізге алды, адам құқықтары мен мемлекет

зандарын айырып қарастырмады, ал адам құқықтарының мемлекет құқықтарының алдында ешқандай басымдығын көре алмады.

Олардың пікірінше, адам құқықтары мемлекеттің қажеттіліктеріне және мақсаттылығына қарай өзгеріске ұшырап отыруы тиіс болды. Либералдық теорияның негізін қалаушылар пікірінше, адамның табиғи, қасиетті құқықтары мемлекеттен тыс өмір сүреді. Сонымен қатар, олардың ойынша, билік институты әлеуметтік қасиеттер мен адам құқықтарына қауіп төндіреді. Олар негізгілер ретінде әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерді ескермestен жеке тұлғаның саяси және азаматтық құқықтарын қарастырды. Бірақ, либералдар өзінің басты мақсаты ретінде жеке тұлғаны мемлекет тараапынан болатын шабуылдан қорғауды көре отырып, формальді тенденциялық әлеуметтік жағынан аз қорғалған халық топтарын оның мүмкіндіктерін пайдаланудан ада қылатындығын ескермestен адамды қоғам мен мемлекеттің біліп таstadtы.

Адам құқықтары мен бостандықтарының қазіргі теориялары олардың білінбейтін және әмбебап сипатын орнықтырады. Алайда, тұлға мен мемлекеттің қатынастарындағы кайшылықтарды мойындағанына қарамастан оларда құқықтар мен бостандықтардың өзгеретіндігіне жол беріледі. Әйткенмен де мемлекет кейбір құқықтарды шектегенімен адамның барлық құқықтарын тартып ала алмайды. Сондықтан қазіргі саясаткерлер құқықтардың «жоғарғы жақта» көп жинақталуын сондай-ақ адамға берілетін құқықтар мен бостандықтардың сипаты мен көлемін айқындаудағы билеуші элитаның ролінің улкендігін мысал ретінде көрсетті. Бірақ, олар адам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігіне, құқықтардың кепілдендерілуі мен пайдаланылуына назар аударады [6].

Бірақ та адам құқығы туралы айткан кезде, мемлекеттің адам құқығына қатысты қызметін айтпай кетуге болмайды, мемлекеттің негізгі Занына сүйене отырып, азаматтардың құқығын көңейтуге мүмкіндіктер берген.

Конституцияға сай, азаматтарға өзінің ұлтын көрсетуге, не көрсетпеуге, өзінің ана тілін қолдануға, кез келген меншікке құқығын бекітуге еркіндік берген.

Ал, әлеуметтік-экономикалық құқығына келетін болсақ, денсаулығын сақтау, медициналық көмек алуға, жасы келгенде зейнетакы алуға, денсаулығына қарай мүтеделтік жәрдемін алуға, асыраушысын жоғалтқанда жәрдемакы алуға, тұрғын үйге құқығын бекітуге, білім алуға мүмкіндік алғаны белгілі.

Ал жеке басының құқықтарына келетін болсақ, адамдардың жеке басының құқығын қорғау мүмкіндіктерін айта кету керек. Адамның жеке басына қолсұғылмаушылық құқығы қағидасының сақталуымен қатар, адам құқықтары мен бостандықтарына деген құрмет, жеке басына тиіспеу, қоғамдағы діни, құқықтық көзқарастарына қол сұқпау мүмкіндіктері де айтылады [7].

Мемлекеттің занымен кепілдік берілген адам құқықтары мен бостандықтары:

Өзіне берілген мүмкіндіктерін пайдалана отырып, құқықтарын пайдалану;

Қойылған міндеттерді орындау, занға бағыну;

Өзіне қарсы жақтан өзінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді талап ету [8].

Ежелі грек философтары барлық адамдар дүниеге келгенде тен болып туады. Сондықтан олардың бәрінің де тен табиғи құқығы бар деген ойды өрістетті. Аристотель болса саяси құқықты табиғи және шартты құқық етіп екіге бөлді. Ол табиғи құқықты мемлекет орнатқан құқықтан жоғары койды. Табиғи құқық шартты құқыққа үлгі болуға тиіс деп санады. Себебі, шартты құқық жиірек өзгеріп отырады және олар үкімет жұмысы мен адамдар арасындағы келісімнің нәтижесінде пайда болады.

Бірақ феодализм дәуірінде адам құқығы жөнінде мұлдем басқаша ұғым пайда болды. Адам туғанынан тен деп үйрететін табиғи құқық жоққа шығарылды. Ал құқықтың өзін хан, патшалардың қол астындағы адамдарға жасап отырған рақымы деп түсіндірліді. Әр сословиенің өзіне тән құқығы болды.

Қазақ қоғамында да адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың өзіндік көрінісі болды.

Мысалы, Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жеті түріне құрделі өзгеріс енгізгендіктен, ол өзгерістер «Тәуке ханның Жеті жарғысы» («Жеті жарлығы») аталып кеткен.

1-жарғы. Көтеріліс жасап, бұлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын.

2-жарғы. Халық мұддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын.

3-жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын.

4-жарғы. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасына бұйырылсын.

5-жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.

6-жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай тәмендегіше мүліктей құн төленсін:
а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса қыздың қалын малын береді. ә) төрт мүшениң бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7-жарғы. Үрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төленсін,- деп көрсетілген [9].

Қай заманың болса да, әр кезеңдегі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қалыптасқан жүйесі сол кезеңдегі билікпен астарласып жүзеге асты және сол қоғамның мұддесіне сай қызмет етті. Қалай болғанда да адам және оның құқығы қай кезең болса да, сол қоғамдағы аса маңызды мәселенің бірі болып қала беретіні белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // 1 «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. Тинистанова С.С., Егінбаева Қ.Қ. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы идеялар мен оның бағыттары // ЖМУ Хабаршысы, Талдыкорған, 2016.- 152-155бб.
3. Кемали, М. Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері.- Алматы: Нұр-Пресс, 2013.- 1 электр. опт. Диск.
4. Бусурманов Ж.Д., Сактаганова И.С. Адам құқықтарының Еуразиялық концепциясы.- Алматы: Эверо, 2014.-198 б.
5. Р.Дж. Винсет Адам құқықтары және халықаралық қатынастар. Ауд. Р.Н: Жексембиева. – Алматы, 1998.-256 б.
6. Д. Ллойд Идея права / перевод с анг. М.А. Юмашева.- М.: Югона, 2002.- 150 с.
7. Д. В. Татаринов Обеспечение прав и свобод человека как основа развития социального общества // ҚазҰУ хабаршысы. Зан сериясы. № 4 (56). 2010.- С. 15-20.
8. Ж. Б. Идрышева Институт прав и свобод человека и гражданина: некоторые теоретические аспекты // ҚазҰУ хабаршысы. Зан сериясы. № 4 (56). 2010.- С. 25-29.
9. Әз Тәуkenін «Жеті жарғысы» – Ұлы дала зандарының алтын арқауы/-
<http://almaty.sud.kz/>

Нурмаганбет Е.Т., Аскарбекович Ж.А.

Формирование и развитие понятие права

В данной статье рассмотрено понятие прав и свобод человека, а также формирование и развитие механизмов защиты прав и свобод человека

Ключевые слова: право, право, права, права и свободы

E.T. Nurmaganbet, Zh. Askarbekovich

Formation and development of the law

This paper considers the concept of human rights and freedoms, as well as the formation and development of mechanisms for the protection of human rights and freedoms

Key words: law, law, rights, rights and freedoms

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Нұрмаганбет Е.Т., Жолдогутов Қ.А.

I. Жансүгіров атындағы Жемісі мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhgu.edu.kz

Бұл мақалада қазақ мемлекеттілігінің әдет құқық негіздерінің қалыптасу уақытына түсінік беріліп, даму кезеңдері туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: құқықтық әдет, соптық прецедент, шаригат нормалары, отбасылық – некелік құқық

Қазақтардың құқықтық жүйесін әдет – ғұрып құқығы құрайды. Бұл жүйені «адат» деп атады. Бұл нормалар қазақ қоғамының барлық жақтарын реттеп отырады. «Адат» араб тілінде әдет – ғұрып деген ұғымды білдіреді. «Адат» ете ерте кезден басталып, көптеген өзгерістермен және толықтырулармен қазақ қоғамындағы негізгі реттеуші нормалар ретінде 1917 жылға дейін созылды. Дегенмен «адаттың» құқықтық институттары ғасырлар барысында үлкен өзгерістерге ұшырамады.

Қазақтардың әдет – ғұрып құқығы мынадай ерекше белгілерімен сипатталады :

1. Рулық, патриаралдық әдет – ғұрыптардың ұзак сақталуын көрінетін консерватизмі. Мұндай ерекшеліктердің сақталуы заңды нәрсе. Ру қазақ қоғамының негізі болды. Бұл ерекшеліктердің бәрі де көшпелі экономикалық қатынастардың бейнелері болып табылады.

2. Қазақ әдет – ғұрып құқығы «барымта», «қанға-қан», «жанға-жан», «әңгімерлік» секілді өтпелі институттардың сақталуын қамтамасыз етті. Бұл институттар қазақ қоғамында және оның құқықтық жүйесінде ерекше орын алды.

3. Әдет-ғұрып құқығы бойынша қылмыстық істер мен азаматтық істердің арасындағы айырмашылыктарға ерекше мән бере бермейді

4. Жерге жеке меншік құқығының болмауы қоғам мүшелерінің құқықтық жағынан тәндігі қазақ аристократиясының (сұлтандар, билер, кожалар) артықшылығымен ұштастырылады. Қазақ аксүйектерінің, әсіресе сұлтандар мен қожалардың артықшылығы ресми зандастырылады. Ал ел билеу ісі тек сұлтандардың үлесі ретінде рәсімделеді. Мұндай тәртіпті қоғамдық пікір де мойындалды.

5. Жазаның түрлөрі салыстырмалы түрде гуманистік сипатта болды.

6. Құқықтық жүйе мен оның нормалары демократиялық және компромистік сипатта болды [1].

Қазақ елі тарихының тамаша бір тармағы – қазақтың ата жолы, қазіргі құқық деп аталатын ұғымға толы сәйкес келетін әдет – ғұрыптары мен салт-дәстүрлери және қоғамдық өмірдегі қатынастары. Бұл қастерлі казынамызды баға жетпес байлық ретінә зерек көнілмен зерделейтін әр енбек – халқымыздың рухани мұрасын молайтатын жүйелі жұмыс нәтижесі.

Қазақ құқығының әлемдік өркениетте алатын орны жайлы академик С.З.Зиманов: «Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихтың ерекшелігі мен өміршендігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен әлем назарына ілінді. Ұлы далада, көшпелі өркениеттің негізін қураған, кышишақтар данқының үстемдігінің ерте құлдырауы, тиісінше қақақтың құқықтық мәдениеттің беделі мен рөлінің құлдырауына соқтырмағандығы таң қаларлық жағдай. Бұл кайшылықты Қазақ ата занының аумағы кең даланың еркіндік қабілетінің сакталуымен, оқшау орналасуымен түсіндірге болады», - деп атап етті [2].

Жұздеген жылдар бойында Қазақстан жерінде әдеттегі құқық үстем болып келді. Әдеттегі құқық зандық, яғни занды күші бар әдеттің жинағы, ол мемлекеттік өкімет тарарапынан санцияланған және кепелдік алған, қалыптасқан қоғамдық қатынастарды күш арқылы сактау үшін қоданылатын.

Қазақтың әдеттегі құқығы «әдет» немесе «зан» терминдерімен анықталған. Ұзақ жылдар бойы көшпелі қоғамның әлеуметтік - экономикалық және саяси өмірімен біte қайнасан және мынадай белгілерімен сипатталады:

1. қылмысты істер мен азаматтық талаптарға шектеу қойылмайтын;
2. жазалау жүйесі біршама гуманды болатын;
3. ұлттік жауапкершілік пен отбасылық – некелік қатынастардың нормалық түрғыда жете зерттелгендігі және әбден реттелуі;
4. жазба зандардың әсерінің соншалықты болмауы;
5. ішкі қауымдық және қауымаралық міндеттер жүйесінің болуы, оның құқық нормасының сипатына айналуы.

XV–XVIII ғ.ғ. қазақтардың әдеттегі құқығының көздері:

1. құқықтық әдет немесе зан;
2. сottық прецедент, яғни бидің билігі;
3. билер съезінің ережесі;
4. шариғат нормалары.

Ауызша әдет – ғұрыптар ең көне заманнан, рулық қауымның қалыптасуынан бастау алады. Таптық қатынастардың күшейіп, әлеуметтік жіктелудің артуына орай ауызша әдет – ғұрыптар құқықтық сипат алып билеуші топтардың мұддесіне қызмет ете бастады. Құқықтық бұл түрі қазақ қоғамының талаптары мен ерекшеліктеріне сай келді. Көшпелі қоғам жағдайында ұзақ уақыт сакталып қалған рулық қатынастар, патриархалдық отбасы, көшпелі мал шаруашылығы тағы басқа қатынастарды реттеудің бірден – бір тиімді жолы әдет – ғұрып болып табылады [3].

Қазақтар өзін мұсылманмын деп санағанымен шариғат құқық жүйесінде елеулі рөль аткарған жок. Қазақтар суннізмнің халифаттық бөлігінде болған. Мұнда әлеуметтік және экономикалық қатынастар шариғат нормасына сай келмейтін.

Құқықтық әдет. Әдет, қоғамдық қатынастарды реттеуші есебінде, нормативтік мінездүкіліктердің ен ертедегі кешені болып саналады. Көшпендердің экономикалық базисіне сай келді.

Мемлекеттік өкімет билігі санкциялаған әдет, құқықтық әдетке айналды да, ол қазақтарда әдет немесе зан деп аталды. Бұдан басқа жора, жарғы, жол терминдері де колданылады. Қазақ хандары кезінде әдеттегі құқықты кодификациялауға шаралар қоданған. Мысалы, XVI ғ. «Қасым ханның қасқа жолы» атты кодекс болған.

Өкінішке орай оның тексті бізге жеткен жок, бірақ ғалымдар оны бес бөлімнен тұрған деп айтады:

1. Меншік құқығын реттеу.
2. Қылмысты істер құқығының нормасы.
3. Әскери жұмысқа байланысты құқық нормасы .
4. Халықаралық құқық нормасы және елшілік этикасы.
5. Қауым ішіндегі және қауымаралық міндеттер қатынасының нормасы.

Қасым ханнан соң шамамен жұз жылдан кейін әдет – ғұрып құқықтары Есім ханның тұсында қайта жөндөлді. Қалмақтармен соғыстардың күшеюіне байланысты Есім хан әскери міндеткерлікті қүштейтіп, әскери тәртіпті бұзғаны үшін жазаларды қатаитты. Есім хан негізінен бұрынғы Қасым хан тұсындағы құқықтық ережелерді қайталады.

XVII ғ. басында “Есім ханның ескі жолы” атты жана кодекс дайындалған. XVII ғ. қазақ қоғамындағы өзгерістер мұнда әрине әңгіме болғаны сөзсіз.

Қазақ халқының бірлігін, тұгастығын бас саясат қылыш ұстаған Тәуке ханның казакка жасаған көп игілігінің бірі – ескіден келе жатқан әдет – ғұрып нормаларын қайтадан жүйелеп, ез заманы талабына сай «Жеті Жарғыны» қабылдауы. XVII ғ. аяғында Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» деп аталатын жана кодекс өмірге келген. «Жеті жарғынын» негізін Төле би мен Майқы бидің үлгілері, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» секілді ескі заңдар қалаған. Бірақ бұл заңның алдыңғылардан ерекшелігі – қatal кесім, қанды ауыз өлімге тыйым салғандығы. Бізге оның толық емес, кейбір фрагменттері ғана жеткен, XIX ғ. бірінші жартысында оны Г.Спасский мен А.Левшин жазып алған. Ол мынандай жеті бөлімнен тұрады :

1. Жер дауы (жайылым мен суатты құқықтық реттеу)
2. Жесір дауы (жесірлердің мүліктік және жеке басының құқықтық ережелерін реттеу)
3. Отбасылық – некелік құқық
4. Мемлекетті басқаруға және әскери іске байланысты құқық нормалары
5. Сот процесін реттейтін нормалар
6. Айып, яғни штраф төлеу, әйтпесе қылмсты істер құқығы
7. Құн, яғни штрафтың екенші түрі оның құқықтық нормалары [4].

«Жеті жарғы» – көшпелі қазақ халқының Ата заны. Ол «Қасым салған қасқа жол», «Есім салған ескі жол» сияқты дала заңдарының заман талабына сай өндөлі, дамытылып, толықтырылған билік, үкім нұсқауларының жинағы.

«Жеті жарғыны» жасаудағы мақсаттың бірі өкімет пен феодалдар қазақтың әдет – ғұрыптың құқығы жүйесінен халық бұқарасының мұдделерін қорғайтын нормаларды алып тастау, хан және атақты билердің беделдерін қорғайтын ашық феодалдық сипаттағы нормаларды бекіту.

Әдет – ғұрыптардың бұл жинағын жазуға бастамашы болған байлар – батырлар тобы болды. Олар ерекше экономикалық және саяси мақсаттарын заңдастыруды ойлады. Бай – батырлар тобы хандық билікті шектеуді заңдастырыды, сонымен катар олар жұзаралық және руаралық қатынастарға құқықтық реттеушілік рөль беруге тырысты. “Жеті жарғы” нормалары рубасы – билердің енбекшілердің үстінен жүргізетін бүкіл сот билігін бекітті деп бағаланады. «Жеті жарғыға» қатысты мұндай пікірді белгілі ғалым жазушы М.Мағаун де қолдайды. «Әз Тәуке ежелі тәстүрді бұзды. Билікті ыиге берді. Нәтижесінде ру көлемімен шығын ұлыс көлеміне жеткен, үлкен саяси күшке айналған билер уақыт оза келе өз ортасынан шыққан рудың, ұлыстың мұддесін көбірек құнттайтын болды, хан жарлығын жүре тыңдайтын болды», - деп көрсетті [5].

Әдет – ғұрып құқығының ережелері, соның ішінде «Жеті Жарғынын» қағидалары ды билер сотының практикасымен байытылып отырды. Қазақта қаншама ауыр дауларды оңай шешкен билер болды. Әсіреле мұндай шешімдер Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би тағы басқа билердің тәжірибесінен көбірек кездестіруге болады. Қазақтың басқа билері оларға еліктеді, олардың практикасын басшылыққа алып, ұқсас істерді шешіп отырды. Тіпті атақты билердің биліктері ұқсас істерді қарағанда міндетті басшылыққа алынатын кездер де болған. Билер соты практикасының мұндай сот прецеденті әдет – ғұрып құқығының бастауларының біріне айналды.

Қазақ билері құқықтық шығармашылықпен де терен айналысты. Олардың құқықтық шығармашылығының айқын көріністерінің бірі билер съездерінің ережелері болып табылады. «Жеті жарғынын» өзі де билер съездерінің және құқықтық шығармашылығының жемісі.

Билер съездері әдет – ғұрып құқығының негізгі қағидаларын заман талабына қарай өзгеріп, байытып отырды.

Әсіреке Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңіндегі билер съездерінің ережелері бізге көбірек жетті. Олардың біршамасы «қазақ әдет – ғұрып құқығының материалдары» атты жинақта берілген.

Билер съездерінің ережелері өмір талабына сай жылдам қайта қаралып отрыған. Құқықтық нормада айтылған ережелерге сай келмейтін кылымыс болғанда, оны билердің өзі шешетін. Билер сөзі – көптеген фольклорлық шығармаларда кездеседі.

Ережелердің шығу тигіне байланысты ғалымдар арасында олардың қазақ қоғамына ежелден – ак тән және көшпелілердің құқықтық жүйесінің реңи нысандарында айрықша орын алғатыны туралы көзқарас қалыптасқан. Мысалы, Т.М.Күлтелеев былай жазады: «Ереже – біз ойлағандай, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі құқықтық қайнар қөзі ғана емес, ол сонымен бірге біршама ерте кезеңдердегі құқықтың қайнар қөзі ғана емес, ол сонымен бірге біршама ерте кезеңдердегі құқықтың қайнар көздерінің бірі болды Ереженің құрастырылуы Тәуке хан тұрғысында да колданылған». Уақыттың өтуімен билер сottарының қызметтерінде мойындалған ережелер тұрақты күшке ие болатын зандарға да айналып отырған [6].

Қорыта келгенде, әдет-ғұрып нормалары адамгершілік, гумандық, ізгілікі де корғады. Қоғамның бірлігі мен топтасуын сақтау адаттың басты міндеттерінің бірі болды. Үлкенде, лауазым иесін, отбасы басшысын, ата-ананы сыйлау да әдет-ғұрып нормаларынан орын алды. Мұның өзі қоғамдағы тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтың жолын кесті. Сондыктан да, әдет-ғұрып нормаларының қазақ халқының құқық жүйесінің қалыптасуында маңзы өте жоғары болып табылады және ол қазіргі казақстандық құқықтың негізі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қосжанов А.С., Қабжанов А.Т., Мұқатаев М.М., Айдарова Л.Т., Есенов Д.К., Жұнісов Л.М. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық теориясы. Қарағанды 2008ж. 48-49 бб.
2. Зиманов С. Қазақтың ата зандары және оның бастаулары/ Қазақстан ата зандары.- Алматы: «Жеті жарғы», 2001.- 15 – 16 б.б.
3. Зиманов С.З., Өсеров А. Қазақ әдет – ғұрып зандарына шариаттың әсері.– Алматы,1997.- 64-65 бб.
4. Әлдібеков Ж.С. Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы : Дәрістер жинағы / Ж.С. Әлдібеков.- Алматы: Жеті жарғы, 2012.- 2006.
5. Әз Тәукеңін «Жеті жарғысы» – Ұлы дала зандарының алтын арқауы.-
6. <http://almaty.sud.kz/>
7. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. Алматы, 1995 . - 95 с.

Нурмаганбет Е.Т., Жолдогутов К.А.

Стадии формирования традиционно-правовой основы казахской государственности.

В данной статье рассмотрены понятие и правовые обычаи казахского государства и их адаптация в соответствии времени

Ключевые слова: правовые обычаи, судебный прецедент, нормы шаригата, семейное право.

E.T Nurmaganbet, K.A. Zholdugutov

Stages of formation of the traditional legal basis of the Kazakh statehood.

This article discusses the concept and legal customs of the Kazakh state and their adaptation in accordance of time

Key words: legal traditions, judicial precedent, regulations of sharigata, family law

ӘОЖ 340

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АТҚАРУШЫ БИЛІКТІҢ ЖҰЗЕГЕ
АСЫРЫЛУЫ МЕН ҚАЗІРГІ РЕФОРМАЛАР**

Нұрмайбет Е.Т., Суранышы Д.Д.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы атқарушы биліктің жұзеге асырылуы, оның қызметтінің ұйымдастырылуы мен қазіргі кезеңдегі осы саладағы реформалардың негізгі бағыттары туралы мәселелер қарастырылған.

Кілттік сөздер: атқарушы билік, билік тармақтары, үкімет, ерекшеліктері, парламент, реформа.

Атқару органдары мемлекеттік органның неғұрлым көпті әртүрлі тармақты жүйесі. Оған орталық жергілікті органдар, президент, Үкімет, премьер-министр, басқа да министрлер тағайындаған лауазымды адамдар жатады. Солардың ішінде ортақ құзырлау органдарында және арналық құзыры бар көптеген салалы органдар мамандандырылған мекемелер де бар. Көптеген конституцияға сәйкес атқару билігі Президент пен бірге Үкіметке де тән. Өйткені Үкімет билікті президент секілді алып жүреді. Көбінесе Үкімет ресми турде министрлер кеңесі немесе кабинеті деп аталады. Мысалы, Швецияда ол мемлекеттік кеңес, Швейцарияда федералдық кеңес, Ресейде ресми турде Үкімет, Қазақстанда министрлер кабинеті деп аталады. Оның тәрағасы көбінесе Премьер-министр. Италияда ресми турде министр кеңесінің тәрағасы, Германияда канцлер, Норвегияда мемлекеттік министр, кейбір мұсылман елдерінде уәзір деп аталады. Бұл лауазым жоқ президенттік республикада (АҚШ) министрлік кеңесі болмайды. Тәрағаның өкілеттілігін заң бойынша президент атқарады. Үкімет әртүрлі тәсілмен құрылады. Барлық елдерде жаңа Үкімет парламент пен президент сайлауынан соң тағайындалады. Президентті жаңа мерзімге қайта сайлаган кезде және парламент сайлауында сол партияның өзі жеңіп шықкан жағдайда бұрынғы Үкімет ішінәра сақталғанымен, заң жүзінде жаңа Үкімет болады: бұрынғысы өз өкілеттілігін тоқтатады. Қазақстанда да дәл осындай түрмен дамиды. Парламент сайлауының нәтижесіне қарай, оған өз міндеттін жаңа Үкімет құрылғанға дейін атқара беруге өкілеттілік береді [1].

Атқарушы билік - заң күшіндегі реттеу өкілеттілігін, сыртқы саяси өкілдіктің өкілеттілігін, әртүрлі бақылау түрлерін жүзеге асыру бойынша өкілеттіліктерді қоса алғандағы мемлекеттік істерді басқару бойынша өкілеттіліктердің жиынтығын білдіреді.

Атқарушы биліктің белгілері:

- 1) Жан – жақтылығы (адамдар ұжымының қызмет ететін жерлердің барлығында және үздіксіз болуы);
- 2) мәжбүрлеушілігі (кушке сүйенуі – ықпал ету шараларын жеке, дербес жүзеге асыру мүмкіндігі);
- 3) құралдылығы (құқықтық, акпараттық, техникалық, ұйымдық корларының (ресурсстарының) болуы);
- 4) ұйымдастырушылық сипатта болуы.

Атқарушы билік органдары – мемлекеттік аппараттың бөлігі болып табылатын, өз құрылымы, құзырылығы бар, заннамаға сәйкес құрылған, мемлекеттік тапсырмасы бойынша катысуға құқық берілген, шаруашылық, әлеуметтік – мәдени, әкімшілік – саяси сфераларға қунделікті жетекшілікті атқарушы және бұйырушы қызмет тәртібінде жүзеге асыруға арналған, сала аралық басқарумен шұғылданатын үйім [2].

Атқарушы билік органдарына тән белгілер:

- 1) атқарушы – бұйырушы қызметті жүзеге асыруы;

- 2) шаруашылық дербестілік берілген;
- 3) ереже бойынша, тұрақты штаттары бар;
- 4) жоғарғы органдармен құрылады;
- 5) атқарушы билік органдарына есеп береді және бақылауда болады.

ҚР атқарушы билік органдарының жүйесі мына схема бойынша құрылады: Үкімет - Үкіметтің құрамына кіретін Қазақстан Республикасының атқарушы билігінің орталық органдары: министрліктер, агенттіктер, комитеттер - Үкіметтің құрамына кірмейтін атқарушы биліктің орталық органдары-Атқарушы биліктің жергілікті органдары: облыстардың, қалалардың, аудандардың, ауылдық жерлердің әкімшіліктері.

Атқарушы билік органдары билікті жүзеге асыруға қатысуға бағытталған саяси мекеме ретінде түсінуге болады.

Кез келген мемлекеттік басқару органы атқарушы билік органы болып табылады, ал атқарушы билік органы үнемі мемлекеттік басқару органы болады.

Қазіргі кездегі атқарушы билік органының құқықтық мәртебесінің негізі толығымен жалпы көзқараспен мінезделуі мүмкін. Атқарушы билік органдары өздеріне жүктеген қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік биліктік әкілеттіктермен белінген. Атқарушы билік органдарының атқарушылық билікті жүзеге асыруға арналған мұндай әкілеттілігі басқа да мұндай әкілеттілік берілген органдардан ерекшеленеді.

Атқарушы билік органдарын мемлекет бюджеттен қаржыланырады. Атқарушы билік органдарының құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясымен, субъектілерінің жарғыларымен және мәртебесін бекітетін басқа да нормативтік құқықтық актілермен айқындалған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі — мемлекеттік биліктің ерекше тармағы ретінде министрліктерден, агенттіктерден, комитеттерден тұратын орталық атқарушы органдар, облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктерден тұратын жергілікті атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Оның құқықтық мәртебесінің негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген [3]. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, 1995 ж. 18 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық Заңымен белгіленген. Үкімет Қазақстан Республикасының Конституциясын, аталған конституциялық занның, Қазақстан Республикасының зандары мен өзге де нормативтік актілерінің негізінде және оларды орындау үшін іс-қимыл жасайды.

Атқарушы органдарының жоғарғы органы ретінде Үкіметке Қазақстан Республикасының Конституциясымен және «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық Заңда кең әкілеттіктер берілген.

Экономика саласында Үкімет мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, экономикалық бағдарламаларды, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады.

Әлеуметтік салада Үкімет мемлекеттік саясаттың, мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттарын әзірлейді; енбекке ақы төлеудің жүйесі мен шартын, азаматтардың әлеуметтік корғалуын, мемлекеттік тұрғыдан әлеуметтік қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қамсыздандырылуын белгілейді; аймақтарды әлеуметтік дамыту мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

Ғылым, техника, білім мен мәдениет саласында Үкімет ғылыми-техникалық даму жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады; Ғылым мен техниканы, мәдениет пен білімді дамыту, жаңа технологияны енгізу жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеп, жүзеге асырады [4].

Әкімшілік-саяси басқару саласында Үкімет консультативті-кенесші органдарды құрып, таратады, Үкіметтің құрамына кірмейтін министрліктердің, мемлекеттік

комитеттердің, орталық атқарушы органдардың қызметін басқарады, олардың Президент пен Үкіметтің актілерін орындаудың бақылайды; министрліктердің орынбасарларын қызметке тағайындау, қызметтен босатады; Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі қызметін басқарады, олардың заңдарды орындаудың бақылайды.

Заңдылық пен құқық тәртібін нығайту саласында Үкімет құқықтық реформаның жузеге асырылуын қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін, республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, мемлекеттік шекараның аумақтық тұтастығы мен қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар өзірлеп, жузеге асырады.

Сыртқы саясат саласында Үкімет келіссөз жүргізіп, Үкіметаралық келісімдерге кол қою туралы шешімдер қабылдайды; республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және аймақтық үйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты жузеге асыру жөнінде шаралар өзірлейді; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолданады; халықаралық қаржы үйымдармен өзара ынтымақты қарым-қатынас орнатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі, біріншіден, Парламент депутаттары мен Президент жузеге асыратын заң шығару процессине қатысады; екіншіден, өз құзыреті шенберінде норма шығарушылықты жузеге асырады; Үшіншіден, министрліктер мен ведомстволардың норма шығарушылық қызметін бақылайды; төртіншіден, атқарушы биліктің жергілікти органдарының норма шығарушылық қызметін бақылайды.

Үкіметтің заң шығару бастамасы құқығы болады. Ол өз құзыретіне кіретін барлық мәселелр бойынша заң жобаларын өзірлеп, оны Мәжілістің карауына енгізуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретінің мәселелері бойынша Республиканың бүкіл аумағында міндettі күші бар қаралады.

Республиканың Премьер-Министрі Республиканың бүкіл аумағында міндettі күші бар өкімдер шығарады [5].

Атқарушы билік органдың ұғымы белгілі бір шамада «ұйым» деген ұғымнан туындаиды, ол тар мағынада қандай да бір бірлескен қызметті жузеге асыру үшін құрылатын және осы мақсат үшін аз дәрежеде болса да ресімделген адамдар ұжымының жекелеген бөлігін білдіреді. Мысалы, өндірістік ұжым – тар мағынадағы ұйым, ал өндірістің саласы – кең мағынадағы ұйым. Сонымен ұйым дегеніміз – белгілі бір қызметті атқаратын адамдардың ұжымы. Бұл – ұйымды белгілі бір құрылым ретінде түсіну.

Ұйымдардың мемлекеттік және мемлекеттік емес сипаты бар түрлөрі ажыратылады. Біріншілерін мемлекет ресми түрде құрады. Екіншілері олардың мүшелерінің еркімен құрылады (мысалы, партия).

Мемлекеттік ұйымдардың тобына мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер және мемлекеттік органдар жатады [6].

2017 жылы 10 наурыздағы Қазақстанерістерге сәйкес, 57-баптың 6-тармағына: «Есепті тыңдау корытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хакылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметтен босатады», - деп өзгертілді;

61-баптың 2-тармағында қарастырылды: «заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді (1 ай ішінде деген уақыты мен Президенттің заң күші бар Жарлық шығару құқығы алынды)»;

Ү-бөлімнің 64-бабы 2-тармағында: «өзінің қызметінде Үкімет Республика Президенттің және Парламенттің алдында жауапты», - деп өзгерді;

66-баптың 2-тармағына Үкімет «Республика Президенттің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді», - деп қосылды;

66-баптың 8-тармағынан «Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметтке тағайындауды және қызметтен босатады», - деген Үкіметтің өкілеттілігі алынып тасталды;

66-баптың 9-1 тармағы: Үкіметіне «Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің енбегіне ақы төлеудің бірынғай жүйесін бекітеді», - деп өкілеттілік берілді;

67-баптың 4-тармағына «Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады», - деп қосылды;

70-баптың 1-тармағына «Үкімет жаңадан сайланған Республика Мажілісінің алдында өкілеттілігін төткөтады» [7]. - деп өзгерістер енгізілген.

Атқарушы биліктің мақсаты:

- 1) Азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) Азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің қалыпты өмір сүруіне ықпал ететін жағдайларды туғызу;
- 3) Азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін, қоғам еркіті, саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өмірлері үшін жағдай туғызу;

Осы тұрғыдан Е. Баяновтың пікірі бойынша: «Атқарушы билік органды – мемлекеттік биліктің атқарушы билік тармағын жүзеге асыратын негізгі субъект. Онсыз мемлекеттік – басқарушылық қызметті жүзеге асыру, әкімшілік-құқықтық қатынастардың пайда болуы мүмкін емес. Бұл сиякты құқықтық қатынастардың өзге қатысушыларының әкімшілік-құқықтық мәртебесі көбінесе атқарушы билік органдарының қызметінің аясында шындыққа айналады. Сондықтан олардың әкімшілік-құқықтық мәртебесін жан-жакты қарауды қажет етеді» [8].

Қазіргі жүзеге асырылып жатқан реформалар болашақта Үкімет пен Парламенттің қызметін әлдеқайда күштейтіді және екі бағытта жүзеге асырылатын реформалар, біріншіден, заңмен көзделген Президенттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттейтін құзыretі Үкімет пен атқарушы органдарға өтті. Яғни оған енді үкімет пен әкімдіктер жауапты болады.

Екіншіден, конституциялық деңгейде билік тармақтары арасында үйлесімді қарым-қатынас орнайды. Бұл өзгеріс өз рейтнде Үкіметті қалыптастырудың заң шығарушы органның рөлін күштейтіп, депутаттық корпус алдындағы министрлер кабинеттің жауаптылығын арттырады. Бұдан былай Үкімет бұрынғыдай Президенттің алдында емес, жаңадан сайланған Мажіліс алдында өз өкілеттілігін тапсырады. Сонымен қатар, Парламент палаталары тарапынан Үкімет мүшелеріне сенімсіздік таныту тәртібін жөнілдету жоспарланған.

Барлық жүзеге асырылатын реформалар мен өзгерістер болашақта Қазақстан Республикасының маңызды билік саласының бірі – атқарушы биліктің қызметін жандандырып, мемлекеттік гүлденеуі мен халықтың әл-ауқатының жақсаруына, құқықтық камиамасыз етілуіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының корғалуына қызмет етеді деген сенімдеміз.

ӘДЕБІЕТТЕР:

1. Сапарғалиев F.C. Конституциялық құқық. - Алматы, 2014.-480 б.
2. Тиистанова С.С. Құқық негіздері. Оку құралы. –Талдықорған, 2012. -240 б.
3. Жарболова А. Қазақстан Республикасының кончтитуциялық құқығы. Оку құралы. – Алматы, 2012. -458 б.
4. Қазақстан Республикасының «Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Конституциялық заңы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
5. Байжұманова А.М. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы.- Талдықорған, 2017.- Электронды оку құралы

6. Амандықова С.К. Мемлекет және құқық негіздері. Оку құралы. –Алматы: Жеті Жарғы, 2009. -356 б.

7. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

8. Баянов Е. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері, 1-ші кітап. – Алматы, 2014. – 380-381 бб.

Нурмаганбет Е.Т., Сураныш Д.Д.

Реализация и реформирование исполнительной власти в Республике Казахстан.

В данной статье рассмотрены проблемы реализации и организации исполнительной власти в Республике Казахстан, а также основные направления реформирования на современном этапе развития.

Ключевые слова: исполнительная власть, ветви власти, правительство, особенности, парламент, реформа.

E.T. Nurmaganbet, D.D. Suranchchi

Realization and reforming of the executive power in the Republic of Kazakhstan.

This article considered the problems of realization and organization of executive power in the Republic of Kazakhstan and main direction of modernization on modern stage of development.

Key words: executive power, branches of power, government, peculiarities, parliament, reform.

ӘОЖ 349.6

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТА ЖЕР КАДАСТРЫ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Озенбаева А.Т., Қайыркенов Ж.Қ.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісү мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
oaikoshat@mail.ru*

Бұл мақалада экологиялық құқықта жер кадастры құқық нормаларының алатын орны мен атқаратын қызметі қарастырған. Осы саладағы ұлттық заңнамаларға және оны тәжірибеде анализ жасау және Қазақстан Республикасының жер кадастрын реттейтін экологиялық және жер заңнамаларды жетілдіру мақсатында ұсыныстар жасалған.

Кілттік сөздер: экологиялық құқық, қоршаған табиги орта, жер кадастры, табиги ресурстар, құқық жүйесі.

Жер кадастры туралы нормалар орнын анықтау қазіргі құқық жүйесінде маңызды мәні бар, себебі бұл кадастрық қатынасты реттеудегі олардың ролін айқындау үшін, шаруашылықты ұйымдастыру мен жүргізу үшін, табиги ресурстарды пайдалану мен қорғау үшін керек. бірақ бұл орынды анықтаудан бұрын құқық жүйесі дегениң не екенін айқындан алайық.

Н.Б. Мұхитдинов өзінің «Тау құқығының негіздері» деген іргелі еңбегінде осы мәселені қозғай отырып, В.К. Григорьева, В.П. Свирдский, Н.Ф. Овчинникова сияқты ғалымдардың еңбектерін талдады, философия мәселелерін қарастырды [1, 11-12].

Жүйе дегеніміз - өзара бір-бірімен байланысты элементтердің мазмұны жақынан біріктірілген, тұтастық, ол басқа жүйелерге қатысты тұтас бір нәрсе бола алатын

тұтастық. Кейде жүйе деп элементтердің жиынтығын да атайды. Ол да белгілі бір қасиеттері мен байланыстарына қарай салыстырмалы түрде тұтастық сияқтанады да, қоршаған ортада тіршілік ете алады [1, 11-12].

Ал жүйеде бірнеше (өлде көптеген) элементтер болады. Екі түрлі бөлшектен түрмаса, ол жүйе болмайды. Оның элементтері іштей тұтаспаған кездейсоқ жиынтық емес. Олар белгілі бір түрде өзара әсерлеседі. Тек барлық әрекеттеуі жүйені тудыра бермейді. Ол үшін екі түрлі сәйкестік қажет: бір жақты әсерлесетін элементтер сәйкестігі, олар міндетті түрде қатысу керек, жеке элементтің қалғандарымен сәйкестігі [1, 11-12].

Жүйе сипаттамасында ең бастысы – ондағы элементтер саны емес, жүйенің ұйымдағандық деңгейінің қалыштасуы. Көптеген элементтері бар бір объект жүйе болмауы мүмкін, ал басқа бір екі-үш элементтен ғана тұратын объект сапалы жүйе бола алады. Бұл элементтер байланысының сипатына тәуелді, бір элементтің өзгерісі басқасының да өзгеруіне әкелетін тығыз байланыс болады. Дәл осындай әр түрлі бөлшектің тығыз әрекеттесуі сыртқы ортаға қатысты алғанда тұтас бір нәрсе ретінде көрінеді. Осыдан келіп жүйе үшін ең негізгісі – оның белгілі бір тәртіппен орналасуы, яғни сапалық жақы. Сондықтан да элементтер бүтінге сай келе ме, ол бүтіннің басқа бөлшектермен тұтаса ала ма, - соны анықтамай, жүйені құру мүмкін емес. Элементтердің өзара әсері мен өзара байланысын танудың әр алуан тәсілдері бар. Сондай тәсілдің бірі – зерттеуші объектінің құрамын ашу, яғни оның ішкі құрылымын анықтау – элементтердің өзара байланысының сипаты мен тәсілін анықтау [1, 12].

Біздің зерттеуіміз бойынша, құқық жүйесін танып-білу үшін бізге оның құрылымын анықтау қажет – оның салаларға бөлінуін, ал салалардың институттарға бөлінуін білу керек.

Жүйе ұғымын дұрыс қолдану, құқық мәселесін тануқа жүйелі көзқарас өте қажет, ейткені бұл құқықтың ішкі бірлігін ашуқа, оның бөлшектерінің үйлесімді өзара әсерін, органикалық өзара байланысын ашуқа мүмкіндік береді.

Сонымен, қазіргі экологиялық құқық жүйесі – іштей өзара байланысты элементтердің объективті тұтастықы: жалпы қабылданған принциптер, экологиялық құқық нормалары, экологиялық мекемелер шешімдері, экология саласындағы басқару органдарының шешімдері, құқық институттарының шешімдері т.б.

Экологиялық құқықты қарастырып көрейік, оның бастапқы негізін құқықтың норма құрайды – бұл жалпы ереже, мұны кімдер, ғанша уақытқа құрады, - ешкім білмейді. Реттеліп отыратын қоғамдық қатынастарға қарай экологиялық-құқықтың нормалар институтка, ал олар өз кезегінде құқық саласына бірігеді [2, 362].

И.Ф. Казьминский, В.М. Сырыхтың пікірлерін қарағанда, құқық институты - өзара байланысты нормалар жүйесі, ол қоғамдық қатынастардың относительді өзіндік жиынтығын реттеп отырады [3, 180].

Құқықтың институттың табиғаты мен ерекшеліктерін «бұл – нормалардың жалпы жиынтығы, ол өз кезегінде келесі сатылық-құқық саласының – элементі» деп түсінгенде ғана дұрыс болады. Осы түрғыдан келгенде, құқықтың институт құқық саласының негізі, «бастапқы, өзіндік құрылымдық құқық саласы, саланың қалыштасуындағы бастапқы және некүрлым маңызды баспалдағы, мұнда құқықтың нормалар зандық мазмұнына қарай топтасады...» [3, 109].

С.С. Алексеев «Құқықтың институттар қоғамдық қатынастардың белгілі бір бөлшегін регламенттеуге бағытталған», - деп жазды [4, 119]. А.Ф. Черданцев еңбегіне сілтеме жасап, ол «Қоғамдық қатынастардың бір элементі тұтас бір құқық нормаларының жиынтығымен реттелген, ол тіпті жеке құқық институты құруы мүмкін», - деп, үзінді келтіреді [4, 119]. С.Б. Байсалов советтік құқық жүйесіндегі су құқығының орнын анықтай келіп, Д.А. Керимов пікірін талдайды. Ол құқықтың институт дегенді «Құқықтың нормалар жиынтығы, ол қажетті қатынасты егжей-тегжейлі реттейді» деген болатын. Сейтіп оның «құқықтың институт - өзіндік ерекшелігі бар құқық саласы болумен қатар, құқықтың жалпы белгілері де бар саласы» деген тұжырымымен келіседі [5, 142].

Құқықтық институттың басты қызметі - әлдебір түр не тек бойынша қоғамдық қатынастардың өз участогы аясында относительді тұтас реттілікті қамтамасыз ету. Бұл – құқықтық институттың нормалардың толық жиынтығына ие болуы керек деген сөз, бұл – соның көмегімен сол участоктақы реттіліктің бар кезеңін қамту дегенді білдіреді [4, 120].

Біздің зерттеуімізге қатысты айтсақ, бүгінгі күні табиғи ресурстар кадастрының нормалары экологиялық заңымызда құқықтық институт ретінде тиісті орнын таптай отырғанын өкінішпен айттар едік. Экологиялық кодексте табиғи ресурстардың саны мен сапасын анықтау мақсатында оның қазіргі ахуалы, пайдаланылуы мен қорқалуы туралы мағлұматтардың жиынтығы болып табылатын табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастры жүргізіліп жатғаны туралы айтылады [6]. Ал 3 бөлімнің 8-бабында сирек және жойылу қаупі төніп түрған жануарлар мен өсімдік әлемнің мемлекеттік кадастры жүргізіліп, Қызыл кітапқа енгізу құқығы коршаған ортаны қорғау, саласының орталық атқару органдың құзіретіне кіретіні туралы айтылған [6]. Коршаған ортанды қорғаудың қазіргі және келешек үрпақ мүддесі үшін экологиялық қызметтің табиғи экологиялық жүйеге зиянды әсерінің алдын алып, биологиялық әр алуандықты сақтап, табиғатты үнемді пайдалануды қамтамасыз етіп отыратын табиғи ресурстар кадастры туралы Занда осыншама сарал ескертпелер ғана айтылуы әділдік емес. Табиғи ресурстардың мақсаты мен принциптері, түрлері, ахуалының толық құқықтық реттелуі үшін біз арнайы Зан қабылдануын ұсынамыз. Сонда ғана табиғи ресурстар кадастры құқықтық және ғылыми мәртебеге ие болды, бұл мәселенің маңыздылықына сәйкес келеді. Әрине, жер, орман, су кадастрларының туралы Қаулы, Ереженің болуы кадастрын жүргізіліп отырғанын көрсетеді, бірақ Зан қабылдануы мұны айнымайтын жүйеге айналдырып, оның I бөлімінде жалпы ережелер: міндепті, принциптері, объектілірі, субъектілірі, кадастр түрлері т.б. атап айтылған болар еді. Екінші жақынан, көптеген зангерлер үшін біртұтас табиғи кадастр жүргізу, даулы мәселе болып отыр. Мысалы, Д.Л.Байгельдинов «табиғи объектілердің физикалық қасиетін, шаруашылық қызметтін, міндептін ескермей есеп жүргізу дәл қазКР мүмкін емес, әрі керегі де жоқ», - деп ойлайды [7, 98].

С.Б. Байсаловтың ойынша, КазССР су құқықтары проблемасына арналған өз еңбегінде советтік құқықтар жүйесіндегі су құқықтарының орнын анықтай келіп, «құқықтық өзіндік саласын құру үшін, оның объективті және субъективті шарттары болуға тиіс: қоғамдық қатынастардың өзіндік кешені (объективті фактор) және мемлекеттің объективті шартты мүдделігі (субъективті фактор) [5, 134]. Ол проф. Дембоның еңбегіне сүйенеді». Құқық саласының алғы шарттары : а) қоғамдық қатынастың сай болуы; б) осы қоғамдық қатынас кешенінде белгілі бір бірліктің болуы; в) осы қоғамдық қатынастар кешеніндегі өкімет басында түрған таптың мүдделі болуы [5, 134]. «Мемлекет пен құқық теориясында» «құқық арқылы реттелетін қоғамдық қатынастар ғана құқықтың барлық нормаларын жеке салалар бойынша беліп отырудың негізі бола алады, сонда ғана қоғамдық қатынастың ғылыми негізделген құқық жүйесін құруқа болады», - деп жазылған [5, 134].

С.С. Алексеевтің пікірінше, құқықтық институттың құрылымына тән [4, 124]:

1. «Тең дәрежелі» нормативті ереженің болуы: Ассоциациялық нормалардан өзгеше (нақтылы ережелері бар басты бір норма) бұл институтқа бірнеше біржакты нормативті ережелер кіреді;
2. Ереженің заңдық әр алуандығы. Бұлар қоғамдық қатынастың сол аумақтақы жан-жақты әсерін қамтамасыз етеді;
3. Жалпы ережелерден көрінетін тұракты байланыстардың барлық нормаларын біріктіру.

Соңғы көрсетілген белгі шешуші болып табылады.

Құқықтық институт құрылымы белгілі бір нормативті материалдың дифференциалдығымен ғана сипатталмайды, интеграцалдығымен де, элементтер

байланысының өз заңымен, элементтердің айнымас композициясымен де ерекшеленеді [4, 124].

Табиғи ресурстар кадастрының барлық тиісті элементтері құқықтық институт құрылымында бар бірінші пункт бойынша, «тәң құқықты» нормативті ережелердің комплексі КР Үкіметінің мемлекеттік су кадастрын, мемлекеттік жер кадастрын, мемлекеттік орман кадастрын, мелекеттік пайдалы қазбалар кадастрын, мемлекеттік жануарлар мен өсімдіктер әлеме кадастрын жүргізу Ережесін бекіту туралы Қаулысын білдіреді. Олар тәң құқықты, КР табиғи ресурстарының табиғи және шаруашылық жағдайы туралы мағлұматтарды білдіреді. Сөйтіп, табиғи ресурстар кадастры институтына бірнеше біржакты нормативті ережелер енеді.

Сол сияқты заңдық ережелердің заңдық әр алуандығы да бақыланады. Мысалы, мемлекеттік жер кадастрындағы міндетті нормалар – есеп жүргізу, кадастрын күжаттамасын сактау, деректерді уақтылы жаңалау т.б. және басқару нормалары – мемлекеттік жер кадастрын жер ресурстары басқарудың аумактық органдары жүргізуді, ол тыйым салу, жалпы және қорғау ережелерінің бір комплекске жататын себебі – бұлар кадастрын жаңалаудың әр түрлі өсер етуді қамтамасыз етеді.

Нормативтік ережелердің заңдық бірлігі табиғи ресурстар Ережесіндегі жалпы нормалардың болуынан көрінеді. Мысалы, мемлекеттік жер кадастры Ережесінің 2-бөліміндегі (28 – кадастрын жүргізу тәртібі, жалпы нормаларды басшылыққа алады (ол жер кадастрын күжаттарын жүргізу ережесін реттейді), және бұл нормалар осы бөлімнің ережелеріне ғана таралады.

Дегенмен табиғи ресурстар кадастры туралы нормалар экологиялық құқық институты емес. Нормалардың бұл жиынтығы заң бойынша тіркелсе де, ол экология саласын жалпы басқару мақсатының орындалуына бақынышты.

М.Е. Есжанов өзінің диссертациялық еңбегінде экологиялық құқық аппараты ұғымының даулы мәселелерін талдайды. Экологиялық экспертиза, экологиялық бақылау, табиғи ресурстар кадастры, қоршаған ортаның саласын нормалау туралы құқықтық нормалар құқықтық институттарға біріктірілген, олар қоршаған ортаны қорғау механизмінің экологиялық-құқықтық құрамына енеді. Осы механизмге жеке экологиялық құқық институты мәртебесі де беріледі. Бұл трактовка бойынша «институт ішіндегі институт» пайда болады [8, 36]. Осы анализ негізінде мынадай қорытынды шығаруқа болады: «Экология саласындағы мемлекеттік басқару» институты – экологиялық құқық институтының кешенді, курделі институты, оның құрамына ерекше құқықтық нормалар топтары кіреді, олардың жеке заңдық тіркелуі, жеке мақсаттары мен міндеттері болады, бірақ өзара логикалық байланыста болады және экологиялық басқарудың жалпы орындалуына бақынышты және экологиялық құқықтың жалпы бөлімнің сыйбасын келтіреді, онда экологиялық құқық, табиғат объектілеріне жеке меншік құқығы, табиғатты пайдалану құқығы, экологиялық заң бұзушылық және экологияны басқарудың мемлекеттік басқару кешенді құқықтық институттар ретінде келтірілген.

Кешенді құқықтық институттар құрамына, сыйба бойынша мынадай институттар: экологиялық мониторинг, табиғи ресурстар кадастры, экология саласындағы басқарудың мемлекеттік органдар жүйесі, қоршаған орта саласын нормалау, экологиялық экспертиза, экологиялық бақылау, экологияны басқарудағы мемлекеттік емес кәсіпорындар мен үйимдар, қоғамдық экологиялық үйимдар кіреді [8, 43].

Біз қазақстандық зерттеушінің пікірімен толық келісеміз.

Жеке салынған құқықтық норма қажетті деңгейде қоғамдық қатынастарды толық, жан-жақты жүргізе алмайды (басқа құқықтық нормаларды ескермей). Өзара белгілі бір жүйелі бүтінге тұтасқан бұл нормалардың қосындысы құқықтық институтты құрайды.

Сонымен, табиғи ресурстар кадастры туралы нормалар экологиялық құқық институты дегенді білдіреді, ол кадастрын жан-жақты жүргізе алмайды (басқа құқықтық нормаларды ескермей). Өзара белгілі бір жүйелі бүтінге тұтасқан бұл нормалардың қосындысы құқықтық институтты құрайды.

Бұл факт ҚР табиғи ресурстар кадастры туралы Заның жобасын жасаудың қажеттілігін көрсетеді, бұл мемлекеттік басқару жүйесіне көп көмегін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұхитдинов Н.Б. Основы горного права.- Алма-Ата, 1983ж. – 248 б.
2. Гучков В.В. Экологическое право. - М., 2000. – С. 78.
3. Теория права /Под ред. А.С. Пегокина. – М., 1996. – С. 180.
4. Алексеев С.С. Структура советского права. –М.: Юрид. лит., 1975. – С. 119.
5. Байсалов С.Б. Водное право КазССР. – Алма – Ата: Наука, 1966. – с.264.
6. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 2007 жылғы 9 қантардағы N 212 // Параграф акпараттық құқықтық жүйесі.-2017.
7. Байделдинов Д.Л. Правовой механизм государственного управления в экологии. – Алматы: Қазақ Университеті, 1998.-С. 65-66.
8. Есжанов М.Е. Проблемы правового регулирования экологического мониторинга в РК. – Алматы, 1999. -128 с.

Озенбаева А.Т., Кайыркенов Ж.К.

Место и роль правовых норм о земельном кадастре в экологическом праве

В данной статье рассматриваются место и роль правовых норм о земельном кадастре в экологическом праве Республики Казахстан. В статье рассматривается внесение изменений и дополнений в отраслевое законодательство, касающееся земельного кадастра.

Ключевые слова: экологическое право, окружающая среда, земельный кадастр, природные ресурсы, правовая система.

A.T. Ozenbaeva, Zh.K. Kaiyrkenov

The place and role of legal norms on land cadastre in environmental law

This article examines the place and role of legal norms on land cadastre in the environmental law of the Republic of Kazakhstan. The article considers amendments and additions to the sectoral legislation concerning the land cadastre.

Key words: environmental law, environment, land cadastre, natural resources, legal system.

ӘОЖ 349.6

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛЕКТЕРИ

Озенбаева А.Т., Тойболдинов Р.А.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
oaiikoshat@mail.ru*

Бұл мақалада атмосфералық ауаны экологиялық-құқықтық қорғаудың ерекшеліктері қарастырылған. Атмосфера ластануының алдын алу және оның себептерін жою, сондай-ақ атмосфералық ауаның жайын жақсарту жөніндегі шаралар экономикалық және алеуметтік, құқықтық дамудың мемлекеттік тетігі анықталған.

Кілттік сөздер. атмосфералық ауа, экология, қоршаған табиғи орта, экологиялық құқық.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 1-бабында белгіленген: «коршаған орта – атмосфералық ауаны, жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ осылардың өзара әрекетінен туындаитын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы» деген түсіндірмeden туатындағы атмосфералық ауа құқықтық корғаудың объектісі болып табылады [1].

Экологиялық Кодекстің 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағының шегінде табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған органды корғау, қалпына келтіру және сактау, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтыру саласындағы қатынастарды реттейді [1].

Өзінің физикалық сипаттарына байланысты атмосфералық ауа жекелене алмайды, оған меншік иесіне тән дәстүрлі құқықтар танылмайды. Демек, сәйкесінше ол жекеменшік құқықтың объектісі бола алмайды. Алайда, ол өз қасиеттерінің арқасында басқа табиғи объектілерге қарағанда адамдардың өмірлік мүдделерімен тікелей байланысты. Онсыз Жерде адамдар да, жануарлар мен өсімдіктер де тіршілік ете алмас еді.

Былайша айтқанда, Атмосфералық ауа жердегі тіршіліктің негізі деуге болады. Адам ауасыз небәрі бірнеше минут қана өмір сүре алады. Атмосфералық ауаны корғауды құқықтық реттеу – барлық елдер, әсіресе өндірісі дамыған мемлекеттер үшін түткіл мәселелердің бірі.

Қоршаған орта мен адам арасындағы қатынасты зерттейтін экология ғылымы - бүгінде көп салалы, әрі жан-жақты зерттеуді қажет ететін жалпы ғылымның іргелі салаларының бірі болып отыр. Ал экологиялық ахуалды құқықтық тұрғыдан зерттеу, оның негіздерін қалыптастыру және жетілдіру бүгінгі заман талабы, әрі көп аспектілі күрделі мәселе.

Солардың бірі - радиоэкологиялық ахуал, яғни қоршаған органдың радиациялық жай күйін құқықтық тұрғыдан зерттеу. Радиациялық қауіпсіздік мәселесі тікелей қоршаған орта мен адам денсаулығына зиян әсер ететін қоршаған органды радиациялық ластанудан құқықтық корғаудың түсінігі мен тұспа-тұс келеді. Себебі, радиациялық қауіпсіздік категориясы радиациялық ластанудың салдарынан туындаған мемлекеттік құқықтық қамтамасыз ету шарасы болып табылады.

Ал қоршаған органды радиациялық ластанудан құқықтық корғау бұл ғылыми еңбектерде зерттелген, немесе жалпы негізге қарастырылып өткен. Дегенмен де, радиоэкологио жалпы экологияның бір саласы болғандықтан бұлардың құқықтық тұрғыдағы ториялық критерилері ұқсас әрі сабактас болып келеді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде 1-бабында қоршаған орта атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ осылардың өзара әрекетінен туындаитын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы деп көрсетеді [1].

Жалпы көптеген ғалымдар өздерінің еңбектерінеде қоршаған ортаға әр түрлі анықтамалар бергенімен, олардың төпкілікті мазмұны, ұғымының бірі болып келеді. Сондықтан да занда берілген анықтама толыққанды деп есептейміз.

Бірақ, бұл жерде айта кететін мәселе жоғарыдағы корсетілген атауды, яғни «Қоршаған органды» әр жерде, әр түрлі келтіреді. Мәселен, бір еңбектерде ол «Қоршаған табиғи орта», деп келтірсе, бір еңбектерде «Табиғи» деп те келтірген.

Бұл мәселеге байланысты біркатор ғалымдар өз еңбектерінде ортак тұжырымдар жасаған [2] және соған байланысты бұл атаулардың мазмұны бір болып айтылады немесе қабылданады.

С.А. Боголюбовтың пікірінше «Қоршаған табиғи ортада» түсінігі табиғат және адамды қоршаған органдан тұрады. Табиғи адамдар санасынан тыс табиғи экологиялық

жүиеден тұратын және иматериалдық дүниенің эволюциялық дамуының нәтижесінде пайда болған табиғи орта, объективтік шындық. Табиғи орта адамның өндірістік қызметінің әсерінен өзгермеген табиғи жаратылыш [3,98].

Ал «Адамды қоршаған орта» деп табиғи ортаның бір бөлігі болып табылатын адамның антропогендік әсерінің негізінде қайта құрылған органикалық бірлікке тұратын табиғи, модификациялық, трансформациялық экологиялық жүйе танылады [3,98].

«Қоршаған табиғи орта», «коршаған орта», «сырытқы орта» терминдері қоршаған ортаны корғау туралы келсім құжаттарында синоним сөздері ретінде қолданады [4].

Әртүрлі мемлекеттерлің тиісті салаладағы зандарының атауларының өзі әр түрлі болып келеді. Олар: «коршаған орта», «коршаған табиғи орта», және «ортасы»

Ю.С. Шемшученко «коршаған орта» терминіне сын айта келіп, бұл анықтамада бірнеше жүйелердің астасып жатқандығын – яғни табиғи орта, жасанды орта, әлеуметтік орта екендігін айтады [5].

Д.Л. Байдельдинов, Ю.С. Шемшученконың пікірімен белісе келе, жасанды, әлеуметтік немесе өндірістік ортада пайда болатын қатынастар құқықтың басқа салаларымен (еңбек, денсаулықты сақтау. Т.б) реттелуі керек дейді [6, 40].

Сонымен біршама авторлардың пікірінше «коршаған орта» терминінде міндетті түрде «табиғи» деген сөз болуы тиіс.

Біздің ойымызша, жоғарыда келтірілгендей жасанды, әлеуметтік немесе өндірістік орталардың өзі табиғи ортада пайда болады, әрі онымен тығыз байланыста болады. Ондағы қоғамдық қатынастар пәнін жеке бөліп, құқықтық режимін қалыптастыру мүмкін емес. Сонымен қатар «коршаған орта» ұғымы, «коршаған табиғи орта» ұғымынан әлдекайда кен. Бұған қосымша бүтіндегі барлық табиғатты корғауға байланысты ұлттық және халықаралық заң актілерінде, тиісті жасанды, әлеуметтік немесе өндірістік ортада пайда болатын қатынастарды реттейтін нормалар бар. Барлық жасанды орта табиғи ортада болғандыктан, олар қоршаған ортаның кен түсінігіне енеді.

Қоршаған ортаны корғау туралы занда, қоршаған ортаның түсінігінде және қоршаған ортаны корғау объектилерінің түсінігінде әлеуметтік, өндірістік ортаны ендірмегенімен, зандағы келесі баптарында сол өндірістік, әлеуметтік ортадағы қатынастарға құқықтық тұрғыдан шектеулер, талаптар, нұсқаулар және қоршаған орта ұғымының қоршаған табиғи орта ұғымынан кен екендігін қайталап көрсетеді.

Сондықтан да «коршаған орта» атауы, яғни негізгі заның «коршаған ортаны корғау туралы» деп аталуы дұрыс деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының экологиялық заннамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Қоршаған табиғи орта – адамның өміріне, тіршілік ету жағдайына және денсаулығына әсер ететін табиғи компоненттердің жиынтығы. Қоршаған табиғи ортаның компоненттеріне атмосфералық ауа, сулар, топырақ, жер асты байлықтары, хайуанненнар және өсімдіктер әлемі жатады.

Қоршаған ортаны ластау – адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде - қатты, сұйық және газ тәріздес қалдықтарды табиғи ортаға: атмосфераға, гидросфераға, топыраққа шығару; қоршаған ортада қажет емес физикалық факторлардың: шудың, жылудың, сәуле шығаратын радиацияның, ультрадыбысты толқындардың, вибрациялардың және т.б. пайда болуы нәтижесінде қоршаған ортаның физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруі. Қоршаған ортаның ластануы санитарлық-гиgienалық нормативтердің асып тусу деңгейімен сипатталады. Елдегі экологиялық жағдаяттың нашарлауы да аландашылық тұғызады.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны корғау туралы занында көрсетілгендей, қоршаған орта – табиғи объектилердің оның ішінде өзара қарым-қатынастағы атмосфералық ауаны, суды, топыракты, жер қойнауын, жануарлар мен

өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда, табиғи ресурстардың жанды әрі жансыз жиынтығы [7].

Сонымен нақты бір тоқтамға келген нақты теориялық тұжырымның және айтарлықтай айырмашылықтың болмауына байланысты «қоршаған орта», «қоршаған табиғи орта», «айналадағы табиғи орта» және «табиғат» деген сөздердің негізгі мәндік ұғымын бір қабылдағанымыз дұрыс.

Осындаған анықтамалардың мәндерінің дұрыс қолданылуы, оның мазмұндық шенберінің айқындалуы-соған байланысты қатынастарды реттейтін зандардың тиімділігін арттырады. Сондықтан да соңғы кездерде Қазастанда, басқа да мемлекеттерде заң шығару жұмысы барысында көптеген атаулардың анықтамалары сол занды нақты айқындалып кетеді. Бұл соңғы кездегі заң шығару жұмысындағы жетістіктердің бірі.

Сонымен «қоршаған ортаның» мәнін ашып алып, енді «қоршаған ортаны қорғау» деген ұғымды қарастырайық.

44 - баптың 10-1 тармақ енгізіп, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын корғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығынқамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актін Республика Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық кенеске өтініш жолдайды»-деп қосылған.

45-баптың 2-тармағы (53-бабының 4-тармағында көзделген ретте Республика Президенті заңдар шығырады, ал 61-баптың 2-тармағында көзделген ретте Республиканың заң құші бар жарлықтарын шығарарады) алынып тасталды.

ІҮ-бөлімнің 49-бабының 1-тармағындағы Парламенттің өкілеттілігі заң шығару қызметін емес, «заң шығару билігін жүзеге асыратын» өкілді орган болып өзгеріс енгізілді;

53-баптың 3-тармағы (парламенттің Президентке бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттілігін беру құқығы) алынып тасталды;

55-баптың 1 – тармағына 1-1 Парламенттің құқығына «Қазақстан Республикасының Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметкесайлау және оны қызметтен босату» туралы енді;

67-баптың 4-тармағына «Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады», -деп қосылды;

70-баптың 1-тармағына «Үкімет жанадан сайланған Республика Мәжілісінің алдында өкілеттілігін төқтатады»;

72-бапқа: Конституциялық Кенес 78-баппен қоса, 44-баптың 10-1 тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін қарайды;

ІХ-бөлімде, 91-баптың 2 – тармағына мемлекеттің біртұтастығына қатысты мынадай толықтырулар енгізілген: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді»; сондай-ақ 3-тармағын қосып, «Республика конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық кенестің қорытындысы болған жағдайда, респубикалық референдум немесе Республика Парламентінің қаруына шығарылады», - деп тұжырымдалған [8].

Конституцияда халықтың мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыруының еki нысаны анықталды - тікелей және өз өкілдері арқылы. Бұл ереже 1993 жылғы Конституцияға «Мемлекеттік егемендік туралы» Декларация мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңнан берілді. Ол актілерде халық мемлекеттік өкімет билігін тікелей де, «өкілетті органдар арқылы» және «өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы» да жүзеге асыратындығы бекітілді. Конституцияда «өз өкілдері арқылы» мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру нысаны туралы айтылғанда «өз өкілдері» деп өкілді органдардың депутаттары мен өкілді органдардың өздері ұғынылды. Осылайша, мемлекетте биліктің тек халықтың өзімен және оның сайланбалы органдарымен, ең алдымен Жоғарғы Кенеспен жүзеге асырылатындығы жарияланды. Мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырудан мемлекеттің басқа өзге органдары шеттетілгендей болды. Ал, мұны өз кезегінде не жаңылуыштың, не қателік деп есептейміз, - деді Кенжалиев З.Ж. [9].

Конституция, мемлекеттік құрылыштың, адамның құқықтық мәртебесінің, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметі және ұйымдастырылуының негізін баянды ете отырып, конфессиялар, халықтар, Этникалық

топтар, азаматтық ұжымдар, азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынастарды құқықтық реттеу мәселерін көздейді. Бұл мәселелердің конституциялық кеңістікте шешімін табу, олардың арасындағы құқықтық тепе-тендікті құрудың және одан әрі дамытудың, Конституцияда баянды етілген демократизм, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру принциптерін бекітудің негізі болып табылады.

Конституциялық реформалардың басты мақсаты – демократиялық жолмен елдің дамуын жеделдету. Екіншіден, ел басқарудағы саяси жүйені нығайту, оны жетілдіру. Өйткені қоғам өзгерді, ал билік соған сәйкес болуы қажет. Үшіншіден, әлемнің ешбір мемлекетінде елді басқару, қалыптастыру, қандай саяси жүйені пайдалану керектігіне байланысты зандылық жок. Оны әр мемлекет өзінің тәжірибесіне қарай қалыптастырады.

Жалпы Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалар мемлекеттік билікті жүзеге асырудың үлкен бетбұрыс деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан Республикасының Конституациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік - құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесі.

2. «Қазақстан Республикасының Конституациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік - құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесі.

3. «Қазақстан Республикасының Конституациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Занды іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік - құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесі.

4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қантардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы.- www.akorda.kz/...president/memleket-basshysy-nnazarbaevt.

5. Искакова А.С КР Конституациясы болашактың кепілі.- Қазақстан Республикасы Конституациясының 20 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасы Конституациясының қалыптасу кезеңдері мен құқықтық мәртебесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.- Орал, 2015.- 37-43 бб.

6. Ким В.А., Ким Г.В. Конституционный строй Республики Казахстан (общие положения). – Алматы, 1998. – С. 26-29, 42-44, 46-47.

7. Ағыбаев А.Н. Адам және азамат құқығының конституциялық мәртебесі Занға түсініктеме // Заң, 2013.-№1.-23-25 бб.

8. Қазақстан Республикасының Конституациясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесі.

9. Кенжалиев, З.Ж. Қазақстан Республикасында конституциялық заннаманың дамуы: оку куралы / Кенжалиев З. Ж., Ким В. А. - Алматы : Қазақ университеті, 2004. - 34 б.

Тинистанова С.С., Оралханова Г.Б.

Роль конституционных реформ в государственной власти Республики Казахстан

В данной статье рассмотрены роль и значения конституционных реформ, направленные на совершенствования ягосударственного управления в Республике Казахстан.

Ключевые слова: конституция, государственная власть, изменения, дополнения, реформы, власть.

S.S. Tinistanova, G.B. Oralkhanova

The role of constitutional reforms in the government of the Republic of Kazakhstan

This article examines the role and significance of constitutional reforms aimed at improving the state management in the Republic of Kazakhstan.

Key words: the constitution, the state power, the changes, additions, reforms, the power.

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ, ҚЫЗМЕТІ.

Тинистанова С.С., Рыскалова С.А.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісіу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары мен бостандықтары мәселесін қозғайтын омбудсмен институтының қалыптасуы мен дамуының мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: адам құқықтары мен бостандықтары, омбудсмен, адам құқықтары жөніндегі Үәкіл, өкілеттілігі.

Адам құқықтары жөніндегі үәкіл институты шет мемлекеттердің конституциялық заннамасы арқылы жақсы таныс. Қазіргі кезде дүние жүзінің түрлі елдерінде жүзден аса омбудсмен бар. Бір мемлекеттерде бұл лауазымды тұлға (омбудсмен), екіншілерінде – медиатор, үшіншілерінде – парламенттік үәкіл, ал төртіншілерінде – азамат құқықтары жөніндегі үәкіл деп аталады.

Омбудсмен институты демократияның өздігінен бекіген белгілерінің еркін нарықтық дамыған елдер ғасырлық тарихы бар жеке тұлғаның құқықтарын іске асыру мен қамтамасыз етудің тетіктепі мен механиздерінің назарынан тыс қала алмайды. Омбудсмен институтының құрылуды мен қызметі мемлекет пен жеке тұлға, жария билік өкілдері мен жеке тұлғалар арапарындағы қарым-қатынастардың жаңа тарауын ашты. «Мемлекет – азамат» өзара қарым-қатынастарындағы шиеленістің бәсендеуіне тек жеке тұлғалар ғана емес, мемлекеттің өзі де мүдделі. Дәстүрлі юстицияның барлық артықшылықтарына қарамастан, оның рәсімдерінің қолайсыздығы, курделілігі мен ұзақтығы, сонымен бірге процестердің аса қымбатшылығы секілді кемшіліктері бар. Заннама омбудсменнің бар құқықтық механизмдерге қосымша құқық корғау құралы екендігін мойындаиды. Омбудсмен институты зан шығарушы, атқарушы және сот билігінің ешқайсысына жатпайды, олардың орнына журмейді. Сонымен бірге оның ведомствоны елдегі биліктің жоғарғы органдарына жатады. Омбудсмен жеке тұлғалар арапарындағы қарым-қатынастарды қарастырмайды, оның қызмет аясы жеке тұлға мен мемлекеттік орган, ұйым немесе мекеме арапарындағы қарым-қатынастар. Омбудсмен институты формалдық процессуальдық талаптардан тәуелсіз және қатал құқықтық (зандық) шенбермен шектелмеген, барынша жекедарапандырылған көмек көрсетеді. Жеке тұлғаның әдетте өз мүдделерін құқықтық корғаудың бейресми жолдарын артық көретіндігі белгілі. Омбудсмен БАҚ-пен белсенді байланысты әрекет етеді, оны бәрінен бұрын «шландыру магистратурасы» деп атауға болады, өйткені ол жариялышық, сынау және иландыру «карұын» қолданады. Ол жеке тұлғаның құқықтарын бұзушылықтың барлық жағымсыз фактілерін жария етеді. Ол әртүрлі елдерде ұқсас міндеттерді шешеді және құқықтық жүйені жандандырады. Оны ізгіліктендіреді және ондағы қарама-қайшылықтарды жұмсартады [1].

Қазақстан Республикасы Конституциясына 55-баптың 1 – тармағына 1-1 Парламенттің құқығына «Қазақстан Республикасының Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметтен босату» туралы өкілеттілік енді; [2].

Жеке тұлға мен толыққанды құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің өзара катынасқа түсіу барысында саяси құқықтар өздерінің бұрынғы басымдығынан айрылады. Олар екінші деңгейге түседі және азаматтардың құқықтары мен оларды жүзеге асыру нысандарын түсінуіне негіз болады. Бірақ, адам құқықтарының жүзеге асырылуына байланысты түсініктің даралануына баса назар аударылады. Біргіндеп адамның өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың нысанын өздері айқындауга еркіті екендігі туралы идея орнықты. Мемлекет - жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай тудыру, жеке бастамаларды қолдау құралы.

Мемлекеттің Негізгі занында, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауы, өзінің және отбасының қупиясы болуы, ар ожданы, намысы, абыройы атының қорғалуына құқығы көрсетілген. Адам,, адамзат құқықтары мен бостандықтарының бұлжытпай жүзеге асырылуының нышаны, әрі кепілі Қазақстан Республикасының Президенті делінген.

Адам, адамзат құқықтары мен бостандықтарын қалтықсыз жүзеге асуына Қазақстан Республикасының Конституциялық кенесінің, адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау және сот органдарының қызметі заңмен, халықаралық қалыптарға сәйкес белгіленген [3].

Президенттің адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі болу өкілеттілігі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық занының 2- тарауында Президенттің мемлекеттік органдарымен өзара қатынастары арқылы көрініс тапқан [4].

Омбудсмен институты мемлекет пен азаматтық қоғамның мүддесіне қызмет етеді:

- омбудсман жоғарғы мемлекеттік орган болып табылады;
- омбудсман құқықты қамтамасыз етуін тұра емес, қосымша әдісі болып саналады;
- омбудсман мемлекеттік органдар жүйесіне тәеелді емес;
- омбудсман барлық азаматтарға қолжетімді [5]..

Адам құқықтарын қорғау және оның жүзеге асырылуының негізгі механизмдері, оны іске асыру құралдары басқа мемлекеттерге қарағанда Еуропа елдерінде көбірек жүзеге асатындығы мәлім.

1949 ж. мамырда құрылған Еуропа Кенесінің осы қызметті жүзеге асырудығы орны ерекше деп көрсетеміз. Құрылтайшы құжатында маңызды мақсаттары ретінде Еуропаны демократиялық және қауіпсіз кеңістікке айналдыруға ықпал ету, плюралистік демократия мен адам құқықтарын қорғау мен бекіту, парламенттік демократияны қүшету, зан билігін қаматамасыз етуін қалаған үйім көптеген нәтижелерге жетті.

1950 ж. 5 қарашада Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенциясы қабылданып, таратылды. Конвенция азаматтың жеке басының құқықтарын қорғауды қөздейді, сонымен қатар оның іс жүзінде жүзеге асырылуына демеу болады. Бұл жүйе арқылы мемлекеттер нақты жағдайларда жеке азаматтар да, олардың құқықтары бақылау инстанцияларына жүгіну құқығына ие болды.

Қазіргі кезде Еуропа кенесінің институттары мүше елдердің өз міндеттерін орындауларын қадағалуды қүшетіп, әрі кенейтіп, міндетті заңдық күшке ие болды. Екі жүзден астам еуропалық конвенциялар мен келісімдер шенберінде адам құқықтарын сактау, үйимдасқан қылмыс, зорлықтың алдын алу, ақпараттық және мәдениет, денсаулық сактау, білім беру, спорт саласында үкіметке ккенестер беру қызметін орындаған келеді. Ережеге сәйкес, Еуропа кенесінің құжаттарында мүше мемлекеттердің өз мойындарына алған міндеттемелерін бақылаудың нақты тетіктері қарастырылған [6].

Қазақстан Республикасында жалпыға ортақ танылған париж қагидаттарына сәйкес, адам құқықтары жөніндегі ұлттық екі мекеме:

1. адам құқықтары жөніндегі комиссия;
2. адам құқықтары жөніндегі уәкіл жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық комиссия (омбудсмен институты) 2002 жылы 19 қыркүйектегі мемлекет басшысының Жарлығымен құрылды, сонымен қатар адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді..

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл - өз күзіреті шегінде адамның және азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау өкілеттіктері берілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға.

Оның мәртебесі бойыншы адамның бұзылған құқықтарын корғайтын өзіндік халықтық адвокат болып табылады. Халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес оның қызметінің жалпы бағыттары: азаматтардың өтініш, арыздары мен шағымдарын қарау болып табылады.

Уәкілдің қызметтерінің бағыты мемлекеттік саясатпен ұштасады. Бірақ Уәкілдің қызметі КР Конституциясы мен заннамасына сәйкес адамның құқықтарын корғауды жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдардың күзіретін шектемейді және халықаралық зандарға қайшы әрекеттер жасамайды.

Өзінің құқықтық мәртебесіне сай қызметі тәуелсіз қызмет болып табылады. Уәкілдің өкілеттік мерзімі — тағайындалған күннен бастап 5 жыл.

Тағайындалған уәкіл:

1. Уәкілеттік лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан түскен арыз, шағымдарды қарау үшін қажетті мәліметтер, тиісті құжаттарды сұратуға; мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болуға құқылы;

2. Адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша қорытынды дайындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға мүмкіндігі бар;

3. Шарт негізінде ұйымдарды жұмысина тартуға, сонымен қатар қажетті мамандарды өз қызметіне тартуғ өкілеттілігі бар;

4. Адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар колдануға; қызметтік куәлігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға өкілеттілік берілген;

5. Уәкілдің азаматтардың бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын адамдармен кездесіп, әңгімелесуге; іс-әрекеттері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соқтырған адамдарды занмен белгіленген жауаптылықта тарту туралы ұсыныстар енгізу құқығы бар;

6. Құқығы бұзылған азаматтардың пайдасына материалдық және моральдық зиянды өтеу шараларын колдану туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге құқылы;

7. Енгізілген ұсыныс бойынша немесе арнайы жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық акпарат құралдарына ресми хабарламалар жариялауға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын;
- Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның депутаттарының;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің;
- Конституциялық Кеңестің, Бас прокурордың, Орталық сайлау комиссиясының, соттардың шешімдеріне жасалған шағымдарды қарамайды [7].

Уәкілдің қызметін мемлекеттік мекеме болып табылатын Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық қамтамасыз етеді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Асқар Шәкіровтің 2015 жыл бойынша есебінде көрсеткендегі, құқық бұзу туралы шағымдарды (1544 сауал) билік органдарымен бірлесіп

қарау өзара ықпалдастық және консультативтік-кеңесшілік органдардың жұмысына қатысу арқылы жүзеге асырылды.

Омбудсмен мекемесі 212 ұлттық және 53 халықаралық іс-шараға қатысты. Мекеменің өзі республиканың барлық өкілдерін қамти отырып, елдің 7 өнірінде жабық мекемелердегі құқық қорғау, мониторинг, балалар құқығы және халықтың басқа да әлсіз топтары үшін 12 оқыту шарасын ұйымдастырды және еткізді.

Халықаралық деңгейде адам құқыктары жөніндегі барлық жаһандық, өнірлік ұйымдармен, шет елдердегі әріптестермен, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Еуразиялық Одакпен, Еуропалық Ұйымымен Еуропа кенесі, ұлттық құқық қорғау мекемелерінің халықаралық үйлестіру комитеті және басқа да ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатылды. Халықаралық Қызыл Крест комитетінің, Кеші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның, БҰҰ адам құқыктары комитетінің, БҰҰ-ның Адам құқыктары және босқын істері жөніндегі жоғарғы комиссариаттарының, Ислам ынтымақтастығы ұйымының, Нидерланд, Норвегия, Біріккен Араб Эмираты, Ұлыбритания, Ресей құқық қорғау мекемелерінің басшыларымен, сондай-ақ БҰҰ-ның Түрлі мәселелер жөніндегі арнаулы баяндамашыларымен кездесулер еткізеді және қатысты сұраптарды талқылай алады.

Жалпы, ұлттық құқық қорғау мекемесі алдағы уақытта адам құқыктарын қорғауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық міндеттемелерін орындау жөніндегі мемлекеттік саясатқа атсалысу жұмыстарын жалғастыратын болады [8].

В.В. Бойцова атап көрсеткендегі, омбудсмен институты, бұл азаматтардың құқығын қорғаушы, соның қызметінің нәтижесінде азаматтардың әкімшілікке қорқа қарауы жойылып, әкіметтің билігіне деген сенімі арта бастайды, әділеттілік орнатады, құқығы қалпына келеді деп санайды [9].

Адам құқыктары жөніндегі уәкіл өзінің мемлекеттік органдарға жіберетін ұсыныстарында, сұратуларында, ең алдымен, конституциялық құқықтардың бұзылуына, одан кейін басқа құжаттарға сілтеме жасайды, осылайша Конституцияның маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы, Омбудсмен институты өз міндетін атқарып келе жатқан мерзім ішінде мемлекеттің құқықтық жүйе-сінде лайықты орнын алды, мемлекеттік органдарға, азаматтық қоғамға, сонымен қатар азаматтарға танымал болды деп айтуга әбден болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтыры жөніндегі Уәкіл институтының қалыптасуы және оның азаматтардың құқықтарын қорғаудағы ролі.- <http://malimetter.kz>
2. Қазақстан Республикасының Конституациясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесі.
3. А.Н. Ағыбаев Адам және азамат құқығының конституциялық мәртебесі Занға түсініктеме // Зан, 2013.-№1.-23-25 бб.
4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заны // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесі.
5. Башимов М.С. Институт омбудсмена в Казахстане // Журнал российского права. - 2003.- № 12.- С. 128-140.
6. Чукмаитов Д.С., Жумагулов А.У. Адам құқыктары жөніндегі Уәкілдің халықаралық құқықтық мәртебесі // ЖМУ Хабаршысы, 2016.- №4.-94-98 бб.
7. М. Башимов Институт Омбудсмена (Уполномоченного по правам человека).- Астана, 2003.- 312 с.
8. Адам құқыктары жөніндегі уәкіл Асқар Шәкіровтің 2015 жыл бойынша есебі.- Қазақстан Республикасы Президентінің реєсми сайты
9. Бойцова В.В. Служба защиты прав человека и гражданина. Мировой опыт.-М., 1996.- С.3.

Тинистарова С.С., Рыскалова С.А.

Институт омбудсмена в Республике Казахстан: формирование, развитие и деятельность

В статье рассматриваются вопросы становление и развитие института омбудсмена в Республике Казахстан, затрагивающей права и свободы человека.

Ключевые слова: права человека и свободы, омбудсмен, омбудсмен по правам человека.

S.S.Tinistarova, S.A. Ryskalova

Institute of the Ombudsman in the Republic of Kazakhstan: formation, development and activities

In the article the questions of formation and development of Institute Ombudsman in the Republic of Kazakhstan concerning the rights and freedoms of man

Key words: human rights and freedoms, ombudsman, human rights ombudsman.

ӘОЖ 343

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖҮЙЕ – ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТИНДЕ

Уразымбетов Т.Е.

*I.Жансүгіров атындағы Жемісіу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
120868@inbox.ru*

Мақалада қылмыстылық ұғымы, оны ескерту, алдын алу және қылмыстылықпен курес жүргеізудің тиімділік мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: қылмыстылық, ұйымдастыру топтар, тұрақты қылмыстылық, алдын ала, қасақана, ситуациялық қылмыскерлік, виктимдік-ситуациялық.

«Қылмыстылық» ұғымы, көбіне қылмыстың көптігі туралы, олардың статистикалық жынытығы туралы сөз болған жағдайда қолданылады.

Бұл – қылмыстылық анықтамасын ең қарапайым да түсінікті ынғайды беру. Шындығында, қылмыскерлік көптеген қылмыстар арқылы ғана неғұрлым айқын көрініс табады. Қылмыстылықтың қылмыстың жекелеген түрлерімен салыстырғандағы ерекшелігі – оның жаппайлышында. Жаппай болған жағдайда қандай да бір құбылыстың саны статистикалық талдауға келеді, нәтижесінде белгілі бір статистикалық зандаулық анықталады.

Сондықтан да, қылмыскерлік жайында тек қылмыстардың көптігі деп сөз болса, назар ол жайында мәліметтердің статистикалық талдамасына аударылады, қылмыскерліктің жайы, құрылымы, динамикасы зерттеледі.

Бірақ, қылмыстарды жаппай деп зерттеу олардың сол жаппайлышта көп жаңа сипаттарға ие болатындығын көрсетіп отыр. Әр түрлі қылмыстар арасында белгілі бір қатаң қатынастар байқалады. Мысалы, ашылған және тіркелген женіл дене жарақаты, ұрып - соғу фактілерінің, қару алып жүрумен байланысты қылмыстардың саны азайғанда адамның өмірі мен денсаулығына қарсы ауыр қылмыстар саны артады.

Қылмыстылық пен қылмыстардың уақытпен байланысы деп қабылдай бастады. жалпы, біздің білуімізше, жекенің сипаттамасын қайтalamайды. Мынадай ұқсастық бар: су тамшысында өзіне ғана тән сипаттама бар. Ал көп тамшы қосылса бұлак, өзен, теніз, мұхит болады. Егер мұхиттан су тамшысын алсак, онда оны жоғарыда көрсетілген сипаттамаларды анықтау тұрғысында зерттейміз. Ал, мұхитта су тамшысына тән емес құбылыстар бар, ол агады, толқиды, тасиды және т.б. [1, 33].

Қылмыстылықта да тура осында жағдай. Оны тек қылмыстар көптігі деп қарағаның өзінде де, ол басқадай жаңа сипаттамалармен сипатталады.

Қылмыстардың көптігінен қылмыстық іс-кимылдың тұрактылығын да (рецидив), үйымдастырылған құрылымдардың жасауы), қылмыс көптігінен қоғамға келетін қауіпті де байқауға болады.

Сонымен, біріншіден, қылмыскерлік бізге тек қылмыстық іс-әрекет түрінде ғана келмейді. Ол қылмыс жасаған адамдардан да көрініс табады. Қылмыскерліктің статистикалық есебі фактілер бойынша да, үйымдастырылған құрылым бойынша да жүзге асырылады. Сонымен қатар қылмыскерліктің салдары: жәбірленушілер саны, үрлағаның мөлшері және т.б. ескеріледі.

Екіншіден, әңгіме жай бір-бірімен байланыста жоқ қылмыстардың көптігі жайында ғана емес, сонымен қатар олардың күрделі жүйе екендігі жайыда да.

Енді жалпы қылмыскерлік деген үғымға тоқталып өтейік. Қандай да бір объекттінің жүйелік-құрылымдық сипаты туралы мәселе сол объекттінің өз бөлігі болып табылатын негұрлым жалпы бүтіннің өзгеруімен өзара байланыста қалай өзгеретіндігін және бүтіннің бір бөлігінің басқа беліктің өзгеруімен қалай байланысты екендігін анықтау қажет болған жағдайда туындаиды.

Бұл міндет күрделі құбылыс ретінде қылмыстың қоғаммен органикалық бірлігін зерттейтін, оның әртүрлі нысандарының өзара байланысын зерттейтін криминологтар алдында қалайда болсын туындаитын мәселе.

Қылмыскерлік дегеніміз өзара байланысты элементтердің белгілі бір жүйесі, онда едәуір дербестік, оның жекелеген элементтеріне тән емес сапалы сипаттама бар. Сондықтан да қылмыскерліктің өз тарихы, даму логикасы бар.

Қылмыстылық бүтіндік сипаты және басқа құбылыстардан бөлектігі мүлде айқын емес жүйелер типіне жатады. Қылмыскерлік бір-бірімен байланысты емес әртүрлі қылмыстардың конгломераты деген пікірлер де бар. Қылмыскерліктің жүйелік сипатының негіздемесі мыналарға сүйенген:

- а) қылмыскерлікті едәуір жалпы жүйенің – бүтіндей қоғамның элементі ретінде, сол қоғамның ерекше шағын жүйесі деп тану;
- ә) қылмыстылықтың белгілі бір бүтіндігін негіздеу;
- б) қылмыскерліктің бір-бірімен өзара байланыстағы, барлық қылмыс- керлікке бүтіндей жаңа сапалы сипаттама беретін, оның жекелеген элементтерінен өзгеше нақты элементтерін бөліп алу.

Жүйеге қойылатын талаптардың бірі – «осы жүйені қамтитындей кемінде бір үлкен жүйенің болуы».

Қылмыстылыққа қатысты алсақ үлкен жүйе деп қоғамды санауға болады. Қылмыскерлік – қоғамда болатын және онымен тығыз байланыстағы құбылыс. Оның түрлері мен элементтері тым болмаса қылмыстың тұтас, ортақ детерминанты ретіндегі қоғам арқылы өзара байланысты.

Қылмыстылықтың осы түрлерінің әрқайсысында да екі құрылымша бөлініп алынады:

1) «тұрақты» қылмыскерлікте – «алдын ала қасақана» (оның ішінде үйымдастырылған, кәсібілерді қоса) және «өзекті-мақсатты» (адамның сәті келген кезде іс-кимылдың вариантын табан асты тандаудың сипаттайтын);

2) «ситуациялық» қылмыстылықта – «виктимдік-ситуациялық» (қылмыс жасауға көрінеу қолайсыз жағдайды және қылмыскердің сондай жағдайды жасауға және оған тусуге кінәсін сипаттайтын) және «кездейсок-ситуациялық» (қылмыс жасаудың күрделі жағдайы қылмыс жасаған адамның кінәсінен тыс болады, ондай окиға ол үшін тойын, үйреншікті емес) [2, 222].

Қылмыстылықтың бір түріне үйымдастырылған қылмыскерлік үлкен рөлін алады. «Үйымдастырылған қылмыстылық» үғымы «үйымдастырылған қылмыс», «үйымдастырылған топ», «үйымдастырылған қылмыстық әрекет», «үйымдастырылған қоғамдастық» сияқты басқа үғымдармен

байланысты. Барлық жерде «ұйым», «ұйымдасқан» сөздері пайдаланылады. Бұрындары «ұйымдасқан қылмыс» және «ұйымдасқан қылмыстық әрекет» жайында айтылатын. Оның субъектілері жекелеген адамдар және адамдар тобы, оның ішінде ұйымдасқан құрамалар: ұйымдасқан топтар, бандалар, қылмыстық ұйымдар мен қылмыстық қоғамдастық болуы мүмкін.

Ұйымдасқан топтар бірнеше адам қылмысты, тіpten аса ауыр қылмысты жасағанда емес, оны жасау үшін алдын-ала бірігіп, соған жан-жакты дайындалғанда пайда болады: олар жоспар жасайды, барлық күш-жігерін сол жоспарға бағындырады, жоспарды жүзеге асыру барысында туындаған проблемеларды бірлесіп шешеді, нақты жағдайға қарай оған тузетулер енгізеді. Ұйымдасқан топ бір қылмысты жасау үшін де құрылуы мүмкін. Мысалы, банктен акшаның бір сомасын ұрлау немесе инкассатор машинасын тонау үшін. Қылмыстық кодексте ұйымдасқан қылмысқа бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін алдын ала біріккен адамдардың тұрақты тобы деп анықтама берілген, ал банда – адамдарға немесе ұйымға шабуыл жасау үшін құрылатын тұрақты карулы топ.

Қылмыстық әрекеттің ауқымын кенеиту оған негұрлым көп әр-түрлі субъектілерді тартумен байланысты.

Іс жүзінде олар жеке тұлғалар да, әр түрлі қылмыстар жасауға маманданған бұрыннан келе жатқан ұйымдасқан топ та, заңды тұлғалар да, мысалы, солар арқылы қылмыстық табыс заңдастырылған және молаятын заңды тұлғалар да болуы мүмкін. Кең ауқымды қылмыстық әрекетке қатысушы әртүрлі субъектілердің жұмысын үйлестіру кажеттігі туындейды. Саны едәуір әр-түрлі қылмыстық субъектілерді күрделі, көп аспекттілі ұйымдасқан қылмыстық әрекеттің басқарғанда ұйымдасқан қылмыстық құрамаларды тұтас организм ретінде басқаратын арнайы құрылымдар құрылады. Бұл ретте таза атқарушы функциялармен және қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген нақты қылмыстарды тікелей жасаушы құрылымдарымен қатар басқарушы функциялар мен құрылымдар (ұйымдастырушылар, жетекшілер); қылмыстық ұйымның өзіне тән мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін функциялар, құрылымдар (талдау бөлімшелері, өзінің «қауіпсіздік қызметі», қылмыстық табысты заңдастыру және т.б.) бөлініп алынады. Қылмыстық ұйымдарды құрудың негізі осындай [3,134].

Мұндай ұйымның қоғамдық қауіптілігі сонда, ол тек аса ауыр қылмыс жасап қана коймайды (бұл тұрғыдан алғанда оның қоғамға қауіптілігі ауыр қылмыстың қоғамдық қауіптілігіндей-ақ), сонымен қатар өзін басқаратын субъектілердің сылтауларына және сыртқы жағдайларға байланысты кең ұйымдасқан қылмыстық әрекетті оның әртүрлі варианттарында қамтамасыз ете алатын құрылым болып саналады. Қылмыстық әрекетті дамыту және жасыру, алынатын табысты заңдастыру және молайту, қылмыстық құраманы сол қалпында сактап қалу логикасы итермелейтін әртүрлі қылмыстар жасайды.

«Ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы» республикалық занның жобасында қылмыстық ұйымға мынадай анықтама берілген: «Қылмыстық ұйым:

- а) қылмыстық ұйым не оның басшылығын құру;
- ә) Қылмыстық Колекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген қылмыстарды тікелей жасау;
- в) қылмыстық ұйым құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етудің өзге де формалары бойынша қатысушылар арасында міндет бөлінген, бірігіп қылмыстық әрекет жасайтын адамдар, не ұйымдасқан топтар, не бандалар».

Сонымен, қылмыскерлік – біршама дербес, тұтас, қоғамға едәуір қауіпті құбылыс. Ол қоғамның әртүрлі салаларына, әртүрлі қоғамдық қатынастарға тараған. Бұл тұрғыдан алғанда ол «әлеуметтік» сөзінің кең мағынасындағы әлеуметтік құбылыс (қоғам-социум) [4, 245].

Мейлінше келесіні ұмытпау керек: қылмыскерлік – қоғам ағзасындағы жат дene емес, ол оның сипаттамаларының, ондағы бар қатынастардың өзінше өзгеруінің нәтижесі, тірі ағзадағы рак ісігі сияқты оның қайта пайда болуы.

Қылмыстырық қоғамда пайда болады, қоғам оны тудырады. Бұл тезис клиникалық криминология өкілдерінің пікірін езгерте алмайды. Егер адамның туа біткен немесе бойына кейін біткен қасиеті оның іс-кимылын қылмыстық деп кесіп көрсетсе, ол есі дұрыс деп танылмайды. Қылмыс дегеніміз – белгілі бір жасқа жеткен, өз әрекетінің мәнін ұғынатын және оған басшылық ете алатын есі дұрыс субъектінің айыпты іс-әрекеті.

Қылмыстырық – жай әлеуметтік қана емес, әлеуметтік-психологиялық құбылыс, себебі ол адамдардан және олардың іс-кимылынан, әрекетінен тыскарыда болмайды. Ол адамдардың жалпы қоғамға қауіпті іс-кимылын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар қылмыстық-құқықтық тыйымды бұзу лажсыздық емес, ал ситуация шешімнің басқа вариантарына жол беретін жағдайлардағы іс-кимылды көрсетеді.

Қылмыстырыққа сипаттамалардың екі тобы тән:

1) «сыртқы» сипаттамалар, олар қылмыскерліктің қоғамда қалай әрекет ететінін, оның қандай да бір құрылымдарына таратылатындығын: жалпы таралуын, сылтауын, әлеуметтік бағыттылығын, қоғамға қауіптілігін, әлеуметтік-аумақтық, әлеуметтік-топтық, әлеуметтік-салалық көп таралғандығын көрсететін;

2) «ішкі» ұйымшылдығын, белсенділігін, тұрақтылығын көрсететін сипаттамалар [5, 100].

Қазақстандағы қылмыстырыққа жалпы сипаттама беріп және қылмыскерлікті зерделеу, қылмыстардың алдын алу жолдарын іздестіру, қылмыстырықпен курсетін органдардың құзыреттерін көбейту және қылмыстық заңдылықтарын тек қатаң жасау арқылы реттеуге және оны, яғни қылмыскерліктің деңгейін төмендету болады. Бұл тек біздің мемлекетімізге сай проблема емес ол бүкіләлемдік жаһандық мәселе болып табылады. Қылмыстырық заманның өзгеруіне байланысты оның жасалу деңгейі де өседі және ол халықаралық деңгейінде қазіргі кезде күрт өсуде. Оны келешекте болдырмау үшін біз тәрбие және мәдениет жағынан біздің жастарымызды қазірден бастап үретуіміз керек. Себебі жастар ол қылмыскерліктің резервтік күштері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Криминология. Учебник. М., 2007. – 650 с.
2. Джекебаев У.С., Рахимов Т.Т., Судакова Р.Н. Мотивизация преступления и уголовная ответственность. Алматы, 2007. 348 б.
3. Изменения преступности и проблемы охраны правопорядка. М.;2009.246 б.
4. Каиржанов Е.И. Криминология. Алматы, 2007. 487 б.
5. Криминальная мотивизация / Под.ред. В.Н. Кудрявцева.М., 1986. – 392 с.

Уразымбетов Т.Е.

Система преступности – как структурное явление

В статье рассматривается понятие преступности, ее предупреждение, борьба с преступностью и профилактические эффективности.

Ключевые слова: преступность, организованные группы, постоянный преступность, предварительная, умышленно, ситуационная преступность, виктимно-ситуационные.

T.E. Urazimbetov

Crime system as a structural phenomenon

The article deals with the notion of crime, crime prevention, combating crime and preventive efficacy.

Key words: crime, organized groups, the permanent crime, pre-intentionally and situational crime, situational victimization.

ӘОЖ 340

**ЯДРОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ БІРІККЕН ҰЛТТАР
ҮЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТИНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛДІ**

Чукмаитов Д.С., Әбілдаев Ә.Б

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhgu.edu.kz*

Бұл мақалада Біріккен Ұлттар Үйымының ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қызметтің құқықтық қамтамасыз етілуі туралы сұрақтар қарастырылған.

Кілттік сөздер: *Біріккен Ұлттар Үйымы, ядролық қауіпсіздік, бактериологиялық (биологиялық) және уыттық қарулар, бейбітшілік, құқықтық қамтамасыз ету.*

Біріккен Ұлттар Үйымы - егеменді мемлекеттердің бірігіп ортақ мәселелерді шешуге көмектесетін негізгі халықаралық үйым. Ол дуниежүзін басқаратын немесе барлық мемлекеттерге ортақ заң шығаратын мекеме емес, бұл үйимға барлық елдердің байкедейліктеріне, саяси және әр түрлі діни көзқарастарына қарамай, адамзаттың денгейінің жоғарылауына, адам құқығының бұзылмауына дәнекер болатын, ортақ шешім қабылдайтын әмбебап халықаралық үйым болып табылады.

Бүкіләлемдік үйымның барлық қызметі ортақ мәселені шешуге бағытталғандықтан, ол - өзіне мүше әрбір мемлекеттің ұлттық мудделерін және тұтастай алғандағы халықаралық ынтымақтастық мудделерінің аракатынасын шешуге бағытталған қызмет аткарады. Осы негізгі мәселе шенберіндегі Біріккен Ұлттар Үйымының қызметін үш негізгі бағытқа бөлуге болады:

- біріншісі - халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау;
- екіншісі – Біріккен Ұлттар Үйымының әлемді қайта қалыптастырудың күнделікті қызметі;
- үшіншісі - адамзаттың болашағын халықтар арасындағы ғаламдық ынтымақтастықты реттеу арқылы жоспарлау немесе болжау.

Әмбебап халықаралық үйымның құрылудың бұдан бүрынғы Ұлттар Лигасының 1940 жылы өз әрекетін токтатканы себеп болды. 1945 жылы 11 ақпанда президент Рузвельт, премьер министр Черчилль, Стalin бастаған мемлекет басшылары Ялтада бас қосып «бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін жалпыға бірдей халықаралық үйим» құруға бел буды. Сонымен, одактас мемлекеттердің «бейбітшілікте де, соғыста да еркін халықтармен бірге жұмыс істеуге» ұмтылып және негізін тауып, 1945 жылы 26 маусымда Біріккен Ұлттар Үйымының жарғысына кол қойылды. Үйимның құрылымы алты басты және қажетті қосалқы органдардан тұрады. Біріккен Ұлттар Үйымының басты органдары төмендегідей: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кенесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кенес, Қамқоршылық жөніндегі кенес, Халықаралық Сот және Хатшылық. Біріккен Ұлттар Үйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы 1946 жылғы 13 ақпандагы Конвенцияға сәйкес, Біріккен Ұлттар Үйымы занды тұлға болып табылады; жылжитын және жылжымайтын мүліктер алады; мүліктерге билік етеді; сотта іс қозғайды. Біріккен Ұлттар Үйымының өкілдері басты және көмекші органдардағы конференцияларда өздерінің қызметтік міндеттемелерін аткарғанда және мәжіліске беру-келу кезінде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Біріккен Ұлттар Үйымының лауазымды адамдары сот жауапкершілікке тартылмайды және казыналық, кедендік артықшылықтарды пайдаланады [1].

Біріккен Ұлттар Үйымының басты қызметтің бірі - халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау болып табылатыны белгілі.

Ядролық қауіпсіздік - халықаралық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінің аса маңызды бөлігі; адам өміріне, қоғам дамуына қауіп төндіретін, биосфера мен экожүйе жағдайына орны толmas зардап тигізетін ядролық апаттарды болдырмауды көздейтін әскери және азаматтық белгідегі ядролық нысандардың жай-күйімен байланысты. Ядролық қауіпсіздікке қол жеткізудің жолдары: жоғары ядролық технологиялар мен ядролық қаруды таратпау; ядролық сыйнектарға тыбым салу; ядролық құрал-жабдықтарды сактау, өндөу және тасымалдауға халықаралық бакылау орнату. Әскери және азаматтық нысандағы жоғары ядролық технологиялар ұлттық қауіпсіздікке ғана емес, сондай-ақ халықаралық қауіпсіздікке қатер төндіретін ғаламдық апаттардың негізгі көзі болып табылады [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымының максаттары мынандай:

- халықаралық бейбітшілікті қолдау;
- бейбітшілікке қауіп келтіру мен басқыншылық актілерінің алдын алу және жою үшін тиімді шараларды қабылдау;
- халықаралық дауларды немесе оқиғаларды бейбіт құралдар арқылы шешу;
- халықтардың тенкүкілік және өзін-өзі басқару қағидасының негізінде халықтардың достық қарым-қатынасын дамыту;
- экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық дауларды шешу барысында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- осындағы ортақ максаттарға жету жолында Ұлттар әрекеттерін үйлестіру орталығы болу.

Біріккен Ұлттар Ұйымы өз қызметін жүзеге асырғанда мынандай қағидаларды басшылыққа алады:

1. Ұйымның барлық мүшелерінің дербес тенденцияларынан қағидасы.
2. Өздеріне жүктелген міндеттемелерді адал орындау қағидасы.
3. Туындаған дауларды бейбіт құраладармен шешу қағидасы.
4. Күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-локқы жасамау қағидасы.
5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғыға сәйкес атқаратын барлық әрекеттеріне барынша көмек көрсету қағидасы.

6. Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып табылмайтын мемлекеттердің БҰҰ-ның қағидаларына сәйкес әрекет етуін қамтамасыз ету қағидасы, себебі ол бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға кажет болуы мүмкін.

7. Мемлекеттердің ішкі құзыреттеріне жататын істерге Біріккен Ұлттар Ұйымының қол сұкпаушылық қағидасы [3].

Сонымен, өмбебап халықаралық ұйымның максаттарына мен қағидалар жүйесінің халықаралық құқықтық мазмұны мен негізгі қағидаларына қайшы келмейтінін байқауға болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымыға мүшелікке өтудің талаптары мынандай:

- 1) мемлекет тәуелсіз, бейбітшілікті сүйгіш болуы тиіс;
- 2) мемлекет жарғылық талаптарға орай өзіне міндеттемелерді жүктеуі тиіс;
- 3) мемлекет өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау алады және орындағысы келеді.

Біріккен Ұлттар ұйымы 1925 жылғы 17 маусымда Женевада қол қойылған «Тұншықтардың, улы немесе басқа да осы сияқты газдар мен бактериологиялық құралдарды соғыста қолдануға тыбым салу туралы» хаттаманың маңызды мәнін, сондай-ақ көрсетілген Хаттаманың соғыс қасиетін азайту ісіне қосқан және қосып келе жатқан үлесін мойындағы, халықтар арасындағы сенімді терендете түсуге және халықаралық ахуалды тұтастай сауыктыруға ықпал етудің максат етіп, бейбітшілікті қамтамасыз ету максатындағы істерді басшылыққа лаған.

«Бактериологиялық (биологиялық) және үйттық қарулар әзірлеуге, өндіруге және олардың көрларын молайтуға тыбым салу және оларды жоғары туралы» 2007 жылы маусымда күшіне енген Конвенцияда: «жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлеріне тыбым

салуды және жоюды қосатын жалпыға бірдей және толық қарусыздану жолындағы тиімді прогрессе жету мақсатында бел шеше кірісken, химиялық және бактериологиялық (биологиялық) қарулар өзірлеуге, өндірге және олардың қорларын молайтуға тыйым салу және оларды тиімді шаралар жолымен жою қатаң да тиімді халықаралық бакылаумен жалпыға бірдей және толық қарусыздануға жетуге ықпал ететініне сенім білдіреді»,- деп көрсетеді. Сонымен қатар, «бактериологиялық (биологиялық) және уытты қаруларға тыйым салу туралы келісімнің, сондай-ақ химиялық қаруды өзірлеуге, өндірге және оның молайтылуына тыйым салу жөніндегі тиімді шаралар туралы келісімге қол жеткізу бағытындағы алғашкы мүмкін қадам болып табылатынын мойындағы отырып және осы мақсатта келіссөздер жургізуді жалғастырады»,- деп қарастырылған [4]. Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі ызметтерінің бірі - жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлеріне тыйым салу және жоюды қосатын жалпыға бірдей және толық қарусыздану жолындағы тиімді шараларды ұйымдастыруды көздейді.

Шектен тыс зиян келтіреді немесе таңдамай әрекет етеді деп саналуы мүмкін кәдімгі қарудың нақты түрлерін қолдануға тыйым салу немесе шектеу туралы конвенция (немесе «Ізгіліксіз» қарулар жөніндегі конвенция (ІКК)) қол қоюға 1981 жылғы сәуірде ашылып, 1983 жылғы 2 желтоқсанда күшіне енген.

Конвенция процедуralар ережелері мен негізгі мәселелерін айқындайтын шекті құжат болып, жеке қару түрлерін реттейтін бес Хаттамадан түрады:

- Анықталмайтын жарықшактар туралы хаттаманы (I хаттама)

- Миналарды, қақпан миналарды және басқа да құрылғыларды қолдануға тыйым салу

немесе шектеу туралы хаттама (Хаттама II)

- Өртегіш қаруды қолдануға тыйым салу немесе шектеу туралы хаттаманы (III хаттама)

- Көзді соқыр ететін лазерлік қару туралы хаттаманы (IV хаттама)

- Соғыстың жарылу қаупі бар қалдықтары туралы хаттама (Хаттама V) жасалынған [5].

Шектен тыс зиян келтіреді немесе таңдамай әрекет етеді деп саналуы мүмкін кәдімгі қарудың нақты түрлерін қолдануға тыйым салу немесе шектеу туралы конвенция (немесе «Ізгіліксіз» қарулар жөніндегі конвенция (ІКК)) қол қоюға 1981 жылғы сәуірде ашылып, 1983 жылғы 2 желтоқсанда күшіне енген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы - халықаралық бейбітшілікті қамтамассыз етуде де, сондай-ақ тұрақты дамуға жәрдемдесуде де жауапкершілік жүктелген бірден бір халықаралық үйім. Тұрақты даму тұжырымдамасы 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткізілге Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта мен даму жөніндегі конференциясында өзірленді. Қазақстан үшін осы тұжырымдаманың маңыздылығын ұғына отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Конференцияның қорытынды құжатының - «XXI ғасырға арналған күн тәртібінің» ұсыныстарын іске асыру жөнінде жоспар жасады. Осы құжатқа сәйкес өзірленген ұлттық бағдарламаларды, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын Қазақстан Республикасының қабылдауын Біріккен Ұлттар Ұйымында экология мен тұрақты даму саласындағы халықаралық уағдаластыққа біздің еліміздің басшылығының кешенді және байсалды көз қарасының нәтижесі ретінде бағаланды.

Семей аймағындағы жағдай туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының баяндаmasына материалдар өзірлеу, денсаулық сақтау, экономика, экология, аппарат сияқты негізгі тәрт салада жобалық ұсыныстар өзірлеу халықаралық және ұлттық сарапшылардың бірлескен жұмысының нәтижесі болды. Баяндама Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 53-сессиясында қаралды.

2016 жылғы 16 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Семей аймағы бойынша қарап қабылдауына байланысты Қазақстан Үкіметі Семей аймағына қатысты мәселелерді қарау үшін 1998 жылдың басында Ведомствоаралық комиссия

курды. Комиссияның құрамына министрліктер мен ведомстволардың, жергілі басқару органдарының, Ұлттық ядролық орталықтың және екі үкіметтік емес ұйымдардың («Невада-Семей» және «Полигон-23») өкілдері кірді.

Ең маңызды міндет Семей полигондағы ядролық сынақтардың салдарын жою. Осы мақсаттармен Біріккен Ұлттар Ұйымы сарапшылары аймақ үшін бұдан былайғы қатерді болдырмауға жәрдемдесетін, ұлттық және халықаралық күш-жігерді жұмсаудың бес басымдық берілетін секторын белгіледі, олар: денсаулық сақтау, экология, экономиканы қалпына келтіру, гуманитарлық көмек және ақпарат тарату. Осы аталған басымдықтарды тандап алу Семей аймағының халқы ұшырасып отырған курделі жағдаймен және өзара байланысты киыншылықтармен тусіндіріледі. Қазақстанның мемлекеттік құрылымдары бүтінгі күні қаржылық киындықтарға байланысты аталған аймақ пен оның халқына толық ауқымды көмек көрсетуге мүмкіндігі жоқ. Сарапшылардың бағалауы бойынша аталған бес басымдық берілетін бағыттарды іске асыру үшін 43 млн. доллар талап етіледі. Семей аймағының халқы мен экологиясын оналтуды халықаралық әріптестік негізінде тиімді түрде жүргізуге болады [6].

1998 жылғы 16 карашада Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 53-сессиясында «Қазақстандағы Семей аймағының халқын, экологиясын және экономикалық дамуын оналту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру» атты карар қабылданды.

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше бірқатар мемлекеттердің делегацияларымен тұрақты консультациялар жүргізудің нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымы жаңындағы Қазақстанның Тұрақты Өкілі аталған қарапдың мәтінін келісті. БҰҰ-ның дипломатиялық топтарында Ұйымға мүше 54 мемлекеттің осы қарапға тең автор болуы әлемдік қоғамдастықтың тарапынан Қазақстанды кеңінен қолдауы, біздің мемлекетіміздің халықаралық беделінің елеулі түрде өскендігі туралы куәландырылды. Қарада Бас хатшыға бағытталған ұсыныс бар, онда Семей аймағын қолдау және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 55-сессиясына тиісті баяндама өзірлеу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті бағдарламаларын қатыстыра отырып, консультацияларды жалғастыра беру айтылды [7].

Қорыта келгенде, ұйымға мүше барлық мемлекеттер кіретін Бас Ассамблея Біріккен Ұлттар Ұйымының бас органы болып саналады. БҰҰ-ға мүше елдердің әрқайсысы шешім қабылдау кезінде бір дауысқа иелік етеді. Жалпыға ортақ ерекше маңызды мәселелер, атап айтқанда, бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелері БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің үштен екісі қатысып, дауыс беру қорытындысы бойынша шешіледі.

Жер бетіндегі бейбітшілік пен ядролық қаруызы өмір сүру мен ынтымақтастықты қамтамасыз етуді көздейтін халықаралық ұйымның қызметіне әлі де өзгерістер енгізіліп, құқықтық жағынан қамтамасыз етіледі деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бейшембиев Э. Ж. Международное публичное право. Учебное пособие. -Бишкек, 2011.- 148 с.
2. Саяси тұсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.- 180 б.
3. Зайцева О.Г. Международные межправительственные организации. – М., 2013. - 290 с.
4. Бактериологиялық (биологиялық) және уытты қарулар өзірлеуге, өндіруге және олардың қорларын молайтуға тыйым салу және оларды жою туралы Конвенция // <http://adilet.zan.kz/>.
5. Қаруыздану мен ядролық қаруды таратпау.- <http://www.mfa.kz/>
6. Сулейменов О.О. Ядерный полигон – это безумство бездушных. // Парасат, - Алматы, 2000. – С.-23.
7. Степаненко Б.В. Программы ООН в СНГ. – Москва, 1999. -322 с.

Чукмайтов Д.С., Абильдаев А.Б.

Правовое регулирование деятельности Организации Объединенных Наций по обеспечению ядерной безопасности

В данной статье рассмотрены вопросы правового обеспечения деятельности Организации Объединенных Наций по обеспечению ядерной безопасности.

Ключевые слова: Организация Объединенных Наций, ядерная безопасность, бактериологическое (биологическое) и токсичное оружие, мир, юридическое сопровождение.

D.S. Chukmaitov, A.Abildaev

Legal regulation of the United Nations activities in nuclear safety

This article discusses the issues of legal support for the activities of the United Nations to ensure nuclear safety.

Key words: United Nations, nuclear safety, bacteriological (biological) and toxic weapon, peace, legal support.

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 338:37

**ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ БАРЬЕРАХ В РАЗВИТИИ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РК**

Габдуллина Р.Ж.

*Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, г. Талдыкурган,
grj54@mail.ru*

В статье на основе анализа развития малого и среднего бизнеса в Казахстане выявляются барьеры, связанные с деятельностью государственных органов. Выделяются такие ограничения, как инфраструктура предпринимательства, сложности с доступом к рынкам сбыта; административные барьеры; трудности с финансированием бизнеса. Отмечается, что регулирование деятельности предприятий малого бизнеса со стороны государственных органов, выполняющих контрольно-надзорные функции, осуществляется без учета отраслевой специфики объекта регулирования.

Ключевые слова: предпринимательство, административные барьеры, контрольно-надзорные функции; инфраструктурные барьеры, правоприменительная практика.

В современном Казахстане развитие отношений государства и малого предпринимательства сопровождается многочисленными бюрократическими ограничениями и неопределенностью регулятивных функций. В настоящее время сложилась экономическая система, в которой на ведущее место вышли интересы естественных монополий, энергетического, сырьевого, экспортного комплексов, а также транспорта и связи, обслуживающих вышеуказанные отрасли. Данные сектора экономики мало заинтересованы в развитии малых форм хозяйствования и, как правило, не включают их в кооперационные связи. Малые предприятия, функционирующие в других сферах экономики, не могут обеспечить необходимое политическое лоббирование своих интересов.

В послании народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Президент РК Н.А. Назарбаев отмечал, что «процессы оказания государственных услуг должны быть максимально оптимизированы. Необходимо сократить сроки и перечень документов, исключить дублирующиеся процедуры. При этом нужно перевести их оказание полностью в электронный формат, без обязательного физического присутствия» [1].

Основными факторами, которые оказывают существенное влияние на развитие сектора малого предпринимательства в Казахстане, являются сложившаяся территориально-отраслевая структура экономики и институционально-правовая основа деятельности малого бизнес.

Первый фактор обусловлен сырьевой направленностью отечественной экономики и доминированием добывающих отраслей. Малый бизнес в этих условиях способен развиваться лишь в сфере торговли и услуг. Изменение сложившейся ситуации возможно при условии смещения отраслевых приоритетов экономики от добывающих отраслей промышленности к развитию перерабатывающих производств, в том числе легкой и пищевой промышленности, где малые предприятия могут выпускать конкурентоспособную продукцию.

Көптеген ойындар баланың тапқырлығын, табигат құбылыстарын, коршаған табигат ерекшеліктерін түсініп менгеруге арналған. Осындағы мән-мағынасы өте терең және жанжакты дамуға, баланың байқағыштығын тәрбиелеуге үлкен үлесін қосып, ойлау қабілетін дамытатын ойындардың бірі «Андардың айтысы» деп аталады. Бұл ойында қатысушылар жүргізушінің талабына сай белгілі бір тақырыпқа сай келетін әндер орындал, онда андардың дауыстарын, қылықтарын бейнелеп, олардың өзіне тән ерекшеліктерін сипаттап көрсетуді талап етеді. Мұның өзі хайуанаттар әлемі жөнінде накты ұғымдарды қалыптастырып, сонымен қатар музыкалық және артистік қабілетін дамытады. Топтасып ән айту, бірін-бірі тындал әрекет жасау дағдысын жетілдіреді.

Әр ойынды жүргізу және қатысушылардың орындау ережелері бар. Ол ережелердің тәрбиелік мәні өте үлкен. Бұларға ойынның барысы белгіленді, балалардың тәртібі мен іс-әрекеттің реті, олардың өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар анықталады. Сондықтан ойнау барысында тәртіп сақтауына, ерік-жігерінің қалыптасуына мүмкіндік тудады. Ойын шапшандықты, ептілікті, тиянактықты, тез бағдар табуды, ұжымдық, ұйымшылдық көрсетуді, бір-біріне көмектесуді, жауапкершілікті, батыл қымылды талап етеді.

Бұл ойындағы ерекшелік – билеп жүріп хормен өлең айтуды өзара үйлесімді әрекет ұйымдастырудың байқалады. Хормен ән айтып, би қимылын жасаған сайын кеудедегі қонырау әшекейлер өзара үндесіп жатады. Яғни, әуен саздары мен қонырау сылдыры ойнаушылардың қимылдарына сүйемелдеушілік жасап тұрғандай болады.

Өйткені ойындағы кимылдар жай қымыл емес, олар әуеннің ырғағына байланысты жасалған кимылдар болып табылады.

Мұндай ойындар халық педагогикасында өте көп және мазмұндары да бағыттары да бірін-бірі қайтала маityнда сан-алуан, әрі қызықты. Олар «Алақан соқпак», «Такия тастамақ», «Тартыс», «Айгөлек» т.б. Қай ойынды алсақ та, бәрінде де би элементтері кездеседі, ән, күй, тақпак, мәнерлі қымыл мен ыммен жасалатын көріністер бір-бірімен алмасып жатады. Бұлардың бірі нактыланған жағдайға қарай актерлік үлгіде, сахналық үзінді турінде орындалады. Ойын барысында қатысушылар өздерін күнделікті тіршілік жағдайында сезінбейді, керісінше, мұлде бөлек ортада сезім, поэзия, өнер әлемінде сезінеді. Олар ойнаған рольдерінен эстетикалық ләззат алуға талпынады.

Осындаған ойын ретінде көптеген санамақтарды келтіруге болады. Олар мәнерлеп сейлеуге үйретеді. Санамақтарда балалардың тақпакты нәшине келтіріп оку дағдысы қалыптасады. Осы сияқты санамақтар, қызықты орындалатын әуендер, тіпті адамдардың өзара қарым-қатынасында кездесетін қызықты әңгімелері жылдам, берік есте сақталады. Оны балалар өздерінің күнделікті ойындарында қызығып сүйіспеншілікпен қайталаиды.

Бастауыш сынып окушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты осындаған санамақтар мен қаламақтар мазмұны оларға өте жақын, түсінікті. Олар балалардың ой ерісін, тілін тез дамытуға өте икемді. Сонымен катар ойындарға қатысу арқылы балалардың мінез-құлқы сыйысымды болып, қарым-қатынас мәдениетін менгереді, әдептілікке, баскалармен санаусаға, тілалғыштыққа баулиды. Ойын кейіпкерлерінің мінез-құлғына қарап жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндік береді.

Халық ойындарының көптеген түрлерін сабактан тыс бос уақытта, үзіліс кездері үйімдастыруға, қолдануға мүмкіншілік өте мол. Сондықтан бастауыш сынып окушыларының өмірінде осы ойын түрлері үлкен орын алуға тиіс. Ойындар мен қатар халық шығармалары туындыларының бірі жұмбақтарды қолдану балаларды анғарымпаздыққа, тапқырлыққа, зеректілікке тәрбиелейді.

Жұмбақтар – халықтық шығармаларының ішінде үлкен орын алады. Жұмбақтардың шешімін айту баланың ақыл-ойын, ой-ерісін дамытып, ойлаған іс-әрекеттің шешімін тауып, үдесіне жетуге үйретеді. Жұмбақтар бала үшін өте қызықты құпия. Оны шешу қажеттілігі білімге қызығушылық тудырады. Баланың үшкыр ойын іске, әрекетке қарай баулиды. Ой – сананың қызмет етуіне себебін тигізеді. Жұмбақтар өмірде кездесетін шаруашылық кәсіпке байланысты, тіршілік тірекке тиянақ болатын, адам көніл аударатын қажетті заттардың барлығын қамтиды. Бәрін де алғаш жұмбақ етіп, біргіндеп оның құпиясын ашып беруді қажет етеді. Жұмбақты қолдану баланың ойлау қабілетін дамытудың өте тиімді тәсілдерінің бірі. Өйткені жұмбақты шешу барысында бала көптеген табиғат құбылыстарын салыстырмалы түрде бейнелеуге үйренеді «Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды» деп бұлттан шыққан күннің көзін ақ жібекпен салыстырып, бұлтты ақ сандыққа теңестіру арқылы баланы коршап отырған заттардың табиғат құбылыстарына ұқсас келтіреді. Бұл ойлаудың өте курделі түрі ассоциациялық байланыстар құруды талап етеді.

Жұмбақтардың тағы бір пайдалы жағы, ол әр баланың өз бойындағы құпияны шештіру арқылы, оларға өмірді танытады. Қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстарға зер салуға, соның себебін іздең табуға үйретеді. Сондықтан балалар жұмбақтарға өте үлкен қызығушылық білдіреді. Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де болады.

Бұл жұмбақтар балаларды табиғат маусымдарында кездесетін ерекшеліктермен таныстыра отырып, олардың әсем, әдемілігін, түр-түсін, т.б. ерекшеліктерін тани білуге, сезімталдықпен қабылдауға үйретеді.

Аталған тәсілдер сабак үстінде дидактикалық ойын ретінде қолданылады. Ойын-ойлау процестін дамытуға қолданылатын тиімді тәсіл.

Шығармашылық тапсырмалардың басым көпшілігі дидактикалық ойын ретінде үйімдастырылғандықтан дамыту сабактарының мазмұны балаларға тартымды және қызық

түрде келтіріледі. Бастауыш сынып мұғалімдері тәжірибесінде шығармашылыққа баулитын дидактикалық ойындар көп мөлшерде жинақталған. Олардың «Ақ сүйек», «Тенге ілу», «Гүл сыйлау», «Бейнені құрастыру», «Артығын табу», «Не жетіспейді» т.б. турлерін кеңінен қолдануға мүмкіндік бар.

Оқушының логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді менгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілудің манызды саласы болып табылады. Сондыктан оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау операцияларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Оқушылардың ойлауын дамыту ойлау операцияларын менгеруіне байланысты. Ендеше, оқушыларға тапсырмалар бергенде тандауга, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатында болуы керек.

Мысалы, сөздік-логикалық ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі: «Артығын анықта» әдістемесі. Баланың манызды бөліктерді бөліп көрсету, жалпытай білу дағдысын көрсетеді. Тапсырманы сурет не заттай немесе жазбаша түрде ұсынуға болады.

Сонымен қатар ойлау әрекетін дамытатын тәсілдерді ойын түрінде қолдануға болады. Мысалы, «Керісінше айт» ойыны. Бұл ойында қарама-қарсы мағыналы сөздерді өткенде пайдалану тиімді. Мысалы, толық-жінішке, қара-ақ, ыстық-сұық, бос-толы, т.б.

«Ұқастық пен айырмашылық». Оқушыларға әртүрлі заттар мен ұғымдарды салыстыру ұсынылады. Бастауыш сынып оқушыларына өздеріне таныс заттар: сүт пен су, сиыр мен жылқы, ұшак пен поезд (сурет түрінде ұсынуға болады). Ересек балаларға тапсырманы күрделі түрде: таң мен кеш, табандылық пен қыңырлық т.б. Дұрыс жауаптар, кателіктер, ұқастық пен айырмашылық ара қатынасы, басым белгілер т.б. айқындалады.

«Басқа қырынан таны». Белгілі бір заттың басқа қырын ашу. Мысалы, сіріңке тек жанып, жарқырап қана қоймай, пішіні мен салмағы жағынан кішірейеді. Оқушыларға қарапайым заттардың: полиэтилен қақпак, пенопласт т.б ерекше қасиеттерін ашу, анықтау ұсынылады. Ерекше жауаптар ескеріледі және ұсынымдарды талдауға да, пікірталас ұйымдастыруға да болады.

«Ұқастықтар іздеу». Белгілі бір зат немесе құбылыс айтылады, мысалы, «тікүшак». Әртүрлі нақты белгілер бойынша тікүшакқа ұқсас заттарды жазу. Ұқсас заттарды қасиетіне карай топтап жазуға да болады. Мысалы, «кұс», «көбелек» (ұшады, қонады), «автобус», «поезд» (көлік) т.б. Бұл тапсырма заттардың қасиеттерін анықтау, оларды белгілер бойынша жіктеуге арналған.

«Заттың қолдану тәсілдері». Жақсы танымал бір сөз беріледі, мыс: «кітап». Заттың қалыптан тыс неғұрлым көп қолдану аясын айту керек. Кітапты оқыды, бір нәрсенің астына қоюға болады, қажетті қағаздарды көзден таса зат ретінде жасыру мақсатында қолдануға болады т.с.с. сондай-ақ, тіс щеткасы, тоқыма сымы т.б. ұсынуға болады. Бірақ заттарды адамгершіліксіз, жыртқыштық жолмен қолдану тәсілдерін айтуға тыйым салынады.

«Сейлем күра». Өзара байланыспайтын 3 сез алынады. Мыс, «көл», «жарындаш», «аю». Осы сөздерден сейлем күрау қажет. Жауап қарапайым (Аю көлге қарындашын түсіріп алды) немесе күрделі (Бала қолына қарындаш алыш, көлде шомылып жатқан аю суретін салды) болуы мүмкін. Сонынан ұнаган жауаптар талданады. Шығармашылықпен жазылған сейлемдер мадакталады.

«Артық сөзді тап». Кез -келген 3 сез беріледі. Мыс, «ит», «қазан», «күн». Белгілері арқылы ұқастықтары бар 2 сез қалдырылады да, артық сөзді алыш тастау керек. Қалған екі сөздің өзара ұқастықтарын алынып салынған сөзден айырмашылығын неғұрлым көбірек атау керек. Мыс, «ит» сезі артық, «қызан», «күн» сөздері қалдырылады, өйткені олар: дөңгелек, қызылт, адамдарға куат береді. Қалыптан тыс нақты шешімдер қабылданады (бұлт, макта, дән) т.б.

Осы сияқты әртүрлі жаттығуларды мұғалім ретін тауып оку үрдісінде қолдана білсе, оқыту түрленеді, оның тиімділігі артады, оқушылардың ақыл-ойы жетіле туседі. Оқушыларға

тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды.

Осындай психологиялық тәсілдерді колдана отырып, тренингтік жаттығулар орындату барысында окушылардың пәнге қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды, шығармашылық пен дарындылық пайда болады. Сондай-ақ, тренингтік жаттығулар оқушы білімінің деңгейін көтеріп қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейді; жүйелі ойлап сөйлеуге, сөздік корын молайтуға, киялын ұштауға жетелейді.

Бастауыш мектепте алғашқы білім беру, тәрбиелеу жұмыстары барысында түрлі әдістәсілдерді ойын түрінде үйлестіре қолдану, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту арқылы баланың ойлау қабілеттің арттыру. Сонымен қатар, баланың ойлау қабілетін дамыту жұмысының қаншалықты маңызды екенін ата-аналарға түсіндіре, жеткізе отырып, оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына ата-аналарды катыстыру; ойлау қабілеттеріне арналған тапсырмаларды (жұмбақ суреттер, жағдаяттық тапсырмалар, тест тапсырмалары, ертегі негізіндегі тапсырмалар және т.б.) түрлендіре қолдану; балалардың өздерінің талаптануы, өзіндік қалауы еркіндігіне жағдай жасап өзіндік іс-әрекеттерді орындау, бастаған жұмысты аяқтау іскерліктеріне, өз ойларын еркін жеткізуге бейімдеу; көмекті қажет ететін балалармен жеке жұмыс түрлерін жүргізу; психологиялық ойындар, жаттығулар қолдану арқылы балаларға жан-жакты жағдай жасау, жағымды микро ахуал туғызу.

Оймызды корытындылай келе, бастауыш сынып окушыларының ойлау қабілетін дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі және оны үйімдастырудың тиімді жолдары, әдістәсілдері айқындалса, ол өз ретінде, бастауыш сынып окушыларының ойлау қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырды – деп ой түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оку қуралы. - Алматы: Санат, 1995.
2. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. – Алматы: Мектеп, 1987.
3. Ұзакбаева С. Тамыры терен тәрбие. – Алматы: Білім, 1995.

Шенгельбаева Қ.Б., Байсадыкова А.А.

Семинары направленные на развитие мышления учеников начальной школы

В статье рассматривается содержание работы по развитию мышления младшего школьника.

Ключевые слова: игра, словесно-логическое мышление, национальные игры.

K.B. Shengelbaeva, A.A. Baysadykova

Seminars directed for the development of the thinking of the students of the elementary school

In the article the content of the work on the development of the thinking of the younger schoolchild is examined.

Key words: game, verbal-logical thinking, national games.

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
КУЛЬТУРА И СПОРТ**

ӘОЖ 796

**БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ШЕБЕРЛІГІН АРТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК -МАҢЫЗЫ**

Ыбраев Н.Н.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
chimbergenovagulim@mail.ru*

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін артырудың әлеуметтік маңызы - шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің рөлін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру - педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Кілттік сөздер: мұғалім, қасіби білім, әлеумет, тәжірибе, игерген білім, қоршаған орта, жаңарту, қабілет.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман - уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шанырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас үрпақ бойына білім негізінің мәнгілік іргетасын қалаушы – ұстаз тұрады.

«Мұғалімдер - коғамның ең білімді, ең отанышыл, білгілерініз келсе, «ең сынампаз» бөлігі болып табылады», - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек [1]. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал, педагогикалық шеберліктің негізі неде?

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің рөлін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру - педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік міндеттік мектеп оқушылардың реформалардың мақсаты - оның нарықтық экономика жағдайында ғаламдық ауқымға ие болуын ескере отырып, саналы өзгерістерін қамтамасыз ету деп көрсетілген [2]. Білім беруді реформалау осы саладағы жинақталған он әлеуетті жақтардың негізінде осы процесті терендете мен дамыту үшін жаңа құқықтық, әдістемелік, қаржы материалдық жағдайларын жасауды және тиісінше кадрлармен қамтамасыз етуді талап етеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазда жүктелер міндет ауыр," - деген болатын [3]. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәннің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологикалық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаңы құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оку мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер менгерген педагог болуы керек.

Қазақстан зандары білім беруді қоғамның және мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуының негізі деп жариялады. Елімізде 1999 жылы қабылданған «Білім туралы» Занда білім беру жүйесінің басым міндеттері көрсетілген:

1 - білім беру бағдарламаларын менгеру үшін жағдайлар жасау;

2 - жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілік байыту;

3- азаматтық пен елжандылыққа, өз отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу;

4- әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикасының басқа да халықтарының тарихын, дәстүрлерін, тілдерін менгерту;

5- оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

6 - еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды кайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Осы міндеттерді орындаپ, жүзеге асыруда мұғалімдердің рөлі өте зор. Бүгін мұғалімдердің енбегінің нәтижесі қандай болса, ертең біздің қоғам сондай болады.

Адам кәжирлы енбегімен табиғатты өзгертсе, мұғалім жалпы жасампаз енбегімен жана адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындауды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сактауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дүрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды.

«Талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін. Талант көбіне, ақын - жазушыларда, әртістерде, өнер адамдарында кездеседі. Ал, «мұғалім болу - талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» - деген сұрақ туады. Ұстаздың барлығы талантты болып тумайды. Егер кез келген мұғалім ынта - ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп енбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін менгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті менгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

Педагогикалық шеберлік - ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К. Д. Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр-сырын менгермейінше, бұған оның қолы жетпейтіндігін», - айтады [4].

Педагогикада кәсіби қызметтің сапасын анықтайтын біртұтас әрі жүйелі түсінік «педагогикалық шеберлік» болып табылады. Орыс тілінің сөздігінде «шеберлік белгілі саладағы өнер деп анықтама берілген, ал шебер өз ісінде жоғары нәтижеге қол жеткізген маман» дедінген [5] (С. И. Ожегов, 1990). Педагогикалық шеберлікті адамның педагогикалық жұмысындағы жоғары өнерге қол жеткізген ерекше қалпы ретінде қарастыра отырып, оның кәсіби қызметтік және тұлғалық тұрғыдан өзіндік өлшемі бар екенін ескеру керек.

Педагог түрлі ғылым саласында озық білімді менгерумен шеберлікке қол жеткізе алады ма? Өз әріптестеріміздің тәжірибесінде кәсіби қызметінен көре аламыз ба? Жоқ, себебі педагог сағат сайын айналадағы өзгерістерді, жаңалықтарды қамтып, ғылымның зандылықтарына сүйену арқылы әдемілік пен тәрбиелікті жеткізе білу керек. Бұл жағдайда ең объективті зандар туралы сөз болып отырған, яғни нақты бір адамның педагогтың өмірге көз қарасы, қарым-қатынасы туралы екенін түсіну маңызды болмак.

Педагогикалық шеберліктің кейбір анықтамаларының мазмұнын кенес дәүірі мен қазіргі отандық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерден қарастырамыз.

Педагогикаға қойылатын талаптар туралы ағарту саласы бойынша халық комиссары А. В. Луначарскийдің макалалары мен басылымдарда жарияланған сөздерінен білеміз. 1928 жылы тәрбиешілер мен қоғам қайраткерлерінің мәжілісіндегі

сөзінде ол педагогқа жүктелетін жауапкершілік ерекше екенін атап айтқан: «Егер алтын құбыны шебер оны бүлдіріп алатын болса, онда оны қайта қүюға болады, егер асыл тастар бүлінсе, онда іске алғысыз болып қалады, бірақ ең зор баға жетпес гаяхар - өмірге келетін адам. Адамды бұзу ең ауыр қылымыс немесе қунәсіздіктің үлкен қунәсі. Бұл материалмен алдын ала не істейтінінді анықтап нақты, айқын жұмыс істеу керек» дейді [6].

Н.К. Крупская (1960) 1932 жарыққа шықкан «Мұғалім туралы» деген мақаласында «ұлғілі мұғалімнің мерилі» ретінде төмендегі критерийлерді аныктады: мұғалім өз пәнін, әрбір оқушыны, енбекті ұйымдастырудың ғылыми негіздерін білуі керек, оқушының қабілетін оята білуі, оқытудың әдістемесін менгеруі, оку мен тәрбие жұмыстарын ұштастыра білуі, беделді бола білуі қажет [7].

Педагогикалық шеберлік туралы А. С. Макаренконың (1988) пікірлеріне сүйенер болсақ, оның дәлелдеуінше шеберлік - бұл «тәрбие процесін шын мәнінде білу, тәрбие ісінде біліктің болуы». Бұл жөнінде ол: «Мен білік пен дағдыға негізделген шеберлік кана мәселені шеше алатынына өз тәжірибемде көз жеткіздім» дейді [8]. Одан әрі жоғарыда келтірілген шеберлік туралы түсінікті ережелер қатары кездеседі, «дауысты келтіру - өнер, көзқарасы мен қозғалысы, тұру, отыру, орындықтан көтерілу, кулу бәрі - өнер болып табылады». «Мен өзімді нағыз шебер болым деп есептедім, тек «мұнда кел» деген сөзді 15-20 түрлі етіп айта алатын, даусымды, бет- әлпетімді 20 түрлі етіп құбылта отырып, кімді болса да өзіме шақырғанда келетіндей және не істеу керек екенін бірден түсінетіндей дәрежеге жеткенде ғана» дейді.

Кенес педагогикасы педагогикалық шеберлік корифейінің мәнін мінез-құлық білігінің кең ауқымында қарастырады.

В.А. Сухомлинский (1981) бұл түсінікке нақты аныктама бермейді, дегенмен, ол педагог тұлғасы тәрбиеленушіні тәнті ететін, өзіне тарта білетін, рухтандыратын болуы керек деген пікір айтады [9]. Ол : «Идеалдар мен қағидалардың, көзқарастары мен талғамының, симпатия мен антипатияның, моральдық-әдептілік қағидаларының педагогтың сөзі мен ісіндегі гармоналды тұтастығы - міне, осындағы қасиеттер жалындаған жас ұрпақтың жүргегіне жол табатын шоқ жүлдіз болады» дейді. Сондай-ақ ауыз біршілік тәрбиеші үшін органикалық қажеттілігі ретінде өте маңызды, әрі жан дүниесін, жеке бақытын, ой-санасын онсыз елестете алмайтын өмір заны екенін айтады.

А.И. Щербаков (1968) педагогикалық шеберлік - мұғалімнің ғылыми, әдістемелік өнерінің, білігі мен дағдысының, жеке қасиеттерінің үндесіп, үйлесуі деп санайды. Мұндай үйлесімді тұтас әдістемелік өнер тек шығармашылықпен ғана туындаитыны айдан анық. Бұл өнердің негізгі атрибуты - өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен орындау дейді [10].

Ю.П. Азаров (1971), тәрбиешінің шеберлігінің маңызы туралы айта келіп, оның мәнін төмендегіше ашады: «педагогикалық шеберліктің негізі бала тәрбиесінің занылығын білу болып табылады» дейді. Одан әрі шеберліктің құрайтын құрамдас бөліктерінің өзара әрекеті туралы айта келіп, шеберлікке берген анықтамасын дамыта түседі: «сезім мен техниканың өзара әрекеті педагогтың жеке тұлғага немесе ұжымға жаппай эмоционалды образды ықпал жасаудың өкелетінін айтады» [11].

Міне, шеберліктің құдіреті – осындағы тұтасқан үйлесімде. Ю.П.Азаров (1989) қалың оқырман қауымына арнаған публицистикалық басылымында: «мен шеберліктің формуласын қайта-қайта айта беруге дайынмын, оның мәні: технология, қарым – қатынас, тұлға сияқты үштікте» дейді. Шеберлік істейтін ісіміздің материалдық жағында болуы тиіс, мен технология деп атап отырған. Бұл технологияны кешіктірмей іске асырсақ, соның арқасында қарым-қатынас жасалады. Ал бұл қарым-қатынас мені және мен қатысатын балаларды қалыптастырады деген екен [12].

Н.В.Кузьмина (1972,1980) шеберлікті маманың өз жұмыс жағдайын зерттеп, зерделей білуі, кәсіптік міндеттерін онтайлы шешу үшін кәсіби біліктілікті менгеруі деп анықтайды [8].

Н.В.Кузьминаның пікірінше (1980), педагогтың кәсіби шеберлігі тәжірибе мен оқу міндеттерін шеше білуді жоғары деңгейде менгеру. Бұл жалпы еңбек пен жалпы интеллектуалдық білік қалыптасқанда ғана жеткілікті биік дәрежеге ие болады (талдау, синтездеу, жалпылау, ауыстыру, нақтылау саласында).

Ю.К.Бабанский (1989) «мұғалім – кәсіби технологияны еркін менгерумен, шығармашылығымен бала оқытуда және бала тәрбиелеуде ерекше шебер» деп көрсетті. Сондай-ақ, автор педагог енбегінің қарапайым қырларын дұрыс талдау және педагогтың оптималды шешім жасау мен окушының жеке басы сияқты қасиеттерге тоқталады [13].

Н.В.Кухарев (1990) мұғалімнің белгілі дәрежедегі педагогтық шеберлігін қарастырудың дұрыстығын айта кетіп, оның шеберлігі психологиялық-педагогтық дайындығының жоғары деңгейіне негізделуі шарт дейді [14].

Павлютенкованың ойынша (1990), мұғалімнің кәсіби шеберлігін төмендегі компоненттер құрайды: а) тұлғаның мотивациялық саласы; ә) операциялық-техникалық саласы (интегралдық бірігу, жалпы арнайы білім мәнділігімен сипатталады); б) тұлғаның өзін - өзі тануы [15].

В.А.Сластениннің (1998) педагогикалық шеберлікке берген анықтамасы Ю.П.Азаровтың (1989) пікіріне жақын, ол педагогтық шеберлікті педагогикалық технологиямен өзара байланыстырады, дегенмен, ол тек операциялық компоненттермен шектелмеуі керек, адамның жеке іскерлігі мен оның бойында педагогтік процестің жоғары тиімділігін анықтайтын қасиеттерінің сабактасып жатуы керек деген пікір айтады [16].

И.П.Андиради (1999) педагогикалық шеберлікті жеке тұлғаның рухани-әдеп және интелектуалдық дайындығы, қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын шығармашылықпен ұғындыратын қасиеті деп қарастырады. Және де теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда кәсіби білік, дағдының болуы маңызды деп атап көрсетеді [17].

В.А.Мижоренко және М.И Ермоленко (1999) педагогикалық шеберлік педагогтік қызметтің дамуының биік сатысын жасай отырып, педагогтың педагогикалық технологияны игеруін, кәсіби және азаматтық бағытын, тәжірибесін, бүтіндей тұлғасын көрсете алатынын айтады. Педагогтік шеберліктің мәні жоғары нәтижеге қол жеткізетін білімді, білік пен дағдыға ұштастыру арқылы жүзеге асқан қызметтің деңгейімен анықталады [18].

В.П.Куравлеваның (1999) анықтамасында педагогтік шеберлік «... теориялық негізdemeler және мұғалім мен окушының арасын жоғары ақпараттық дәрежеде байланыстыратын педагогикалық іс-тәжірибелер мен операциялардың тұрақты жүйесі» делінген. Осы анықтаманы өрбіте отырып, автор теориялық білім мен жоғары дамыған практикалық біліктің үйлесіп, біртұтас болуы шығармашылықпен бекітіледі деп ой қосады. Шеберліктің нақты көрсеткіштері оқытушының ісінде, оку-тәрбие жұмыстарында, еңбек сапасында, міндеттерін жауапкершілікпен орындау кезінде көрінеді [19].

А.А.Сидоров, М.В.Прохорова, Б.Д.Синюхин (2000) педагогтік шеберлік педагогикалық мәдениеттің тірек компоненті деп есептейді және шеберлік сан алуан оқу-тәрбие ісіне байланысты міндеттерді табысты шешуде педагогтың жеке басының қасиеттерімен коса, оның психологиялық-педагогикалық ойлауы, кәсіби білігі, дағдысы мен эмоциясы өзара сабактастық табатын ерекшеліктері деп анықтайды [20].

Л.А.Байкова, Л.К.Гребенкиннің (2000) дәлелдеуінше педагогикалық шеберлік – бұл мұғалімнің шығармашылығымен, оқыту өнерін үздіксіз жетілдірумен пайда болатын педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейі біріншіден, педагогтың жеке

тұлғасына, жеке басының қасиеттеріне байланысты, оның бұл қасиеттері көсіптік қызметін өз бетінше ұйымдастырудың жоғары сатысына қол жеткізуіне жол ашады дейді. Яғни шебер – педагог бойындағы жеке қасиеттер жиынтығы, оның оған оқу – тәрбие жұмысын жақсы жүргізуіне септігін молынан тигізбек. Олардың ішіндегі ең маңыздылары азаматтық және патриотизм, гуманизм және зиялыштық, жоғары рухтағы мәдениеттілік пен жауапкершілік. Өте маңызды деп адамсүйгіштік пен адамдармен тіл табысу атап айтылған [21].

Одан әрі авторлар педагогикалық шеберлік анықтамасына токталады және технологиялық негізгі компоненттері жалпы биік мәдениет пен ізгілендіру бағыты болатын көзқарастары жүйесі – кәсіби білім, қабілеттілік, шығармашылық технологиялық құзірет болып табылады деп тұжырым жасайды.

А.М.Новиков (2000), педагог тұлғасының әлеуметтік рөлі өлшеусіз артып келеді, ол педагогтың жалпы және кәсіби мәдениетінде, қарым-қатынасында, әдебінде, оның жан-дуниесі байлығында. Автор бүгін педагогты кітаппен, дербес компьютермен немесе кашықтан оқытатын басқа құралдармен аудио-видео болмайтындығына көз жеткіздіреді. Осылайша нені үйретесін, қалай үйретесін, немен үйретесін, кім үйренеді деген шынайылық тұрады. Осыған байланысты А.М Новиков (2000) педагогикалық шеберліктің мазмұнын жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайды ашып береді, оқушыға өз мақсатына – мұратына тез жетсем, өз орнымды тапсам деген ой салу педагогтың дарынына байланысты екеніне назар аударады [22].

Орыс ғалымы В.Г.Белинский былай дейді: «Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы, әрі қастерлі десенізші: оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр» [23].

Сондықтан шебер педагог көзі қырағы, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің қуәсі болуы керек. Сонымен бірге жанынды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші – білім беру саласы мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер менгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі де басынан кешірген адам нағыз ұстаздар, шынайы бапкерлер осындағы қасиеті бар жандардан шығады. Сыпайы әдебімен, тұнық мінезімен, терен білімділігімен көпке жақын адам.

Педагог әрқашанда өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын адамдармен, әсіресе, оқушылармен қарым-қатынаска тез түсे билетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік билетін әрі уағыздаушы, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамындағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек.

Педагикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол - әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік:

- 1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сінірген адам екендігі;
- 2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сініре білгендей;
- 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін менгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

Педагикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар, жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамкорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

Болашақ ұстаздың педагогикалық мамандыққа өзін-өзі бағыттап, жұмысты ұйымдастыруы педагогикалық шеберлік незіздерін білумен шарттас. Бұл саланы

зерттеуші ғалымдардың пікірінше педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді:

- педагогикалық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылығы;
- педагогикалық кәсіби білігрлігі;
- педагогикалық іс-әрекетке бейімділігі;
- педагогикалық техникасы.

Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады.

Зерттеу жүргізген ғалымдардың пікірінше, педагогикалық шеберлік жөніндегі ғылыми-зерттеу пайымдаулар мыналар:

- педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық;
- тәрбие мен білім беру ісінің нәтижелілігі;
- әдістерді, құралдарды қолдана білудегі үйлесімділік;
- іс-әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы.

Сонымен катар әлеуметтік – қоғамдық өмірдің жаңауына байланысты кәсіптік педагогикалық шеберлік де дамуы тиіс.

Педагогикалық кәсіптік шеберлікті дамыту міндеттері:

1. Педагогикалық білім бірлігі.
2. Педагогикалық кәсіпке бейімділігі.
3. Ситуацияларды менгеру.
4. Балалардың психологиялық жағдайын менгеру.

Мұғалім шеберлігі – бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқыту өнері.

Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық белгісі – ой-өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен тендей қадам басамын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет. Қазіргі заман оқу әдістерін жеке менгеру де осы шеберліктің бір қыры. Енді бір қыры – шәкіртпен қарым-қатынастың, шәкірттің іс-әрекетін қуаттау немесе тежеу болып табылады. Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етумен, яғни, дәлелдеп сендіру, шәкірттің қызығушылығын дамыту, талап өте білу. Осы ықпал түрлерін іске асыруда ұстаз нағыз шебер болуы керек.

Педагогикалық шеберлік – мұғалімге оку-тәрбие процесін ұйымдастыруды қажетті кәсіби білім, білік және дағылардың жиынтығы. Педагогикалық шеберліктің негізі жоғары оқу орнында қалыптасады. Оның мазмұнына:

1. Кәсіби педагогикалық білім;
2. Педагогикалық тәжірибе;
3. Шығармашылық тәжірибе;
4. Тұлғалық қасиеттері;
5. Кәсіби педагогикалық бағыты енеді.

Мысалы, педагогикалық тәжірибе – біріншіден, мұғалімнің нақты жағдайларды, балалардың, балалар ұжымының ерекшеліктерін есепке ала отырып, педагогиканың практикадағы заңдарын және принциптерін шығармашылықпен, белсенді менгеру мен іске асыруы.

Ал, педагогикалық шеберлікті менгеру екі деңгейде жүргізіледі:

1. Кәсіби педагогикалық қызметкө дайындық кезінде алынған білім, білік, дағды.

2. Кәсіби педагогикалық қызмет барысында алынған білім, білік, дағды.

Педагогикалық шеберліктің нәтижесі ретінде мұғалімнің шығармашылығы, жеке тәжірибесі және оның жариялышы болып табылады. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен кәсіби қабілеттілігінің өзара байланысын А. С. Макаренко:



педагогикалық шеберліктің туа біткен ерекшеліктері, қасиеттері арқылы белгіленетінін жоққа шығара отырып, ол оның кәсіби қабілеттілік деңгейіне байланысты екендігін көрсетті. Оның айтуынша, іскерлікке, педагогикалық квалификацияға негізделетін педагогикалық шеберлік - бұл тәрбие процесін білу, оны құру, қозғалысқа түсіру. Педагогикалық шеберлікті менгеруге әрбір педагогтың жеке практикалық тәжірибесі мен еңбектенуі нәтижесінде қол жеткізуіне болады.

Шебер педагог – бұл жоғары мәдениетті, өз ісінің шебері, оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін біletін, психологиялық білімі бар, сонымен катар әртүрлі ғылым саласынан хабардар маман.

Педагогикалық шеберлік – балаларды сүйеттін, жүрек қалауымен жұмыс істейтін, әрбір педагогтың қолы жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отырылатын өнер.

Педагогикалық үрдістің ерекшелігі, оның құрылымы және мазмұны дамыту, оқыту, тәрбиелеу функцияларын тәжірибе барысында тарататын шеберліктің ашылу себептері болып табылады.

Педагогикалық шеберлік педагогикалық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, мынадай төрт жүйені қамтитын құрделі құрылымды қамтиды:

1. Педагогикалық технология (сейлеу мәнерінің техникасы, ойлау логикасы мен нақтылығы, бейнелі көрсетілімдері, қажетті құралдарды тандай білу дағдысы, формалары мен тәсілдері);

2. Педагогикалық шығармашылық (шығармашылық талдау, стандартты емес ойлау, жана ақпараттар іздестірудегі қажеттілік, экспериментке ұмтылыс);

3. Пәндік білім (көсіптік құзырлылық, арнайы кәсіби даярлығы, оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибесі, ғылыми біліктілігі);

4. Педагогикалық стиль (педагогикалық нақтылық, өзінің және өзгенің әрекетін кабылдай және бағалай білу дағдысы, педагогикалық бағыттағы тіл табысу мен әрекетшілдік, педагогикалық тактика мен этика, тыңдай және тындана білу дағдысы, адамдардың ішкі дүниесін тануға қызығушылық).

Оқыту пәнін толық менгеру, оның тарихын, теориясын, тәсілдерін, қазіргі заманға сай тәжірибесін білу педагогикалық шеберліктің негізін құрайды.

Педагогикалық (білім беру) технология.

1) кәсіби педагогтың басқаруымен жүргізілетін окушылардың өзіндік және өзара білім алу процесі, оку жоспары мен оку бағдарламасында анықталған білім мазмұны мен әрекет түрлерін менгеруге байланысты олардың жұмысының әрбір сатысында болатын өзгерістер мен түрленулер; 2) студенттерді педагогикалық мамандықтарға кәсіби дайындауға арналып бағытталған оку (ғылыми) пәні; 3) дәстүрлі педагогикада:

а) іс-әрекеттің тиімді үйымдастыру және оны жарактандыру;

ә) өте аз шығынмен нәтиже алуға мүмкіндік беретін бірізді амалдар;

б) педагогикалық проблемаларды әдіснамалық деңгейде талқылауға мүмкіндік беретін педагогикалық категория;

в) педагогика, оку процесін толық басқаруға мүмкіндік беретін жүйелі ойлау тәсілін енгізу;

г) орындалуы кепілдікпен педагогикалық мақсаттарға алып келетін әрекеттің тәртіптелген жүйесі;

д) дидактикалық инфракұрылым, яғни оқытудың техникалық құралдарын немесе компьютерлерді пайдалану, сонымен бірге пайдаланылған әдістердің көмегімен білім берудің тиімділігін арттыратын ықпалдарды талдау жолымен білім беру процесін онтайландау тәсілдерін анықтау және принциптерін анықтау:

е) педагогикалық шеберлік;

ж) оқыту мен тәрбиелеудің бірегей әдістемелері;

з) дәл берілген мақсаттары мен оған жету жолдарын нақты анықтауға және сипаттауға болатын оку процесін басқару бағыттындағы дидактикалық проблемаларды шешу.

Педагогикалық шығармашылық – педагогикалық шеберліктің маңызды және белгілі құрамдас бөлігі. Оның маңыздылығы оқыту мен тәрбиенің жоғары дәрежелі нәтижесінде және «мұғалім – оқушы» жүйесінде онтайлы қарым-қатынасы нәтижесінде ғана ашылады. Педагогикалық шығармашылықта әр түрлі проблемалы жағдайлардың пайда болуы және өз көзқарасы мен стандартты емес тәсілдермен шешуге ұмтылуы шартты. Накты шығармашылық ақпараттың толықтылығы және педагогтың оку-тәрбие үрдісінде педагогикалық өзара әрекеттесудің әр түрлі құралдары, формалары мен тәсілдерін тиімді және жаңаша қолдану негізінде қаланады.

Педагогикалық стиль – педагогты (бір мектептің) өзге педагогтардан ерекшелеп тұратын өзіндік ойлары мен әрекеттерінің ерекшелігімен сипатталады.

Әр педагогтың оку-тәрбие процесін үйимдастыру сипаты болып келеді. Оны окушылар байқайды. Онтайлы сипат әлемдік позициядағы көрегенділікпен, үнемі өз-өзін жетілдірумен, жұмысқа, өзіне тәрбиеленушілерге деген дұрыс қатынасының әр алуан бағыттылығымен сипатталады. Психологиялық-педагогикалық өзара қатынаска түсөтырып, педагог-гуманистің өзіндік танымы мен рефлексиялық қабілеті ашылады.

Аттракция (латын тілінен attractio – тартылыс) – педагогтың тартымдылық күшінен ие болу, өзге жанды баурап алу, ашық, сүйкімді болу қабілеттілігі.

Эмпатия – педагогтың өзге адамды, оның уайым-қайғысын, әрекет ету мотивін және сыртқы ортаға деген өсерін іштей түсіне білу дағдысы; бұл – рухани-эмоционалды күйді түсіну, осы күйді онымен бірге қайғыру.

Рефлексия – педагогтың өзін, өзінің психикалық жағдайын сезінүү, өзін сырттай елестете және сезінен білу, өзге адамдардың өзін қалай бағалайтындығын байқай білу дағдысы.

Жоғарыда аталып өткен касиеттерді өз бойынан таба біletін педагогтың мәдениеттілігі, оның педагогикалық тындау және тындаста білу әдісі бойынша ерекшеленеді. Құнделікті қызметте өзіндік сыншылдық негізінде ол өзінің және өзгенін әрекетін бағалай біletін жағдайда болып педагогтың оку-тәрбие міндеттерін сәтті шешуіне мүмкіндік береді.

Білім сапасын дамытудың негізгі көрсеткіші мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты өрнектеледі. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі келесі педагогикалық шарттарды жүзеге асыруы барысында дамытылады:

Мақсаттылық – мұнда мұғалім іс-әрекетіндегі саналы мақсат әдістер, әрекеттердің тиімді түрлері таңдалып анықталады да, күтілген нәтижелерге іс-әрекет пен оқыту нәтижесінің қорытындыларын салыстыру әрі басқару құралы қызмет атқарады.

Тұлғалық-әрекеттілік. Мұнда жобалауда қойылған міндеттерді шешуде мұғалімнің оқушылармен, әріптестерімен педагогикалық ұйымды қарым-қатынастарды тағайындаумен байланысты іс-әрекеттер қамтылады. Ең бастысы, тыңдаушылардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуын қамтамасыз ететін өзіндік жұмыстарға ерекше назар бөлінеді.

Процессуалдық. Мұнда білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың аймақтық жүйесінде білім беру іс-әрекетінің арнайы ұйымдастырылған үрдісі ретінде қарастырылады және оқытудың топтық форма мен бірлескен іс-әрекетке бағдарлануын талап етеді .

Басқарушылық. Бұл жерде білім арттыру курсарындағы оқыту үрдісін рефлексивтік түрде басқаруды мұғалім-мазмұндану деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің бір ғана сыры – оның мамандығы. Бұл дүниеде тенденсі жоқ мамандық тек мұғалімге лайық. Сондықтан ұстаз адам – кәсіби мамандығына құштар, оны жантәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс. Олай болса, мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Мұғалім адамның өз пәнін терең менгеруі, оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлілігін үздіксіз ұштай, шындаі түсініштің қыры болмак.

Ушінші қыры – мұғалімнің тілді менгеруі, тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сейлей білудің өзі – өнер. Себебі, тіл – тәрбие құралы.

Төртінші қыры – байқағыштық сезімі және көрегендігі.

Бесінші қыры – әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздығы.

Алтыншы қыры – жан-жақты дарындылығы.

Жетінші қыры – ұздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы.

Сегізінші қыры – үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті немесе педагогикалық әдеп-этикасы деуге болар еді. Себебі, мұғалімнің келбеті сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сейлеу мәдениеті, ұздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі.

Мұғалім – Ұстаз тұлғасы, оның іс-әрекетінің сан-қырлылығынан ұстаз беделі деген ұғым туындаиды. Мұғалімнің беделді болуының алғы шарттары: бірішіден, балаға үлгілі болуы және үлгі көрсетуші болуы керек.

Білім беру саласында қоғам қойған міндеттерді шешу үшін ұстаздар педагогикалық шеберлікке ие болуға тиісті. И.А.Зязюннің пікірінше, педагогикалық шеберлік – бұл кәсіптік педагогикалық іс-әрекетті өзі ұйымдастырудың жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін тұлғаның қасиеттерінің кешені. Ал, В.А.Сластениннің пайымдауынша, педагогикалық шеберлік – бұл педагогикалық процестің жоғары пәрменділігін қамтамасыз ететін жеке адамның жекелік іскерлік белгілері мен қасиеттерінің синтезі.

Ал, оның компонеттеріне *гуманистік базыты*, *кәсіби білімі*, *педагогикалық қабілеті* және *педагогикалық техника* жатады.

Сондай-ақ, педагогикалық шеберліктің маңызды бөлігі ретінде педагогикалық техника қарастырылады. Бұл жеке оқушыға немесе ықпал жасауға арналған әдістемелік құралдардың тиімді және дұрыс қолдану шеберлігі. Оған мұғалімнің сейлеу техникасы, өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, киім киісі, эмоционалдық тұрақтылығы, дауыс ырғағы және тағы да басқа қасиеттері жатады.

Педагогикалық техника – мұғалімнің өздерінің жеке психофизиологиялық жай-күйін, көніл-күйін, эмоциясын, денесін, сөзін және педагогикалық мақсатты қарым-

қатынасын үйымдастыруды қамтамасыз ететін жалпы педагогикалық және психологиялық білім кешені.

Педагогикалық қабілеттілік – мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін жеке-дара психологиялық ерекшеліктері мен кәсіби маңызды сапасының қорытынды жиынтығы.

Мынадай турлерге ажыратылады:

- *гностикалық* (тани білу және танымнан канагат алу бірлігі);
- *дидақтикалық* (білімді түсіндіру, бере білу және оқыту білігі);
- *коммуникативтік* (қарым-қатынас жасау, ынтымақтасу білігі);
- *ұйымдастырушылық* (тәрбиеленушілерді алуан түрлі іс-әрекеттерге қосу, оларда оған деген қызығушылықты шакыру, өкілеттік беру, барлық катысушыларды біріктіру және олардың қызығушылығын қойылған мақсаттарды іске асыруға бағыттау білігі);
 - *перцептивті* (баланың ішкі әлеміне ену, олардың қобалжыған сезімін және күйін, қабілеті мен эмоциясын түсіну білігі);
 - *болжамдық* (педагогикалық болжай білуді жүзеге асыру, педагогикалық іс-әрекетте өзара әрекет нәтижесін болжамдау білігі);
 - *сүггестивті* (мұғалімнің эмоционалды-жігерлі иландыруы, оның бекем қайратты сөзі көмегімен ықпал етудің қажетті нәтижесіне жету білігі);
 - *экспрессивті* (өзінің білімі мен танымын эмоционалды және мәнерлі етіп бере алу мұғлімнің әртістігі, сөйлеудің көп бейнелі интонациясын, ымды, қозғалысты, икемділікі менгеру білігі).

Педагогикалық шеберліктің бар немесе жоқтығын анықтау үшін И. Л. Зязюн мынадай критерийлерді белгілеген:

- мақсатка лайықтылығы (бағытталғандығына қарай)
- өнімділігі (нәтижесіне қарай білімдік, тәрбиеленгендей дәрежесі)
- оптимальдылығы (әдістерді, құралдарды тандауына қарай)
- шығармашылығы (іс-әрекеттің мамұнына қарай). Сонымен, болашақ мұғалімдердің кәсіби білімін қалыптастыру қазіргі кезеңде кәсіби білім беру жүйесін дамытудың мазмұнды сұраныстары және даярлық жүйесіндегі сәйкес мазмұнды қарастыруға, кездесетін қайшылықтарды женуге бағытталады.

Тұлғаның өзін-өзі кәсіби-шығармашылық дамыту мұғалімнің өзіне маңызды және шығармашылықпен қабылданған сыртқы факторларға негізделген саналы тұлғалық қалыптасу үрдісі болып табылады. Ол мұғалімнің өзін-өзі тану, өзін-өзі үйымдастыру, өз бетімен білім алу механизмдері арқылы жүзеге асырылады. Мұнда шығармашылық пен ой-өріс осы үрдісті үдетеу тәсілдері ретінде қолданылады.

Мұғалімнің кәсіби білімі – мұғалімнің әлеуметтік тәжірибелі менгеруі, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білуі және өзін-өзі, қоршаған органды жаңарту қабілетімен қатар басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

Кәсіби білімді жоғары деңгейде менгерген мұғалімнің шешүгे тиісті міндеттері:

- жаңаша ойлауға, таным және өзіндік үйымдастыру әдістеріне оқыту;
- окушыны құбылысқа тұластай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету;
- окушыны өзін-өзі үйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету;

Педагогикалық кәсіби білімді жоғары деңгейде менгерген мұғалімге тән мінездүйлілік:

- балаларды сүйе білу ізгіліктік қағида мұғалімнің адами маңызды сапасы;
- баланы, адамды құрметтеу әр адамның бойынан тұлғаны көре білу қасиеті;
- балаға, адамға сену, оқу процесіндегі жетістік кепілі, ізгіліктік пен өзіне-өзі сенім;
- оқу процесіне қатысушы ретінде баланың, адамның досына айналу, оған қолдау көрсету және көмектесу;

-педагогикалық еңбек мәдениетіне бағытталу мұғалімнің тұтастай дүниетанымын қалыптастыруға бағытталу;

Педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары:

- әрекетшілдік сана (жауапкершілік, ар намысшылдық, еңбексүйгіштік, нақтылық).

- рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, өзіндік сыншылдық, білімпаздық).

-коммуникативтілік сапа(шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік, міндеттілік).

- элепатиялық сапа (өзіндік түсіністік, қайырымдылық, түсінушілік, қайғыға ортақтаса білуге қабілеттілік).

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оның өзіне деген сенімділігін, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады.

Қазіргі заманғы құзырлылығы қалыптасқан мұғалімнің кәсіби әрекетінің құрамына енетін бөліктерді менгеру мектептің әр мұғалімінің міндеті, олар:

- *ақпараттық* (біліктер: ақпараттық қабылдау, жинау, тандау, жүйелеу, талдау, тұзу, жалпылау, бағалау, бейімдеу, шолу);

- *зерттеу* (біліктер: проблема туғызу, мақсатты, міндетті, пәнді, объектіні тұжырымдау, зерттеу әдістерін менгеру және жоспарлау, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу нәтижелерін өндеу, корытындыны тұжырымдау және т.б.);

- *интеллектуалдық* (біліктер: жүйелеу, жалпылау, талдау, жіктеу, салыстыру, мәнін түсіну, жалпы мен жекені айыра білу, мақсат қою, ой жүгірте алу.)

- *кreativtі* (біліктер: елестету, жалғастыра алу, негізін бөліп алу, алдын ала білу, жаңаша түрлендіру);

- *диагностикалық* (біліктер: диагностиканың тәртібі бойынша жүргізу, оның нәтижелерін өндеу және т.б.);

- *болжасу* (біліктер: мақсат қою, ақырғы нәтижені болжасу, болжамды, мақсатты, міндетті тұжырымдау, қор іздестіру, түзетулер жасау және т.б.);

- *коммуникативті* (біліктер: байланыс орнату, ақпараттарды алмастыру, вербальды және вербальды емес қарым-қатынас, өзара әрекеттестік жасау және т.б.);

- *аксиологиялық* (біліктер: объект пен бақылау формаларын тандау, параметрді тандау, нәтижені қажетті мөлшерімен салыстыру, өзін-өзі ұйымдастыру, реттеу және т.б.);

- *басқару* (біліктер: ұйымдастыра басқару, ынталандыру, мақсат қою, болжасу, бақылау, әрекет нәтижелерін түзету және қадағалау);

- *жобалау* (мақсат қою, жоспарлау, жобалау, түзеу, модельдеу, құрастыру, технологияландыру);

-*инновациялық* (мәліметтер жинау, ой жүгіртулер арқылы бағалау, қадағалау, эксперимент жүргізу, өндеу, енгізу);

Мұғалімнің өзін-өзі кәсіби шығармашылық дамыту көрсеткіштері мен белгілері мүнадай:

1.Мамандық құралдары арқылы өзін-өзі дамытуды көздейтін дербестік:

-тұлғаның өз біліктілік деңгейін, кәсіби білімділік дәрежесін, кәсіби ынтасы мен өз іс-әрекетіне қанағаттанушылық деңгейін бағалай алу қабілеті;

- өз жұмысын орынды жоспарлау мен ұйымдастыру, өзін-өзі реттеп отыру қабілеті, ұжымды жұмыс істеудегі ұйымдастырушылық және коммуникативтілік қабілеттері;

- өз бетімен мамандығына сәйкес білім, білік және дағдыларды менгеру, кәсіби маңызды сапалар мен қабілеттерді терендету және кеңейту, кәсіби жаңаруға деген тұракты дайындық.

2.Кәсіби бағдарланған ойлау, нақты білім беру саласындағы мәселелерді шешуде қабылданған тәсілдерді қолдана білу, кәсіби әрекет стратегиялары мен әдістерін өндеу.

3.Кәсіби педагогикалық іс-әрекетке шығармашылық карым-қатынас, енбектегі инновацияға дамыған қабілет, жеке шығармашылық еңбек есебінен тәжірибесін байыту.

Қазіргі уақыттағы мұғалімнің кәсіби, көп жағдайда әдістемелік ой-өрістің жоғарылығы мен мұғалімнің кәсіптік білім беру іс-әрекетінің деңгейінен байқалады.

Біліктілікті арттыру жүйесінің осындай тұстарын жоюдағы негізгі салмақ қазіргі таңда қосымша білім беруді жүзеге асыратын білікті арттыру институтына түседі.

Мұғалімге ең қыын жұмыс, баланы қырық бес минут бойы сабакта отырғызып, сабак тындару. Қазіргі кезде балалар жан-жақты, ақпаратты тез қабылдайды. Сол үшін мұғалімге актерлық шеберлік керек. Актер болу ол шеберлікті талап етеді.

Мұғалім - шебер актер, әрі тәрбиелеуші. Бір уақытта бірнеше рөлге енеді.

Шебер мұғалім сабакты қалай өткізу керек екенін біледі, бірақ актер болуды көздемейді. Сабакта, сабактан тыс уақытта да актерлік элементтерін пайдалана білу керек. Мысалы: сабакты нашар оқитын оқушы, бірақ ол ешбір дайындықсыз күнделікті сабакқа келеді. Мұғалім оны қалай қызықтыратынын білмейді. Бір сабакта оқытушы Ерболды мұғалім рөліне өзі оқушы болып сынап көрмекші болып шешті. «Сен бүгін мұғалімсің, ал мен оқушы рөлін ойнаймын. Ал кіріс», - деп оған орнын берді. Тақтада есеп шығару барысында «оқушы» қате жібереді. Ербол катесін түзеп, ескерту айтады, сейтіп алма-кезек рөл ауыстыру арқылы мұғалім оқушыны сабак барысына араластыра білді. Бұл белсенділік принципінің бір элементі болып табылады.

Болашақ педагогтардың кәсіби міндетін дамыту қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу мәселеісіне айналуда.

К. С. Станиславский оқушының жан-дүниесін түсініп, жұмыс жасауды ұсынады. Сондай-ақ, мұғалімнің 4 түрін атап көрсетеді:

1-ші түріне *белсенди*, киялды жақсы дамыған, әркез ізденушілікпен айналысатын мұғалім. Олар сабакты жаңа әдістермен өткізуге тырысады.

2-ші түріне *белсенди емес*, өз пәніне деген немікшілікпен қарайтын мұғалім.

3-ші түріне *бір ізбен журнейтін мұғалім*. Бірде сабакты қызықты, кейде жалқаушылық танытатын. Бұл мұғалім кітаптағы материалды қайталап, еш жаңалық енгізбейді.

4-ші түріне *еинэрсе, минні кітаптен де, ізденушілікпен айналыспайтын мұғалім* түрі. Мұндай мұғалім тіпті болмау керек деген екен.

Көптеген зерттеушілердің пікірлерінше, ақпараттық қоғамдық ресурс ретінде жаппай пайдаланудың жаһандық әлеуметтік процесі, оның нәтижесінде ғылыми-техникалық прогресс, қоғамды демократияландыру мен интеллектуалданудыру жылдамдығы арта туседі, экономика қарқыны күштейеді. Мұндай экономиканы М. Кастельс ақпараттанған және жаһандық деп атады. Бұл олардың ерекшеліктерін және арасындағы өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, ақпараттанған экономикада факторлардың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттігі ең алдымен білімге негізделген ақпараттарды жиынтықтау, өндеу және тиімді пайдалану қабілеттігіне байланысты. Жаһандық экономикада өндіріс, тұтыну және тауарлар мен қызмет түрлерінің айналымы, сондай-ақ, оның бөлшектері (капитал, енбек, шикізат, басқару, ақпарат, технология, нарық) сияқты экономикалық іс-әрекеттің негізгі түрлері жаһандық деңгейде ұйымдастырылады. Тек экономикаға емес, қоғам өмірінің басқа да салалары ақпараттануды қамтиды және соған сәйкес сол салалардағы өзгерістер де жаһандық деңгейде орын алады.

Ақпараттандыру процесі ақпараттық қоғамда сапалы жаңа деңгейге көтерілген ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуын да қамтиды. Байланыс пен бұкаралық ақпарат құралдарының жоғары технологиялық тәсілдерінің пайда болуы ақпараттық-коммуникативтік іс-әрекетті қалыптастырады.

Бұкаралық коммуникация сияқты құбылыс пайда болды. Б.М. Фирсов бұкаралық коммуникацияны ақпаратты (білімдер, рухани құндылықтар, моральдық-құқықтық ережелер және т.б.) техникалық құралдардың (баспа, радио, теледидар, кинематограф және т.б.) көмегімен саны жағынан көп, шашыранқы аудиторияларға тарату процесі ретінде қарастырды. Яғни, бұкаралық ақпарат құралдары уақыт пен кеңістік шекараларынан асып, бір уақытта бір -бірінен алшаш орналасқан, саны жағы нан өте көп индивидтермен байланыс жасауға мүмкіндік береді. Бұкаралық коммуникация

«салыстырмалы үрдөт үлкен әртүрлі және анонимдік аудиторияға ие; ақпарат жылдам таратылуымен ерекшеленеді және көпшілік алдында аудиторияның көп бөлігінің баяу қабылдайтынына бағдарлана отырып ұсынылады; коммуникаторлар күрделі үйимға біріккен және индустрія саласында көп қаражатпен жұмыс жасайды». Ақпараттық - коммуникативтік технологияларды пайдалану есебінен ақпараттық ағынның тұнықтығына қол жеткізіледі, бұқаралық аудиторияға күнделікті тұрмыстық және арнаулы ақпараттарға қол жетімділік жолы ашылады.

Канадалық мәдениеттанушы әрі философ М. Маклюэннің еңбектерінде коммуникация мәселесі басты орынға ие. Оның пікірінше, «коммуникативтік процесс қоғамның экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік өмірін қамтиды. Қоғамдық қатынастар мен өзара әрекеттесулердің барлық түрлері коммуникативтік процесте айқындалады. М. Маклюэннің пайымдауы бойынша, электр қуаты, радио, телеграф, ақпаратты бір уақытта қабылдау мен тарату сияқты техникалық дамудың жетістіктері адамды «азық жинаушыдан» «акпарат жинаушыға» айналдырыды [5].

Ақпарттандырудың, компьютерлендірудің, қоғам дамуының барысында жасалған коммуникация құралдарының әлеуметтік қеңістіктің барлық салаларына сіңіп кеткендігі күмәнсіз.

Қоғамдағы орын алғып жатқан өзгерістерді әртүрлі қырынан талдауға және түсіндіруге тырысатын заманауи әлеуметтік-философиялық ойлардан бірнеше теориялар бас көтерді.

Ағартушылық кезеңіндегі қоғамдық даму идеяларына сүйеніп, технологиялық детерминизм аясында 1945-1950 жылдарда орын алған әлеуметтік өзгерістерді сипаттай отырып, батыстық әлеуметтік - философиялық ой-пікірлер постиндустриалдық қоғам тұжырымдамасын рәсімдеді. Ол Д. Белл, З. Бжезинский, Дж. Гэлбрейт, П. Друкер, Э. Тоффлер және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қеңінен баяндады.

Индустриализмнің «индустриалистік тармағының» көшбасшысы Дж. Гэлбрейт «Жаңа индустріалдық қоғам» еңбегінде жаңа индустріалдық қоғамды (постиндустриалдық) өндірістің айқындауши факторы саналатын білімдердің негізінде капитализмнің толық трансформациялануының нәтижесі ретінде тұжырымдады. Ол ғылыми-техникалық мамандар мен басқару саласындағы мамандардан құралған басқару блогын сипаттайтын «технокұрлық» ұғымын енгізді.

Постиндустриализмнің дамуына орасан зор үлес қосуышы американдық саясаттанушы З. Бжезинский «Екі ғасыр арасында. Американың технотрондық кезеңдегі рөлі» атты еңбегінде концептуалдық футурологиялық қағидаларын баяндайды. Бжезинскийдің пікірінше, «постиндустриалдық қоғам мәдени, психологиялық, әлеуметтік және экономикалық қатынастарда техника мен электрониканың әсерімен қалыптасатын технотрондық қоғамға айналады».

Жиырмасыншы ғасырдың 60-жылдарында постиндустриализм аясында «акпараттық қоғам» ұғымының айналасында қалыптасқан жаңа концептуалдық ағым пайда болды. Аталмыш терминді түрлі ақпарат көздерінің мәліметтері бойынша, Токио технологиялық институтының профессоры Ю. Хаяши немесе АҚШ-та Ф. Махлуп, Жапонияда Т. Умесао енгізді. Ақпараттық қоғам теориясының негізінде интеллект пен білімнің әлеуметтік дамудағы басым рөлі туралы идея, «өркениеттің жаңа ахуалын оның жекелеген белгілерін талдау арқылы анықтау» талпынысы жатыр.

Ақпараттық қоғам тұжырымдамасының өкілдері М. Кастельс, Р. Катц, Й. Масуда, Д. Нейсбит, М. Порат, Т. Стоунънер кейбірж басқа да зерттеушілер коммуникацияның және ақпарат тасымалдаушылардың техникалық құралдарының (М. Маклюэн), басқарудың жаңа формаларының (Й. Масуда), желілікәрекеттесудің (М. Кастельс), ұзақ мерзімді дамудің қоғамдық міндеттерінің (Дж. Нейсбит) дамуымен байланысты қазіргі заман тенденциялары жайлы жазды.

Жапониядағы Ақпараттық қоғам институтын құрушы және басшысы Й. Масуда ақпараттық қоғамды индустриалдық қоғамның нәтижесі ретінде қарастырады. Оның барысында ақпаратты жасаумен және тұтынумен байланысты іс -әрекет салалары карқынды дамыды. Компьютерлендіру арқылы адамға сенімді ақпарат көздеріне деген қол жетімділікті ұсынатын, оны қол енбегінен босататын бұл қоғам өндірісті автоматтандырудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Өндірістің сипаты да, оның қоғамдық қызметі де өзгереді: «материалдық өнімнің емес, ақпараттық өнім өндірісі қоғамдық білім мен дамудың қозғаушы қүші болады».

Осыған ұқсас көзқарасты Т. Стоунъер де ұстанады. Ол болашақта пайдалану үшін ақпаратты жинақтауға және сактауға болатын орта сияқты ақпараттық қоғам жайлы тұжырымдайды. «Елдің ұлттық қазынасын көбейтуге болатын үш негізгі тәсіл бар: 1) үнемі капитал жинақтау, 2) әскери басып алулар және аймақтық ұлғаю, 3) «ресурс еместі» ресурста айналдыратын жаңа технологияларды пайдалану». Ақпараттық қоғамда қазынаның әлеуетті қайнар көзі ұлттық ақпараттық ресурстар болатындықтан, ақпараттық экономиканы дамыту қажеттілігі туындейды. Бұл жерде қызмет көрсету саласы өнеркәсіп өндірісінен басым болады. Негізінен, көрсетілетін қызметтер ақпарат өндеумен байланысты болады [6].

Қоғамдық іс-әрекетті ақпараттандыру мәселесінің жан-жақты қарастырылуына қарамастан, ғалымдар жаңа әлеуметтік құрылымды анықтау жолында ортақ пікірге келе алмады. Біздің пікірімізше, қысқа әрі нұсқа анықтама: «акпаратқа негізделген қоғам». Бұл кең улгіде ұсынылған барлық анықтамалардың негізінде жатыр.

Жоғарыда баяндалған мағлumatтардың негізінде келесі анықтаманы беруге болады: Ақпараттық қоғам – бұл іс-әрекеттің барлық салаларында жаһандық ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың көмегімен ақпараттың қалыптасуы мен тұтындылуы жүретін қоғам.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Винер, Н. Творец и Будущее / Н. Винер. М. : Издательство АСТ, 2003. -732 с.
2. Абдеев, Р. Ф. Философия информационной цивилизации / Р. Ф. Абдеев. -М. : ВЛАДОС, 1994. 336 с
3. Кастельс, М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура / М. Кастельс. М. : ГУ ВШЭ, 2000. - 608 с.
4. Назарбаев Н. Стратегия становления постиндустриального общества и партнерство цивилизаций. –Москва: Экономика, 2008. -398 с.
5. Мальковская, И. А. Многоликий Янус открытого общества: опыт критического осмысления ликов общества в эпоху глобализации / И. А. Мальковская. М. : КомКнига, 2005. - 272 с.
6. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық Ғылым мен техниканың батыстық философиясы, 10-том. - Алматы: Жазушы, 2006. – 454 б.

Аликенова К.Н., Нурбекова А.К.

Философия информационного общества.

В статье отывается роль информации в обществе, множество определений информации и темы ее развития. Существует также мнение различных ученых об информации, информатизации общества. Процесс информатизации тесно связан с компьютеризацией, однако указывает на значительные различия. Существует ряд теорий, основанных на современных социальных и философских мыслях, которые пытаются анализировать и объяснять различные изменения в обществе с точки зрения информатизации. В докладе отывается о представителях концепции информационного общества, а также в конце дается определение понятия информационного общества.

Ключевые слова: информация, кибернетика, информатизация, информационное общество, коммуникация, компьютеризация

K.N. Alikanova, A.K. Nurbekova

Philosophy of the Information Society.

The article describes the role of information in the society, a lot of definitions of information and the path of its development. There was also the opinion of various scientists about information, information of the society the process of informatization is largely connected with computerization however, a number of theories based on modern social and philosophical thinking, which try to analyze and explain various changes in the society from the point of view of information. The report describes the representatives of the concepts and the end, the definition of the concept of the information society is given.

Key works: information, cybernetics, informatization, information society, communication, computerization

ӘОЖ:373.1.02

М.МАҚАТАЕВ «РЕКВИЕМІНДЕГІ» КҮРЕСКЕРЛІК РУХ

Ансабаев Д.С.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада М.Мақатаевтың «Реквием» поэмасы А.Моцарттың «Реквием» шығармасы негізінде жазылып, өмірдің қысқа, өткінші екендігін жырлаган философиялық толғам екендігіне талдау жасалынған.

Кілттік сөздер: өнер, өрен тұлға, қыңыр сөз, ділмар, философия.

Мұқағали Мақатаев - өлең сөздің жүйрігі және сөз өнерінің інжу маржандарының бірі. Тағдыр таразысы тарлан талантқа өшпес өлшем емес. Шын жүйрікке өрің мен ылдының да, қашығың мен жақының да, дүбірлі топ пен дудемел тобырың да тоқтау бола алмайды. Кешегіден бүтінге жеткен, бүтіннен ертеңге бет түзеген әсемдік пен ақыл-ойдың ұлы керуені адамзат үшін аздық етер, ал ақылға салсақ табиға зандылық.

Шын талант үшін тіршілік философиясы келу қашан, кету қашан емес. Амадей Моцарт отыз бес жасында жарық дүниемен коштасыпты. Мұқағалиға тағдыр он жыл артығырақ ғұмыр сыйлапты. Ұлылық пен үндестік тіршілік тақайырында табылыпты деген таланттар жайлы бір әділетсіз пікір бар. Өнер өлшеміне бұл зандылық таршылық етеді.

Екеуінің рухани үндестігі - сөз берін сөздің тіршілік тақайырындағы кім едін, кімдерді қуантып, кімдерді жылатып барасын, жарық дүниеге жаттығының өтөуі не деп «қүніреніп барып мұндасуы». Дүние базарының тарқауы - өмір философиясының кедір-бұдыр бетеріндей елес пен егес кезектескен тынымсыз сәтке ұласқандай.

«Жан азасының» алғашкы жолдары алмағайып, аласапыран сезімдер жетегіндегі азалы баяндаудан тұрады.

Өмірді мынау азалы, ауыр күн басты,
Күйзеліп, жайлап, өмір мен өлім сырласты.

Моцарт «Реквиемі» белгілі адамның өтініші бойынша дүниеге келген. Тіршілік тынысын, жан күйзелісін қаралы сәттік оптимистік трагедиясын данышпан суреткер байлық пен құрметтің, бостандық пен жастықтың шұфыласына шомылып жүріп жазған

десек те, болмыстың рухани жаратылсындағы алалықтың уақыттар мен дәуірлерге тән негізгі желісін шеберлікпен тарта білген.

Мұқағали «Реквиемі» рухани қажеттіліктен туады. Жан азабы мен азасынына үн катқан сәтте:

Кешкен өмір де,
Көрген бақыт та барлығы
Жетпейді екен ғой,
Бір күндік сенін сәулеңе,

- дейтін ар дұғасының алдында туады. Сондықтан да ой болмысының тазалығы кімге тастап бара жатқаның белгісіз, кимас Күнің мен сырлас Жарығынның қадір-қасиеті Моцарт сазы мен Мұқағали жырында тәнірін биікке кетереді. Егер Абай айтатын «жан қуаты» /43-сөз/ екі дүние ендігі қол созар болса оған күе осы «Жан азалар» деуге болады.

Өнердегі өрен тұлғаларға әр заманның қояр талабы, сыйлар сыйы да осы сыйынан сүрінбей өтудің жолын алдымен осы «Жан азасынан» іздеген тәрізді. Өмір мен өлім ендігінен ақылдың ауқымы ортақ зандылық пен ұксас қасиет іздесе, оның қызыл сөзден де, қыңыр сөзден де, ділмар философиядан да аулақ жатқан қарапайым ғана шындыққа саюы мүмкін...

Бір күндік сәуле...
Бір күндік сәуле мекенім...
Мәнгілік түнек-қапасқа қалай кетемін...
Келмеді-ау тілім...
Өлеңнен сұра дер едім.
Тірі жандарға
Өмір дегеннің не екенін.

Моцарт ұлы музикалық шығармасының желісіне жазылған, жан-тәнінді шымырлатар психологиялық сахнадан басталатын поэмада - ұлы музакант Моцартқа қара киімге оранған әлдекімнің: «Жаназа күйін» жазшы» - деп өтініп, ғайып болуы адам бойында қорқыныш пен үрей туғызып, ауыр мұнға орайтын әсерлі сурет.

Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт.
Азалы үн...
Жаназа күйі елітті оның назарын.
Бұл өмірдің азабы мен мазағын,
Тәрік еткен бір.
Жазамын оны, жазамын.

Ұлы музикантты қара киімді адамның өтініші соны бір шабытқа жетелегендай. Азалы музика Моцарттың кекірегін кернеп, сезімнен азалы күй күніренеді. Өмірмен кимай қоштасқан табыттағы өлі адам өмір жайлы тебірене толғайды. Өкінішке толы мұн зары жыр болып өріледі. Сол мұн-зардан оның өмірге деген кемерінен асқан сүйіспеншілік сезімі көрінеді.

Өмірге деген адамның өлім түнегін құшқан кейіпкері - пессимизмге бой ұғраннан аулақ тұлға. Оның өмірге деген махаббаты мәнгілік. Өмірге деген сөнбес жарық күн тілеген оптимистік тұлғасымен оқшауланады. Өмір шырынын кимай мәнгі түнекке аяулы жанды бүкіл халық еске алып, есімін құрмет тұтады.

Бұл күнде ақын шығармашылығы жайлы, әсіресе оның «Реквиемі» жайлы таным биігінің бар денгейінен дерлік пікір айтылады десек, сол тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы жолдардағы тәрізді қарапайым шындықтың мәндік болмыс пен мағыналық тұлғаға айналуына саятын тәрізді. «Ақынның қадау - қадау, жекелеген өлендерін алып, оның дүниетанымын, көзқарасын, алған бағыты мен азаматтық үнін аңғарам деу қиянат» / «Қош махаббат», 192-бет/ деп, жазған екен Мұқағали өзінің замандасы жайлы. Үлкен шындық әрине, Мақатаевтың сөз өнеріндегі болмыс-бітімін анғару үшін ақындық, азаматтық, адамдық қуатын тану үшін «Жан азасының» өзі-ақ жетіп жатыр.

Мақатаев интуициясы «Реквиемдегі» «Халық үнінде» осы бір қуатты құбылысты оптимистік биікке көтерді. «Халық үні» бір жолы немесе бір шумағын жұлдып алыш, бөле - жара талдауға келмейтін дүние, санасын жырлап түрған қарапайым да ғажайып алты шумақ.

Ақын жанының аласапыран кейпі дейтін ұғым, түптеп келгенде, оның уақыт тағдырымен, замана тынысымен үндесуі сияқты. Мұқағали «Реквиеміндегі» «Халық үні» деп аталатын тарау әлемдік ақыл - ойдан пәні өткеліне салып жатқан алыш көпірдің бір бөлшегі тәрізді.

Асылы Мұқағали шығармашылығынан трагизмнің қара бояуын іздеу шындыққа апарар жол емес. Шындық жолы:

Аулақ, аулақ,
Аулақ менің жанымнан.
Қара уайым, қара шәлі жамылған,

- деп ақын жанының реалистік ұшқыны, тірлік заңының негізгі нысанасы – бір күндік жарық сәулеге ұмтылуда. Амадей Моцарт «Реквиемімен» өмір нұрын, тіршілік қуатын, санадағы қарама-қарсы ағыстардың тағдыр айдынында тоғысуын суреттейтін сәттер бар.

Өлімді өмір кітабының сонына қойылар үлкен нүктеге тенеп келген дәйексіз ұғымдармен күрсөтіледі. Мұқағали «Реквиемімен» қабысып жатқан құбылыстар. «Жесірлер үнінде» жоқтау - жыр ауыз әдебиеті сарынымен үндес. Эйтсе де ақынның өзіндік соны бояуы басым.

Сені сүйген арман, көлдерге,
Жыл сайын құстар келгенде,
Кекжиек сонау белдерден,
Сағыныш сағым көргенде,
Зарығар саған шер кеуде,
Сағынар жүрек шерменде.

Сүйікті жарына деген жас жұбайдың мұнға толы сағынышы, жүрегін түйнеген қасірет орны, толмас қайғының ауырлығын анғартады.

Поэмалық соңғы бөлімі «Бесік жыры» қазақ поэзиясының интеллектуалдық биігінің бір белесіндегі десек, оған күе шығармада пендениң, адамның адамдығын ар сотының алданда айыра жіктеліп, өмір ұғымының Жер ананың әлдиімен өрнектелуінде деп білеміз. Мұқағали Мақатаев шығармашылығындағы нұрлы ғаламның кульминациялық биігі осы «Бесік жырында» шындалап көрсетіледі.

Әлди, әлди ақ балам.
Сор да жок мұнда, бақ та жок.
Атақ та құрмет, данқ та жок,
Жетпейді мұнда өсек те,
Жетпейді саған атқан ок.

Әлди, әлди ақ балам,
Мәңгілік тыныш жат, балам.
Жок мұнда құрес, ерегес.
Күншілдік, құлық, тәбелес,
Өзіндей мұнда көп елес,
Ақ балам, жалғыз сен емес.

Өмір құбылысын суреттеуде эпитет, тенеуді ақын өлендерінде өте шебер қолдана біліп, көркем шығуына септігін тигізген, өлендерінде өте жиі қолданған. Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының сөз арқылы ерекшелендіріп, белгілерін анық көз алдыңа елес арқылы түрлі қозғалыска ендеріп, адамның ой - киялыша, сезіміне әсер етіп, ақылымен бірге сенде құбылып, өзгеріп, есіп, куанышп отырасын. Мысалы:

Ақ қайындар, тал теректер... алтын сары сырғалар,
Тұған жердің кеудесінде тұнжырайды жылғалар.
Қайда кеткен жасыл алқап, жасыл орман, жасыл маң?
Қайда кеткен жақұт гүлдер пан даға шашылған?
/ Тағы да күз келді/

Тәкаппар таулар жатқан жан-жағында,
Барып қайт салқын жайлау, малды ауылға.
/ Бұзылған үй/

Эпитетті қолданғанда ақын жай қолдана салмаған. Белгілі мақсатпен қолданады. Ақынның қолданған эпитеттері, суретtelген нәрсесіне өзінің катынасын көрсетіп тұр. Келтірілген мысалдағы ақынның қолданылып отырған эпитеттері, олардың табиғатпен байланысын көрсетеді.

«Ақ жайық», «Жасыл алқап, жасыл орман», «Жасыл маң», «Тәкаппар тау» ойланбай алына салған нәрсе емес. Табиғаттың қайта жасаушы, табиғаттың адам өмірімен тығыз байланысты жасырмас белігі екендігін, уақыттың өзі табиғат құбылуарымен, құбылыстарымен өлшеулі, шекті екенін көрсетіп отыр.

Тәкаппар мен салқын қандылық адам мінезіне тән ерекшеліктер, ақын оны жаңаша табиғаттың ерекшелігін суреттеу арқылы, табиғаттың басқа қырынан көрсеткендей, жаңаша қырын ашқандай соны леп еседі. Келесі өлеңдерінде:

Арым міне, сүттей аппак алдымен көп жылап тұр,
Жаутандаған жанарында жалғыз ғана сұрақ тұр.
/ Міне, тағы ашу келіп, алқымына тығылды/
Кен дүние, төсінді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар, сенде менін.
Қайрат құмдар - бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар - бусанып терлегенім.
/ Кен дүние төсінді аш мен келемін/

Бұл үзінділердегі «жаутандаған жанарап», «кен дүние, бұйрат құмдар, бура бұлттар» - эпитет, адамға берер әсері алдындағы өлеңдерден өзге. Өйткені, ақын мұнда алдынғы үзіндіде адамдық арының таза екендігін дәлелдейді. Жаутандаған жанарадан сұрактың тұрғанын, күмән келтірудің ізі тұрғандығын эпитет арқылы әсерлі етіп көрсетті.

Сонымен қатар ақын басқа да өлеңдерінде теңеудің соны түрлерін, жаңа сезірекестерін енгізді. Мысалы:

Бұл ғасыр - менің жүрек сағатымдай,
Тамырым бірге онымен соғатындей,
Амалсыз, абайсызда қалғып кетсем,
Ғасырым бірге үйықтап қалатындей.
/ Менің ғасырым/

Кез келген ақын өз ғасырын, әлеуметтік жағдайын суреттесе, әр адам өз ғасырын суреттейді, өзімен бірге тыныс алып, өмір сүруде, сырғуда, жылжуда. Ақынның жүрек сағатындей, онымен бірге соғатындей, егер ақын үйықтаса, онымен бірге үйықтап қалатындей.

Ақынның зат есімнің, етістіктің сонынан жалғау арқылы ашпак ойын дәл жеткізеді. Мысалы: «Тағыдай тауда өскен тарлан едім», «Кезбе бұлттай кей ойлар көгімдей», «Қорғасындей бір салмақ кетер емес денемнен», осындағы тағыдай, бұлттай, қорғасындей сезірекестері теңеу болып тұр. Тәсілдердің қай-қайсысы болсын орнымен, ете шебер қолдана білген.

Адамдық мәңгілік сапарындағы мәңгі мекені-жер - бесік. Тал бесікте жатқан пенде жер бесікке де түседі. Ажалдың алдын алған, сырын білген жан баласы жоқ. Бірақ бұл құбылыстың тылсым күшін қайтсе білер еді? Сезсе де басқа жүректерге дәл ақын талғамындағы айтып бере алмайтыны анық. Оған тек поэзия мен музыканың ғана келбеті жетеді.

Нағыз өнер иелерінің көкірек көзі дүниедегі қуллі құбылыстың объективі іспетті. М.Мақатаев өзі айтқандай, «Әр халық өзінің сезім дүниесінен енші бөліп, сеніп тапсырып дүниеге өзінің сезімтал емшілерін жібереді. Оның аты - Ақын». Яғни, адамзат сезімінің құпия қаламының жырлаушысы да ақын.

Ақын Мұқағали Мақатаев «Реквием» атты өміршен дүниесімен сол құпия қамалдың кілтін тауып, сырын ашып берген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Мақатаев шығармаларының төрт томдық жинағы. Алматы. Қазак ұлттық университеті, 2004.
2. Қазанбаева А. «М.Мақатаев лирикасының лингвистикалық табиғаты» Алматы: Қазак университеті, 2003-134 б.
3. Бітібаева Қ «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» Алматы: Рауан, 1990

Ансабаев Д. С.

Воспетой в поэме «Реквием» М.Макатаева

В данной статье проведен анализ философской мысли о скоротечности жизни, воспетой в поэме «Реквием» М.Макатаева, написанной на основе произведения «Реквием» А.Моцарта.

Ключевые слова: искусство, личность, глупое слово, философия.

D.S.Anсabaev

Recollected in the poem "Requiem" by M. Makatayev

In this article carried out an analysis of philosophical thoughts about the transience of life, sung in the poem "Requiem" by M. Makatayev, written on the basis of the work "Requiem" by A. Mozart.

Key words: art, personality, stupid word, philosophy.

ӘОЖ 8215121220

ӘҢГІМЕНІҢ АУЫЗША-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Ашимова М.Г., Әбдіғазиұлы Б.

I.Жансүгіров атындағы Жетісү мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,

malika_amg@mail.ru, b.abdigaziuli@mail.ru

Қазақ жазба әдебиетінің бастау бұлақтары жөнінде кеңестік кезеңде қате көзқарастар басым болды. Кеңестік идеологтар революцияга дейін «қазақ халқының екі пайызы ғана саудатты болған, тек Ресей мәдениеті арқылы ғана қазақ жүртты мәдениетке, өркениетке жетті» деген пікірді қогамдық өмірдің барлық саласында үстенди. Бұл отарышылдық тиғылдағы саясаттың кесірі қазақ мәдениетінің, соның ішінде әдебиеттің дамуына үлкен кедергі болды. Мақалада осы мәселеге жауап бергендей болдық. Қазақ жазба әдебиетінің ауызша фольклорлық әдебиеттен бастау аттандығы көрсетіледі.

Кілттік сөздер: әтикалық бейне, портрет, мінездеу, диалог, монолог, рухани жаңғыру.

Шын мәнінде қазақ халқының ежелден келе жатқан ауызша айту дәстүрі, мол фольклорлық мұрасы, көшпендерілөр өркениетіне тән өмір сүру заңдылықтары болды. Қазан төңкерісіне дейін мұсылмандық сауаттылық түрғысынан да өз дәрежесін иемденді. Мәселен, 19 ғасырдың екінші жартысындағы казақ әдеби тілінің негізін салған Абай, Үбірайларға дейін қазақ хандығының тұсында көркейіп дамыған жыраулық дәстүр жазба әдебиетінің бастамасы болды. Шағатай, араб жазуларындағы жазбалар арқылы жазу мәдениеті біртіндеп, калыптапсып дамыды. Ал Ресейге қосылған кезенмен бастап, бұл мәдени дамулардың барлығына тыым салынып, Ресейдің ықпалы алға шыға бастады. Көне түркілік негізге бару, оны атау қателік саналғандықтан, өзге алфавитті ұстандық . Қазақ Мемлекеттінің тәуелсіздікке жеткен тұсындағы басты жаңалық: жаңа жазу мәдениетіне , латин алфавитіне көшуге ұмтылысы. Бұл идеяны Елбасы Н.Назарбаев « Рухани жаңғыру: Болашакқа бағдар» бағдарламасында негіздеді. Қазір бүкіл жұртшылық, ғалымдар мен зерттеушілер түрлі вариантар ұсынып, әлемдік тәжірибелі ескеріп, қарастыру, жетілдіру үстінде. «Ұлттымыздың да, еліміздің де өзін - өзі анықтаудың іргелі негіздері бар. Олар: 1) Тәуелсіздікке деген, «Ұлы Жібек жолын» қайта жаңғыртуға деген бағыт-бағдар; 2) бірдей еңбектену, халық бірлестігі, тарихтың, мәдениеттің ерекшелігін ескеру және мемлекеттік тілді қолдану жүйесін жетілдіру әрекеті; 3) қазақтың ұлттық мәдениетін толықтыратын тәжірибе сабактастыры. Қоғамды жетілдірудің осындай қазақстандық тәжірибесін әлем мойындауда» [1;5].

1991 жылдардан бері кезенде Тәуелсіздік рухының әсерімен өмірге келген туындыларда ең басты тақырыптың бірі — қазақ халқының басынан өткізген отаршылдық зардаптарын жеткізу болды. Сондықтан бұрынғы жабық тақырыптарды еркін қозғап, жаңа фактілерді жинақтап көрсету қаламгерлік мұратқа айналды. Әдебиеттің тақырыбы өткен тарихты қозғаумен шектелмейтіні, әр қаламгер өзі өмір сүріп отырған кезенін көркем келбетін жасауға да ұмтылатыны белгілі. Қазақ жазушылары оқырман қауым алдында жаңа дәуір ұсынған өзекті мәселелерді: кезінде жабық тақырыптардың тізімінде түрған тоталитарлық жүйе зардаптарын, мысалы Желтоқсан тақырыбын кеңінен, жанжакты ашып көрсетті. Әсіресе, XXI ғасыр карсанында казақ тарихи романы саласында ұлттының өткен-кеткені жайлы нағыз шындықты тайсалмай суреттейтін туындылар туды. Кеңестік дәуірде әдебиеттің тоталитаризмнің идеологиялық қысымына төтеп бере отырып, үнемі халық қозғалысының алдынғы сапында болғаны, дүние жүзі әдебиеттерінің қатарына қосылғаны мәлім. Бұл ретте Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсілбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Илияс Есенберлин тағы басқа әйгілі қаламгерлерді ауызға алсақ та жеткілікті. Ресми идеологияға қайшы азат ой, әділ көзқарас құрделі көркем образ тілімен жеткізілді.

Әрине, бодандық жағдайында көп шындықтың қозғаусыз қалғаны да белгілі. Кенес заманындағы саяси шектеуден, социалистік реализм құрсауынан, отаршылдық торынан дауысы түншіға шықкан қазақ әдебиеттің ғылыминың бүгінгі күні көкжидегі кеңеңіп, жаңа серпінмен алға басуда. Еркіндікке қол жеткен кезенде қандай бағытқа, қай ағымға баратындығын айқындаған көркеменер тез күш жинап, ес жиып, жемісті ізденістерге батыл кіріскеңін бүгінгі әдебиет көрсетіп отыр. Ұшқыр, әрі сезімтал жанр, поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы құрделі — проза жанры ширак қимылдан, жаңа заманың биік шыңынан қарап жазылған бірқатар ұлкенді-кішілі шығармалар ерекше тақырып, тың сюжеттерді дүниеге алып келді. Бұлардың барлығы қазіргі казақ әдебиетінің алдына жаңа міндеттерді алып келді. Қазіргі кезең – әлемдік интеграцияның аса күштейген, жаһандану құбылысының шапшаңдықпен артуы байқалып отырған шақ. Әдебиет белгілі бір дәуірдің тарихи кезендерін жинақтап, бағдарлап көркем туындылар тудырады. Қоғаммен бірге сінісп өсіп-еркендейді, толығып жетіледі. Өмір шындығын

нақты дәлдікпен оқырманның көз алдына әкеліп танымдық қуатын танытады [2;]. Демек халықтың рухани тірегі әдебиет екендігі даусыз. Образдың түрлерін белгілеудің бірнеше (әдістік, тектік, тәсілдік) факторлары бар. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, образ екі түрлі: романтикалық бейне, реалистік бейне. Әдеби тек тарапынан келгенде, бейне үш түрлі: эпикалық, лирикалық, драмалық бейне. Ал, жалпы жасалу тәсілдеріне қарай оларды юморлық, сатириалық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық, т.б. бейнелер деп бірнеше түрге жіктеуге болады. Эпикалық бейне - жазушының авторлық баяндаулары мен әдеби қаһарманның өзінің сөздері, яғни кейіпкер сөзі арқылы жасалатын образ. Портрет пен мінездеу, диалог пен монолог, түрліше сезімдер мен харакеттерді суреттеу секілді көркем бейне жасаудың көптеген амал-тәсілдер, әсіресе эпикалық образ үшін керек [3;]. Адам образын жасау – көркем шығармаға қойылатын негізгі талап екені белгілі. Ал адам суреттелмеген туындыда өмір тынысы, тіршілік ағымы бар деп айта алмаймыз. Суреткердің көркем бейне жасау шеберлігі ең алдымен тілінің орамды, толғамы терен, ойы ұшқыр, киуын қиуластыра білетіндігінде. Көркем шығарма тартыстан тұратын болса, кейіпкер сол тартыстың кайнаған ортасында белсене атсалысады. Сейтіп көркем бейненің міnez ерекшелігі ашылып, шығарманың көркемдік күшін арттырады.

Әдебиетіміздің алтын дінгегін қакқан XX ғасыр - қазақ прозасының одан әрі дамуының қозғаушы күшіне айналды. М.Дулатов, С.Кебеев, С.Дөнентаев, Б.Майлин, М.Әуезов сынды ұлы қаламгерлер ұлы жанрдан шағын жанрға дейінгі аралықты қамтыған қазақ прозасының дәстүрлі көркем болмысының кейінгі әдебиеттен жалғастық табуына даңғыл жол ашып берді. Сейтіп, ұлттық прозамыз әр кездің өзіндік ерекшеліктерін көркем бейнелеуде, әр типтегі адам болмысына көркемдік шешім жасауда ұлken шеберлік танытты.

Мәселен 20 ғасырдың басындағы Ж.Аймауытовтың «Елес» атты әңгімесіндегі «адам ішіндегі адам, яғни адамның өз Ар-ұтынын», Елес образында алынып, түстің жүйелі, белгілі бір тақырып жөнінде ой өрбітіп, басталуы мен аяқталуында анық шекара қойылуы, өзіндік уақыты мен көркемдік кеңістік иемденуі арқылы кейіпкердің сыртқа шығара алмай жүрген, жүргегін сыйздатып, ауыртып жүрген келелі, ұлken жайларды айтуда, ортаға салғызуға себепкер болуы заман қысымында журсө де қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің еркін азат ойын жеткізе білгендігін көрсетеді. Ал Б.Майлин кейіпкерлерінің дені кедейлер болғандықтан, олардың өмір сүрген ортасы, киген киімдері, ұстанған заттары да сол шамада болатыны белгілі. Соңдықтан да оның кейіпкерлері тар, лас, тозығы жеткен психологиялық орта мен кеңістіктің өмір сүреді. Бір туындыдан екінші туындыға көшіп жүретін кедейлер образы Б.Майлин үшін ұлken образдық мағынаға ие. «Раушан коммунистің» мөрі, «Айшаның кара шелегі», «Дайрабайдың сиыры», Байқан молданың тасбиғы, атасының басындағы сақтап жүрген сәлдесі, Құлпаштың тар лапасы, Егеубайды естен тандырған «сексен сомы» – міне солардың айғағы. Б.Майлин кейіпкерлерінің характеристерін, табиғатын терендең ашатын бірден бір көркемдік компонент заттық әлемдер екені даусыз. Олардың бәрі де – адамның өмірі мен тұрмысының, жан дүниесінің болмыс-бітімін, психологиялық көңіл-куйін, жағдайын ашып көрсететін символдық белгілер. Осы арқылы Б.Майлин қазақ әдебиетіне кейіпкер өмірінің маңызын ашатын тұрақты заттық детальдарды қолданудың көркемдік әдісін енгізді. Б.Майлин үшін зат айрықша мәнге толы: оның шығармаларында қолданылған зат кейіпкердің табиғатын, мінез-болмысын, әлеуметтік тұрмысын тап басып, ашып беріп отырады. Стильдің көркемдігін анықтайтын заттық деталь кейіпкердің көркем образын да, ішкі жан дүниесін де, түйсіктегі құпия катпарларды да тереннен таныш, жан-жақты ашуға көп көмегін тигізеді [4;]. XIX ғасырда психологизмнің, психологиялық талдау өнерінің басты өкілдері болған М.Достоевский, Л.Толстой шығармаларындағы материалдық әлемді жан-жақты әрі толық бейнелеу кейін А.Чехов, М.Горький т.б. шығармаларында өзінің жарасымды жалғасын тапты. Ал, қазақ әдебиетінде бұл дәстүр Б.Майлин мен F.Мұсірепов

шығармаларында қатты байқалды. F.Мұсіреповтің «Этнографиялық әңгіме» атты классикалық әңгімесіндегі белгілі бір образды сомдау барысында жазушы әдеби портретке лайықты көптеген характеристикалық (мінездемелік) детальдарды ерекшелендіріп, екшеп-бөліп алғып, оған психологиялық тұрғыдан комментарий беруі тың да тосын жаналық болды . Мұнда жазушы бір сол кезеңде жүріп жатқан колхоздастыру мәселесін алады да, Жаңбыршы ауылына барған сапарын, сонда көргендері мен көңілге түйгендерін сөз етеді. Жазушының баяндау тәсілі мен әңгімесінің сюжеттік-композициялық концепциясының өзі кейіпкердің ерекше (оригинальный) сыртқы іс-әрекеттерін, қымыл-қозғалыстарын қадағалап, талдауға, содан үлкен әлеуметтік, психологиялық, философиялық ой түйіндеуге тәуелді етеді. F.Мұсірепов осы әңгімесінде Атакенің физиологиялық, физиономиялық, психологиялық белгілерін бейнелеуде ешкімге ұқсамайтын тосын бір ишарасын алдыңғы қатарға шығартып алады да бүкіл көркемдік назарын тек соған аударады да отырады. Сейтіп жазушы психологиялық нәзік бір нюанс, денедегі тосян, ырықсыз қымыл-қозғалыстарды бейнелеп, езіне бөлекше өрнекелген психологиялық микроталдау түрін жасап алады. Бейвербалды ишараттардың көптеген көркемдік элементтері сәтімен пайдаланылған шағын әңгіме – сол себепті де қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығарма. Оқиға өтіп жатқан орта, оған лайықты интеръерлер мен портреттік детальдар да шығарма контексінде әрбір кейіпкердің іс-әрекеті, қымыл-қозғалысы, сейлеу мәнері, талай жылдардан бері қалыптасқан «салт-дәстүрлері» т.б. тақырыпты тереңдетіп, көркем образды сирек кездесер типке айналдырып сомдай түседі. F.Мұсіреповтің бұл әңгімесінде заттық әлем жекелендірілмейді, ол көбіне көпке, осы тәре тұқымдарының бәріне арналған, олардың өмірін символдап, астарлап анықтатын психологиялық детальдар екені де шындық. F.Мұсіреповтің «Этнографиялық әңгімесін» қазақ әдебиетіндегі бейвербалды ишараттарды жеке-дара бөліп алғып, ерекше психологиялық көркемдік элемент ретінде оған философиялық, эстетикалық құндылық берген классикалық үлгідегі бірден-бір шығарма деп бағалауға болады. F.Мұсірепов көркем текстегі кейіпкерлерінің әрбір қымыл- қозғалысын, денедегі әрбір динамикалы әрекеттің әдемі поэтикасын, өзіндік дene образын, дененің ішкі және сыртқы құпиясырын, жалпы дененің пластикалық бояуының көркемдік кеңістік пен көркемдік өлендегі көрінісін, философиялық, эстетикалық құндылығын асқан шеберлікпен ашып, өз оқырмандарына жеткізе біледі. Мәселен, F.Мұсіреповтің әйгілі «Этнографиялық әңгімесі» бастан-аяқ маскадан (тұқымы құрып, рухани тозған тәре тұқымының тас мүсін болып қатып қалған келбеті) тұрса, ал «Тарғыл қауын» әңгімесі – кейіпкердің өзіндік дene образын, олардың ішкі табиғатын психологиялық сыртқы симптомдар, дene мен іс-әрекет поэтикасы, қымыл-қозғалыстың пластикалық бояуы, яғни бейвербалды ишараттар арқылы танытатын туынды. Оқып көрелік: «Қабағы тұксиген, сабалақтау келген мұрны тарғыл тартқан төртбак қара шал қоңырауын екі рет қағып қалған кезде қасына көне замандардан қалғандай тозығы жеткен бір кемпір де келіп жетті. Кемпірдің көк бурыл тартқан бұрымдары алқымында селтендеп, басы қалтактап «жоқ, жоқ!» дел тұрғандай еді». Осындағы сурет бастан-аяқ сыртқы кескін-келбеттегі мінездеме мен портретке құрылған. Кескіннің көкесі «жоқ, жоқ!» деп тұрған бас. Қалт-құлт еткен карттың басын осылайша күлкілі жәйда бейнелейді. Жансызға жан бітіре бейнелеуге де бейім суреткөр енді бірде былай дейді: «Вокзал алды ала шапан қарбыз бен жыламсырап тұрған жүзімге толы. Көркем текстегі кейіпкер туралы алғашқы мағлұматтың өзі осылай іс-әрекет әлемінде, сыртқы психологиялық қымыл көріністері, портреттегі жекелеген динамикалық белгілер, көркемдік, заттық, тұрмыстық детальдар арқылы айшықталып, өзіндік өрнекпен өріледі. Бұл – жазушының көркемдік жүйесіне еніп, бір жола орнығын алған психологизмнің нағыз нәр алғып, тереннен сусындар саласы. Дененің мимикалық қозғалысы – кейіпкердің тұлғасын жан- жақты ашудың көркемдік өлшемі әрі ол ішкі сезімнің де тілі. Ішкі серпілістен (реакция) тұган тұла бойдагы сезімдік, эмоционалдық, биологиялық, физиологиялық құбылыстар кейіпкердің ішкі жан әлеміндегі бүкіл қалтарыстарын

күпияда сыртқа сездіртіп қояды. Егер біз F.Мұсірепов әңгімелеріндегі вербалдық ишарарттарды көркем текстен теріп алып тастар болсақ, онда көркем шығарманы біржола жоғалтып алған болар едік. Өйткені, F.Мұсіреповтің көркемдік жүйесін бастан-аяқ тұстастандырып, шеберлік шынына көтеріп отырған сыртқы мимикалық қозғалыстар, ұсак портреттік белгілер, тұрмыстық, заттық детальдар т.б. кейіпкер образын бейнелеуде, оған психологиялық комментарий беруде көп көмегін көрсетеді.

XX ғасыр ұлт әдебиетінің жанданып кемелденуіне ықпалын тигізгенін ескерсек, осы кезенде халық өміріндегі әрбір құбылыстар көркем әдебиетімізде жан-жақты суретtelіп, ұлтымызға тән болмыс шебер сомдала білді. Әсіресе, хикаят (повесть) жанры жанданып, тарихи тақырыптар басты назарда болды. Бұл салада Мұхтар Өуезовтің, Сапарғали Бегалиннің, Мәлік Ғабдуллиннің, Қайым Мұхамбетқалиевтің, Тәкен Әлімқұловтың, Темірғали Нұртазиннің, Әbdіjәmіl Нұрпейісовтің, Әзілхан Нұршайықовтың, Мұхтар Мағауиннің, Әбіш Кекілбаевтың шығармалары тарихи-рухани құндылықтарымызды көркем әдебиетте жандандырып, оқырман алдына жайып берді. Осы кездің өзінде саясаттан тыс, әлемдік үрдісті менгерген қаламгерлер таптаурын тақырыптан қашып тың дүниелер тудырды. Мысалы : Төлен Әbdіktіn «Оң қол» әңгімесіндегі бакытсыз қыздың арғы аталарының бірі өзін-өзілтірмек болуының себебін генетикалық кодқа жазылған өлім идеясы ретінде көрсету , осы идеяның пәленбай үрпақтан кейін қыздың жадында жанғырып, ақыры жүзеге асып қыздың мерт болуымен аяқталуын суреттеу қазақ әдебиетінде ғана емес, кенес әдебиетінің аясында тың төнкеріс болды. Сондай-ақ . «Бассүйек» атты әңгіменің желісіндегі әдебиетпен антропологияның байланысы, елес, түс арқылы шығармашылық процесті философиялық оймен де, эмоционалды әсермен де барынша шынайы жеткізу әдістері қалыптасқан дәстүрге қайши тың ізденістер болды. Бұл кезенде әрбір , жазушының қаламгерлік интуициясын, пластикалық бейнелеу құdіretіn, өзіндік стиль бедерін айқын аңғартатын туындылар жазылды.

Ә.Кекілбаевтың романдарындағы толғаныстар-ішкі монологтың сана ағымының үздік үлгілері. көркемдік денгейі жоғары, бұқіл адами мәселелерді қозғай білген туындылары қазақ прозасында өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Кейде тоқтаусыз оқып келе жатып ішкі монологтың кімдікі (автордікі ме, әлде кейіпкердікі ме?) екенін айыра алмайтын жағдайлар – сәттері болады. Арасында ешкандай тыныс белгілері, дауыс толқыны (интонация) т.б. көркемдік тәсілдері айрықша белгіленбегендіктен де оларды бөліп-жару қын. Авторлық баяндау білінбей кейіпкердің монологына ұласып жатса, енді бірде кейіпкердің ішкі ойы- толғанысы автордың комментариіне үнсіз қосылып ұласып жатады. Бұлардың бәрі жазушының өзіндік өрнегі, даралық шеберлігі болса керек қолданылады. Негізі, Ә.Кекілбаев әдеби түс көруді шығармасына енгізу арқылы адамның жай қүйін, ішкі сезім құбылыстарын қазбалай, қадағалай зерттеуді мұрат тұтады. Ә.Кекілбаевтың әрбір шығармасында Түс – Ақиқат. Олар оқушысына ақыл айтпайды, жол сілтемейді. Ол тек түспалдайды, ой толғайды, өмір мен өлім, тазалық пен настық (адам жанының), қуаныш пен қасірет, адалдық пен жауыздық т.б.арасында өмірі ымыраға келмейтін қайшылықтар мен қақтығыстар жайлы сыр шертеді. Сондықтан да Ә.Кекілбаев шығармаларындағы түс көрушінің түсі де, ондағы оқиға да окушысын ойландырмай қоймайды. Олар бейне бір суреткер-автордың философиялық ойлары жинақталған, өз бетінше аяқталып тұрған аныз-әңгіме, новелла секілді. Егер де Ә.Кекілбаевтың көркемдік әлемінен әдеби түс көруді алып тастар болсақ көркем шығарманың құндылығынан түк те қалмас еді. Негізі Ә.Кекілбаевтың кейіпкерлері ерекше түстер кереді және оны автор да асықпай, толықканды түрде баяндейды. Өйткені, Ә.Кекілбаев стиліндегі өзгешеліктің өзі осында, яғни әдеби түс көруге қатысты психологиялық құбылыстарды жинақтап, оның түрлі берілу пішіндерін парықтап, түгендеп, жан-жағын жұмырлап, теп-тегіс ері толыққанды, көлемді етіп беру. Және оның кейіпкерлерінің көрген түстерінен, оны жору

суреттемелерінен сол кезеңнің лебі сезіліп тұрады. Кейіпкерлерінің тұр-сипаты да, сөз саптауы да, ойлау жүйесі де, тұрмыстық ұстанар заттары да сол дәүірге сай туған.

Адамтануды, әсіресе өз кейіпкерлерін өзгелерден ерекше танып, зерттеуге, ешкімге ұқсамайтындағы етіп бейнелеуге бейім А. Сүлейменов кейіпкерлерінің сыртқы белгілерін (көзқарас, емеурін, ишара, келбет, т.б.) талдау (расшифровка) арқылы олардың ішкі жағдайына, жан дүниесіне етене ене алады. А. Сүлейменов шығармалары оқырмандарының бірден баурап алыш кете қоймайды. Сөйлемдері қысқа болғанымен оқуға ауыр, ой мен сезім қақтығысы мол күрделі әлемге алыш келеді. Оның кейіпкерлері оқырмандардан өз ойларына, қуанышы мен күйіншіне ортақтасуды талап етеді, осы мақсатта жазушы адам санағы мен жан дүниесіндегі әрбір қозғалысқа микроскоппен қарап, кейіпкерлерінің іс-әрекетін пластикалық көріністермен суреттеуге көп көңіл бөледі Жалпы, Сүлейменовте сыртқы кимыл көріністері, бейвербалды ишарраттар т.б. қай шығармасында да жетекші роль атқарады. Жазушы оған көп мән береді. Және ешкімге еліктемей, ерекше бейнелей де біледі.

Ал Қабдеш Жұмаділовтің «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші», «Бұқарбайдың бұқасы» секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері де жаңа заманның адамдары [5;]. «Бір ғана ғұмыр» әңгімесіндегі жазушы Әділ Тазабеков, «Жемдеген қырғауылдар» әңгімесіндегі аудан әкімі Нұрсаған Бектүрғановтың, «Құдайдың үйі» әңгімесіндегі молданың, «Бұқарбайдың бұқасындағы» кәсіпкер Бұқарбайдың іс-әрекетін суреттеу арқылы жаңарған қоғамның сипатын, тыныс-тіршілігін, кескін-келбетін ашып көрсетеді. Қаламгердің портрет жасаудағы шеберлігін, ұтымды тұстарын көреміз. Мәселен қасындағы келіншектің портретін сомдауға былай деп ашып көрсетеді: «Екі көзі боталаған, қараторының әдемісі. Қос жанарының мойылдай қаралығы сонша, көз шарасына көлеңке түсіп, көгілдір сағым ойнап тұр. Осындағы әйел портретін сомдауда қып-қысқа айтылған бірнеше сөз, ал оқи қалсақ суретtelіп отырған адамның ең айрықша белгісі көзге елестейді және жай елестемейді, көз алдымыз манағы айтылып отырған әйелдің кимылына толыш кетеді. Портреттің әрлі де, әсерлі ұлгісін Жұмаділов шығармаларынан табуға болады.

«Бұқарбайдың бұқасы» әңгімесінің бас кейіпкери енбеккор. Бұқарбайдың портретін былай дәл суреттеген: Ал, жасы қырықтың ішін енді аралаған Бұқарбай еңсегелі ірі денелі, жауырыны қақпактай, қайратты, сом жігіт – тұғын. Міне осылайша Бұқарбайдың сырт кескіні оқырманның көз алдына тұра қалады «Құдайдың үйі» әңгімесі кенес өкіметінің құлап, егемендік алған қазақ ауылының тіршілігін бейнелейді. Таасбулак деген жерде Әкпар есімді мұғалім жұмыс істейді. Кейіннен күтпеген жерден Түркияға жол түседі. Түркиядың бір-шешімшілік мешіттерді көріп, қайран қалады Ол көң мағынада айтатын болса, күрделі болмыстағы, адам бойындағы көзге көрінетін, көрінбейтін құбылыстарды көркем тілмен қозғалыс, даму үстінде жанды суреттер арқылы көрсету, көркем бейнені суреттермен елестету.

Халықтың жетпіс жылдан астам уақыт бойы тыйым салынған, енді көреміз бе, көрмейміз бе деген күдік аралас көңілге мешіттерін ауылының ортасынан көрген кездегі көңіл тасуын жазушы әсерлі етіп суреттейді. «Құдайдың үйі» – суреткөр қаламын мықтап ұштанған, тілін айта қалғандай ұстартқан шығарма. Әңгіменің сюжет желісі, композициялық құрылымы, образ жүйесі өте шебер өріліп, еркін дамыған.

Эпитет, тенеу, метафора Жұмаділов шығармаларын тек көркемдік жағынан байыптаап қана қоймай, сонымен бірге олар шығарманың идеялық мазмұнын барлық жағынан айқын көрсетуге көмектеседі. Терен ой мен биік көркемдік жымдаса біткен осынау ғажайып туындылардың бітім-болмысы көз тартады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампейсова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.
2. Әбілғазы Қ., Әдеби туынды табиғаты. Қазіргі казақ әдебиеттануының бағыт-бағдары. Қазақ әдебиеті кафедрасының 50 жылдығы, ф.ғ.д., профессор Ж.Қ.Смағұловтың 60 жылдық мерейтойына арналған жинақ материалдары. 2009 ж. 2056.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (Құраст, З.Ахметов, Т.Шапай). –Алматы: Ана тілі, 1996.- 240 б.
4. Майлін Б. М 14 Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013. Т. 13: Құжаттар, деректер, пікірлер / құрастырған Т.Бейіскүлов. – 384 бет.
5. Жұмаділова Н.Қ. Жұмаділов шығар-маларының поэтикасы. Оқулық. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2008. – 2026.
6. Аналитика художественного: Введение в литературоведческий анализ. М., 2001. Лабиринт.с.226.

Ашимова М.Г., Абдигазиулы Б.

Устно-фольклорная традиция рассказа

В советское время преобладали ошибочные взгляды на источники казахской письменной литературы. Советские идеологи проповедовали до революции, во всех сферах общественной жизни, такой взгляд что «только два процента казахского народа были грамотными, с помощью Российской культуры казахский народ достиг цивилизации». Из-за колониальной политики это является основным препятствием на пути развития казахской культуры, в том числе литературы. В статье мы ответили на этот вопрос. Очевидно, что казахская литература начиналась с устной фольклорной литературы.

Ключевые слова: этический образ , портрет, характер, диалог, монолог, духовное возрождение.

M.G. Ashimova, B. Abdigaziuly

Oral-folklore tradition of the story

In the Soviet era, erroneous views on the sources of the Kazakh written literature were prevailing. Soviet ideologists preached before the revolution that "only two percent of the Kazakh people were literate, only the Russian culture had reached the culture and civilization" in all spheres of public life. This is a major obstacle to the development of Kazakh culture, including literature, because of the colonial policy. In the article, we have answered this question. It appears that Kazakh written literature started with oral folklore literature.

Key words: an epic image, a portrait, a character, a dialogue, a monologue, a spiritual rebirth.

УДК 392.5

МЕЖЭТНИЧЕСКИЕ БРАКИ В ПОЛИЭТНИЧНОМ КАЗАХСТАНЕ (К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ)

Байгабатова Н.К., Бахытжанкызы Ж.

Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова
zhasok9494@mail.ru, bnk1606@mail.ru

В статье рассматриваются отдельные аспекты теории и истории изучения межэтнических браков в Казахстане. В данном контексте на современном этапе развития Республики Казахстан в условиях модернизации общественного сознания особую актуальность приобретает исследование изучения ценностных ориентаций межэтнической семьи для прогнозирования проблем интеграции и консолидации казахстанского общества.

Ключевые слова: межэтнические браки, межэтническая интеграция, полиэтничная среда, ценностные ориентации.

В эпоху глобализации мировое сообщество сопровождает формирование поликультурного пространства, в котором наблюдается взаимодействие населения разного этнического происхождения как в традиционно монокультурных, так и поликультурных государствах. В связи с этим актуализируется явление межэтнических браков как результата взаимодействия людей разных этносов, культур, систем ценностей.

Межэтнический брак – это термин, используемый для описания брачных союзов, заключенных между людьми, относящимся к разным расам или этническим группам. Его не следует путать с понятием «межкультурный брак», которое подразумевает брак между людьми, принадлежащими к разным культурам, а также «межнациональный брак» – брачный союз между гражданами разных государств [1]. Однако, часто, несмотря на множество дефиниций, понятия «межнациональный брак», «межэтнический брак», «национально-смешанный брак», «этнически-смешанный брак», «межкультурный брак», рассматриваются как синонимы, обозначающие супружеский союз представителей двух этносов [2].

В таком полиглоссическом регионе, каковым является Республика Казахстан, этнически смешанная семья является, с одной стороны, фактором этнокультурного сближения, сращивания этнических культур. А с другой стороны, может рассматриваться как фактор, вызывающий ассимиляционные процессы, так как в смешанной семье подвержены изменениям разной степени основы жизнедеятельности этноса, отраженные в образе жизни семьи, в его трех сущностных сферах – труде, потребностях, частной жизни индивидов (личных отношениях мужа и жены). Претерпевают определенные трансформации преемственность поколений, воспроизведение историко-этнокультурного кода, в основе которого заложены этнический характер, материнский язык, физическое ощущение пространства родной земли.

Этот процесс меняет нравы, установки, ценностные ориентиры, в том числе этнические характеристики представителей различных этносов. В итоге неизбежно возникают тенденции отчуждения людей от традиционной этносреды, которые приводят к языковой и этнокультурной ассимиляции. Поэтому изучение межэтнических браков, их сущности, динамики, социальной характеристики является актуальным для специалистов гуманитарного профиля, и, прежде всего, этнологов, социологов и демографов. Изучение проблем смешанного супружества позволяет проанализировать как сегодняшнее состояние семейно – брачных отношений, так и прогнозировать их развитие в будущем, оценить реально-сложившуюся этнодемографическую ситуацию, выявить направления процессов межэтнического взаимодействия в быту, языкового и культурного взаимовлияния и т.д.

В процессе взаимодействия представителей разных этносов на микро- и макроуровнях формируется культура межэтнического общения. Особо важными для объяснения определенных стереотипов поведения и характера межэтнических отношений представляются процессы, происходящие на микроуровне. Микросреда оказывает влияние на формирование личности и ее ценностные установки. В семье закладывается тот фундамент, на который, порой сами того не подозревая, опираются люди в процессе своего жизненного пути. Иными словами, чтобы прогнозировать события, а тем более пытаться их изменить в лучшую сторону, необходимо владеть информацией о микроклимате в конкретной среде и постараться ответить на вопрос: как может повлиять на макропроцессы изменение микроклимата данной среды?

К сожалению, современные исследователи не уделяют много внимания проблемам этнически смешанных семей, в центре их внимания оказались социально-политические, экономические и другие проблемы на фоне политизации всей общественной жизни. Тем не менее, еще не так давно, в 60-80-е годы XX в. изучение межэтнических браков являлось одним из популярных направлений советской этнографической науки. Разработка данной проблематики активно поддерживалась в рамках государственной идеологии. Под эгидой дружбы народов и создания единой «советской» нации межэтнические браки поощрялись советским правительством. Межэтнические браки не были характерны для гомогенного казахского народа, однако уже в первой половине XX века ситуация изменилась. Так, например, истории известны ставшие классикой примеры смешанных браков видных алашординцев: А. Букейханова, А. Байтурсынова, М. Шокая, Д. Досмухамедова; аналогично можно назвать и таких видных деятелей первых лет советской власти, как М.Мурзагалиева, Ж. Аймаутова, Т. Рыскулова, А. Джангильдина. Можно вспомнить М.Ауэзова, К.Сатпаева, М. Бегалина, М. Исиналиева, Ж.Саина, Е. Серкебаева, О. Сулейменова, Г.Абильситова, Т.Аубакирова, Т.Мусабаева, премьер-министров республики Н. Ундасынова, С.Дауленова, М.Бейсебаева, А.Кажегельдина, К. Токаева, С. Ахметова и многих других.

Возвращаясь к историографии вопроса, хочется отметить, что тема изучения межэтнических браков была в числе самых актуальных и широко исследуемых научных тем. Об этом свидетельствуют многочисленные историко-этнографические исследования, проводимые на данную тематику в различных регионах бывшего СССР. Пик этих исследований приходится на конец 60-х и 70-е годы прошлого века. В подобного рода научных трудах представлена различная тематика: это и динамика межэтнической брачности, и факторы, обеспечивающие стабильность межэтнических семей, и проблема детей в смешанных семьях, и многое другое. В брежневское время в научных публикациях старались демонстрировать рост численности межэтнических браков на всей территории Советского Союза, поскольку это должно было подтвердить гипотезу о неизбежном «слиянии» советских народностей. Казахстан славился тем, что доля межэтнических браков там была самой высокой в Средней Азии и одной из самых высоких во всей стране. По данным советской переписи, доля смешанных семей в Казахстане выросла с 14,4% в 1959 году до 23,9% в 1989-м [3]. Казахстан служил примером гармонии в межэтнических отношениях и назывался «лабораторией дружбы народов». Рост смешанных браков рассматривался учеными как развитие и укрепление дружественных отношений. Конечно, этот аспект нельзя отрицать, так как он, безусловно, присутствовал. Однако исследователи оставляли за кадром целенаправленную политику советского правительства в этом направлении, которая являлась мощным фактором, определявшим динамику этого процесса.

После распада СССР отошла в прошлое и советская идеология, обнажился целый ряд проблем, и в третье тысячелетие Казахстан вошел с комплексом нерешенных задач и кризисом практически во всех сферах жизни. В состоянии кризиса оказался и институт семьи. На функционирование института семьи в современном Казахстане оказали существенное влияние современные этнополитические процессы. Они актуализировали проблему этнического самосознания, этнической обрядности и тем самым обнажили культурные

различия, которые преодолевались на индивидуальном уровне в рамках межэтнических семей. После распада СССР на смену коммунистической идеологии в Казахстане пришло независимое «национализирующее государство», что значительно изменило условия межэтнических взаимодействий [4].

Этнополитические процессы повлияли и на динамику смешанных браков: с начала 90-х годов их число заметно уменьшилось. Но динамика вступления в смешанный брак не носит неизменного характера. Так, в 1999 г. доля межнациональных брачных союзов в общем количестве заключенных с участием казахов и казашек браков достигла 7,9 %. В 2000 г. этот показатель несколько сократился, составив 7,5 %. Но спустя еще несколько лет обнаружилось, что этот откат вовсе не означал начала движения вспять. В 2003 г. доля смешанных брачных союзов в общем количестве казахских браков достигла 9,37 %. Тогда свою семейную судьбу связали с человеком другой нации 3406 казахских мужчин (5,23 %) и 2666 казахских женщин и девушек (4,14 %). Из приведенных данных видно, что женщины-казашки по части межнациональных браков ненамного отстают от мужчин-казахов. Причем не только в городах, но и также в сельской местности [5]. Так стихийно решалась проблема укрепления межэтнических отношений, развивался процесс этнической адаптации и этнической диффузии. Однако в стране нет точного анализа тенденций развития межэтнических браков, не выявляются сложности и специфики таких браков. Несмотря на острую, практическую востребованность исследования функционирования этого типа брачно-семейных отношений на республиканском уровне, число исследовательских работ этого направления крайне незначительно. Но любое полигэтническое государство, каковым является Казахстан, должно быть заинтересовано в более глубоком изучении подобных вопросов.

Не требует доказательств, на наш взгляд, тот факт, что казахстанское общество должно строиться на принципах интеграции, когда каждый гражданин, принадлежащий к тому или иному этносу, тем не менее, будет осознавать себя казахстанцем, не испытывая неприязни и ненависти к другим народам, населяющим нашу страну.

Не последнюю роль в процессе этнической интеграции играют этнически смешанные семьи. В межэтнических браках внутрисемейная атмосфера больше способствует выработке толерантности и чувства гражданственности в самосознании детей из смешанных браков, что, несомненно, отражается на состоянии межэтнических отношений и способствует формированию здорового гражданского общества. Толерантность, по мнению российского психолога А.Г.Асмолова, понимается как «социальная норма, определяющая устойчивость к конфликтам в поликультурном обществе. Формирование толерантного типа сознания позволит снять негативные влияние стереотипов восприятия и снизить конфликтный потенциал, а, следовательно, предотвратить развитие конфликтов и напряженности» [6].

Специфика межэтнического взаимодействия определяется уровнем культуры межэтнических отношений. В свою очередь на воспитание у нового поколения негативных или позитивных установок по отношению к этническим культурам и их взаимодействию, на формирование интернациональных или, напротив, узконациональных установок влияет уровень культуры межэтнических отношений в семье. Смешанная семья – это полигэтническая среда, в которой на микроуровне формируется культура межэтнического общения, и детям, выросшим в подобной семье, легче вступать в контакты с представителями других этносов. Этнические границы не являются для них столь четкими и однозначными. Будущая жизнь и деятельность человека во многом определяется тем, в какой семье родился ребенок, какая атмосфера царила в ней, какими были ценностные установки этой семьи, как проходила социализация ребенка и т.д. Хорошо известно, что именно семья принадлежит основная функция трансляции и воспроизведения культуры в соответствии с нормами и ценностями общества, в котором формируется личность. Таким образом, именно в семье происходит социализация индивида. Для этнически смешанной семьи функция социализации ребенка является одной из важнейших, поскольку в подобных семьях почти всегда присутствует

элемент выбора: языка, культуры, этнической идентичности и т.д. На начальном этапе этот выбор определяется родителями и, как правило, ребенок, воспитанный в соответствии с данным выбором, не меняет его впоследствии. Таким образом, содержание функции социализации с точки зрения трансляции и воспроизведения культуры зависит от типа внутрисемейных отношений.

По типу внутрисемейных отношений смешанные браки могут быть демократическими или авторитарными. В семьях с демократическим типом внутрисемейных отношений семейный уклад строится на основе выборочного усвоения обычая, традиций, норм семейной жизни этносов обоих супругов. Общение идет на двух языках и дети, как правило, легко усваивают их. Такой тип семьи преобладает в городах. Кроме того, особенности семейного уклада той или иной семьи, помимо места проживания, зависят и от других факторов, таких как уровень образования обоих супругов, их профессиональная направленность и т. д. Демократический тип семейных отношений характерен, в основном, для тех семей, в которых муж и жена имеют высшее образование. В семьях с демократическим типом взаимоотношений более четко проявляются черты интернационализма, толерантности, и дети воспринимают культуру обоих родителей, выбирая в будущем ту национальность, которая ему ближе, причем на его выбор давление со стороны родителей оказывается не так четко и жестко, как в семьях авторитарного типа. Надо сразу отметить, что таких семей крайне мало, и встречаются они, как правило, в городской местности. В обоих вариантах семей в Казахстане при этническом самоопределении дети выбирают, как правило, этническую принадлежность родителя, в чьей среде они выросли (как правило, отца). Это и не удивительно, так как в Казахстане доминирует семья с авторитарным типом внутрисемейных отношений. В смешанных семьях республики, особенно казахско-русских, доминирует культура представителей коренной национальности, которая, как правило, является маскулинной по своему ценностно-нормативному содержанию. Очевидно, авторитаризм смешанных браков является производным от маскулинности культуры казахов. Для детей доминирование одной из культур, возможно, является лучшим выходом из ситуации, когда в семье доминирует один тип культуры. Так, в работе «Русские. Этносоциологические очерки» для доказательства этой точки зрения приводятся в пример слова Л.Н.Гумилева: «Для сохранения этнических традиций необходима эндогамия, потому что эндогамная семья передает ребенку отработанный стереотип поведения, а экзогамная семья передает ему два, взаимно погашающих друг друга» [7].

Ситуация межэтнического общения дает человеку больше возможностей для приобретения знаний об особенностях своей культуры и других этнических групп, способствует развитию межэтнического понимания и формированию коммуникативных навыков. Роль этнически смешанных семей в этнокультурных процессах связана, прежде всего, с тем, что они действуют как канал взаимного обмена информацией о культурных особенностях контактирующих этносов.

Так что же такое межэтнические браки? Размывание чистоты этноса или формирование нового общества, где этническая принадлежность не является ценностью? Способ воспитания граждан в духе единой нации или возможность воспитать гражданина, который принимает и чтит культурные традиции предков своих родителей и с таким же уважением относится к культурам других этносов? Существенные характерные черты межэтнических браков состоят в том, что создающие такие семьи супруги представляют разные культуры, традиции, обычаи, образы жизни, языки, особенности этнического самосознания и, в конечном счете, разные системы ценностей, что создает определенные проблемы для брачующихся. Таким образом, обнаруживается необходимость в выявлении и изучении ценностных ориентаций межэтнической семьи для прогнозирования тенденций развития как этнического, так и гражданского, а также ценностного, семейного аспектов жизнедеятельности современного полигэтнического казахстанского общества.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Этносоциология / Ю.В. Арутюнян, Л.М. Дробижева, А.А. Сусолоков. – М.: Аспект Пресс, 1998. – 271 с.
2. Дутин А. Г. Этносоциология. – М.: Академический проект, 2011. – 278 с.
3. Сусоколов А. Межнациональные браки в СССР. – М., 1987. – С. 140
4. Бекбосунова Д. Межнациональные браки: pro et contra (за и против) //zakon.kz/our/news/news.aspx
5. Уалиева С. Межэтнические браки в полигетнических регионах Казахстана // Россия и мусульманский мир. – 2010. – №5 (215). – С.120
6. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. – М.: Смысл, 2007. – 528 с.
7. Русские. Этносоциологические очерки. – М.: Феникс, 1992. – 230 с.

Байғабатова Н.Қ., Бахытжанқызы Ж.

Полиэтникалық Қазақстандағы этносаралық неке (зерттеудің мәселелері)

Мақалада Қазақстандағы этноаралық некелерді зерттеудің теориясы мен тарихының кейбір аспекттері қарастырылады. Осы тұргыда Қазақстан Республикасының дамуының қазіргі кезеңінде қоғамдық сананы модернизациялау жағдайында этносаралық отбасының құндылыққа бейімділігін зерттеу қазақ қоғамының ықпалдасу және шоғырлану проблемаларын болжау үшін айрықша маңызға ие.

Кілттік сөздер: этносаралық неке, этносаралық интеграция, полиэтникалық орта, құндылық баздарлары.

N.K. Baigabatova , Zh. Bakhytzhankuzy

Ethnic marriage in polyethnic Kazakhstan (to the problem statement)

The article deals with certain aspects of the theory and history of studying interethnic marriages in Kazakhstan. In this context, at the present stage of the development of the Republic of Kazakhstan, in the conditions of modernization of the public consciousness the research of the study of the value orientations of the interethnic family acquires particular urgency for forecasting the problems of integration and consolidation of the Kazakh society.

Key words: interethnic marriages, interethnic integration, polyethnic environment, value orientations.

ӘОЖ 1/14 (075.8)

МАТЕМАТИКА - ОЙДЫҢ ГИМНАСТИКАСЫ

Әлікенова К.Н., Нұсіпбай Қ., Сиқымбаева М.

I. Жансүгіров атындағы Жемісіу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., kurmatia_1987@mail.ru, moldir.sikymbayeva@mail.ru

Мақалада математика гылымының қалыптасуы мен даму тарихы және оның дамуына улес қосқан халықтар мен дүниежүзіне танымал ғалымдардың еңбегі және философиялық ойлары сөз болады. Сондай-ақ, мақала сонында көшпенің қазақ ұлтына математика гылымы жат ұғым еместігі айтылып, бүгінгі таңда ел үрпақтары мақтан тұтатын математика гылымына сүбелі улес қосқан қазақтан шыққан ғалымдар қысқаша таныстырылады.

Кілттік сөздер: математика, философиялық ой, математика, ғалым, сүбелі улес.

Математиканың шығу тегі және даму барысы өте ұзақ мерзімге созылды. Немістің атақты математигі Карл Гаусстың: «Арифметика – математиканың, ал математика – ғылымдардың патшасы», - деген сөзі математика ғылымының тарихы өте ертеде қалыптасқандығының дәлелі іспетті. Сан ұғымы өте ертеде, тарихқа дейінгі заманда, санау қажеттілігі туған кезде пайда болған. Атап айтқанда «артық», «кем», «сүлжен», «кішкене» сияқты зат өлшемдерін салыстыру, жыл мезгілдерін ажырату, құрылымы жүргізу катарлы қажеттіліктер математикалық білімнің дамуын талаң етті.

Енді, математика ғылымының дамуына еңбек сінірген бірнеше халықты атап өтсек:

Көне Мысыр әлемдегі ең байырғы мәдениет ошақтарының бірі болып есептеледі. Ондағы бүтінгі күнге дейін әлем халықтарын танқалдырып келе жатқан Пирамидалар құрылышының өзі сол кездегі мысырлықтардың геометрия саласындағы енбегінің айқын дәлелі болмак. Енді, Араб математикасына тоқталсак, IX-ғасырдың ортасынан XIII ғ-ға дейін араб математикасының ғұлдену дәуірі деп қарауға болады. Бұл дәуірдегі атақты математиктерден Батани, Әбу-Уафа, Каради, әл-Бируни, Омар Хайям, Насыреддин Туси, Баннадарды атауға болады. Ең алдымен Евклид «Геометрияның бастамалары», одан кейін үнді математигі Брахмагупта енбегі араб тіліне аударылады. Содан бастап Архимед, Аполлониус, Диофант, Птолемей сынды өртедегі гректің ұлы математиктерінің шығармалары іркес-тіркес араб тіліне аударылды. Бұл дәуірдегі атақты математик әл-Хорезми болды. Ол тек аудармамен айналысып қана қоймай, қазіргі кездегі математиканың маңызды бір саласы болып табылатын алгебраны осы әл-Хорезми енгізген. Ал, Грекия математиктері математиканы өзінің нәтижелері мен түпкі қағидаларын логикалық қортынды арқылы келтіріп шығаратын дедукциялық ғылымға айналдырыды. Үнді математикасына келсек, математика тарихында, Гректердің мұрагерлері Үндістанлықтар делінеді. 200-жылдан 1200 жылға дейін Үндістан математикасы жоғары толқынға көтерілген дәуір есептеледі. Бұл дәуірдің бастапқы мезгілінде, олар Гректерден геометрияны Вавилоннан алгебраны үйренді. Эрі Қытайдан үлгі алғып арифметика мен алгебраны одан ары дамытты.

Сан мындаған жылдар өтсе де бүтінгі ұрпақ жанында есімдері жатталып қалған математика ғылымының негізін қалыптастырып кеткен ғалымдар көп емес. Олар Архимед, Ньютон, Аристотель, Әбу Насыр Әл-Фараби, Пифагор, Фалес, Евклид, Эратосфен, Әл-Хорезми, Галилей, Гиппократ т.б.

Тарихи деректерге қарағанда геометриялық шындықтарды дәлелдеу практикасын Фалес енгізген. Мәселен, диаметр дөңгелекті как беледі; тең бүйірлі үшбұрыштың табанындағы бұрыштары тең болады; екі түзу қиылышқанда тең бұрыштар пайда болады; сәйкес екі бұрышы және қабырғасы тең екі үшбұрыш тең болады қатарлы теоремаларды Фалестің дәлелдегендегі айтылады.

Дәлелдеу – математиканың іргетасы, онсыз математиканың дамуы мүмкін емес. Математикадағы рационалдық ойлаудың тұнғыш өкілі де Фалес болып есептеледі. Фалес – мемлекеттік қайраткер, инженер, астроном, философ, математик. Белгілі математик және ғылым тарихшысы Д.Я. Стройк қазіргі математиканың шығу тегін зерделей келіп, былай дейді: «Аңыз бойынша грек математикасының атасы милет көпесі Фалес болып есептеледі. Ол алтынши ғасырдың бірінші жартысында Вавилон мен Египетте болған. Ол қаншалықты аты аңызға айналған фигура болғанымен толық шындық ашылған жоқ. Ол қазіргі математиканың негізін салушы ғана емес, сонымен бірге бүкіл қазіргі ғылым мен философияның негізін салушы болып есептеледі» деген.

Грецияда теориялық математиканың туып өркендеуіне шешуші еңбек сінірген екінші бір ғылыми- философиялық мектеп атақты Пифагор мектебі болды. Пифагор ғылымының төрт саласын (арифметика, музика, геометрия, астрономия) ажыратып, бұл бағытта терең зерттеулер жүргізген. Бұл ғылым тарауларын гректер «математа» деп атаган, осыдан «математика» деген термин қалыптасқан.

Пифагоршылдықтар философияны математикамен біріктіріп, дүниенің сандық құрылышы туралы сұрақ қойған. Ежелгі грек философи Пифагор - Кротонда Пифагоршылдық ұжымның қалаушысы - «ғылымның атасы». «Ең данышпан - сан», «сан заттардың иесі» - бұл ұғым Пифагор тұжырымдарының бірі. Пифагоршылдардың ілімінде ерекше орынды 1, 2, 3, 4 сандары алды. Осы сандардың қосындысы / $1+2+3+4=10$ / тетрактис деп аталды. Тетрактиске кіретін сандардың қосындысы онға тең. Сондыктан он саны идеалды сан болып табылады және әлемді бейнелеп көрсетеді.

Пифагордың ең жоғары жетістігі – «Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасының квадраты катеттері квадратының қосындысына тең» деп атаптын атақты теоремасы. Кейіннен бұл ғылым саласына «Пифагор теоремасы» деп енгізілді. Математикалық атомизм пифагорлық философиямен қатар болған. Демокриттің көзқарастарының ғылымда өзіндік орны бар. Оның атомизм ілімі универсалды философиялық ілім болып табылады. «Дүниенің негізі - атом мен бостық, атомдар бөлінбейді. Және сезім мүшелері арқылы қабылданбайды. Олар формасы, көлемі және кеңістікте орналасуымен ерекшеленеді. Атомдар ұдайы қозғалыста, өзара әрекетте болады және шексіз материалдық дүниелердің құрайды» деген Демокриттың дүниенің құрылымы туралы гипотезасын, математиканы философиямен табысты шұғылдану үшін қажет ғылым деп есептейтін Платон өткір сынға алды. Демокриттің атомдары - көлемдің денелік бөлшектер. Платонның атомдары-геометриялық, идеалды геометриялық фигурандар: тік бұрыш, үшбұрыштар. Платон үшін идеалды геометриялық фигурандар, объектілер дегеніміз-тек қана аспанда өмір сүретін идеялар. Ал, жер бетіндегі бізді қоршаған дүние олардың дәрекі бейнесі ғана деп есептеді. Математика денелік дүниеден бөліп қарастырылды, тәжірибеге көніл белуге тыйым салынатындығын жеткізді.

Платонның шәкірттері дедуктивті пайымдауларды ғана қолдануға ұмтылды, бұл тандау математиканы түбірімен өзгеріске ұшыратады. Көптеген грек философтары мәнгілікті және ақиқатты іздестірді. Дедукциялық әдіс қана абсолютті бірден-бір нәтижелерге әкеледі. Дүние туралы білімдердің жинақталуына сәйкес оларды жүйелендіру қажеттілігі пайда болды. Бұл мәселені ежелгі ойшылдардың бірі Аристотель табысты шешті.

Аристотельдің ілімі бойынша дүниенің көзі, тұп негізі - заттық нәрсе. Табиғат мәнгі қазғалыстағы, өзгерістегі материалдық заттардың жиынтығынан тұрады. Дүниені тану деген әуелі табиғи құбылыстарды білу деген сөз. Зат туралы түйсік, елес, ұғым болу үшін ең әуелі сол бізден тыс тұрған заттың болуы қажет. Аристотель өзінен бұрынғы грек ғылымының жетістіктерін жалпылай логика ғылымын негіздейді. Аристотельдің логикасы математиканың дамуына құшті ықпал жасады, ол дедуктивті-логикалық әдістің қалыптасуына әкелді. Қазіргі математикалық құрылыштың негізгі іргетасы саналатын аксиома, анықтама, теорема, дәлелдеулер дейтіндер Аристотельдің логикасы негізіндкі жасалған. Аристотель жанды, жансыз табиғат жөніндегі ғылымдарды жасауға көп ат салысқан философ. Аристотельдің жаратылыстану жөніндегі пікірлері оның философиялық идеяларымен ұштасып жатады.

Математиктердің математикалық бейнелердің накты дүниеден бөлек екеніне көздері жетті. Кейінірек өзінің математикаға деген философиялық көзқарастарын И. Кант (априоризм идеясы) және Г. Кантор (акиқат туралы ойлар) ұсынған. XIX ғ. басында О. Коши математикаға тіршілік ету теоремаларын енгізген, олар математикалық объектінің статусын түсінуде жаңа кезең ретінде болды. Математикалық тіршілікті түсінуде алдынғы қатарға логикалық жағдай шыға бастады, сыртқы әмпирикалық жағдайға негізделмей, өз математикалық анықтамалар негізінде қандай да бір жорамалдың мүмкіндігін негіздеу талабы.

Математика ғылымының қалыптасуы туралы сөз болғанда Ньютон еңбектерін айтпау мүмкін емес. Ол ғылымның таным пәнінің математикалық құрастырылуында,

әдістемелік орнығына бастама салды. Ғылым білімнің ақиқаттағы жөніндегі сұрақ әдістемелік анализдің көмегімен шешіледі. Теория ақиқаттағы - осы теорияның «бастау» және нәтижелер мен қорытындылар жүйесі немесе аксиомалар арасындағы сәйкестікті тексеру арқылы шешілетін мәселе қарама-қайшылықтардың болмауы теорияның ақиқаттығын дәлелдейді.

Табиғи философия үшін іргелі болып саналатын тартылыс мәселесін қарастыра келе, Ньютон ғылым аясында гравитация сұрағын қоюдан бас тартады. Онын пікірінше, осы сұрақ үшін жеткілікті тәжірибелік негіз жоқ. Тартылыс заны физикалық және астрономиялық құбылыстарды бақылауға, нақты сипаттауға мүмкіндік беретін әлемнің физикалық, математикалық үлгісінің қажетті бөлігі ретінде енгізілді. XVIII ғасырда жаратылыстану, әсіресе физиканың алдында туындаған жаңа мәселелерді шешу үшін жетілдірілген математикалық құрал қажет болды. Ньютон мен неміс философы, математигі, Берлин ғылым академиясының ұйымдастырушы мен тұнғыш президенті Г.В. Лейбництің еңбегі сонда, олар бір-бірінен тәуелсіз түрде жоғарғы математиканың және ең маңызды бөлімдерінің бірі - дифференциалды және интегралды есептеудің негізін қалауды. Ойлап шығарылған математикалық құралдың колдануы қазіргі ғылымның әр саласында кең таралған. Ньютон мен Лейбниц тұжырымдарының айырмашылыктары бар. Лейбниц таза анализдық (объективті шындықтың процестеріне қатыссыз) дамуына негіз болған абстрактты ұсынуларды қолдайды, ал Ньютон болса, математиканы физикалық зерттеулердің әдіс-тәсілі ретінде қарастырады. Ньютон бойынша математика-физикалық (механикалық) процестердің абстрактыланған көрінісі. Сондықтан да ол математикалық анализді дәлелдеу мәселесіне көп көніл аударды.

Бірде И. Ньютон әрқашан математика және философия жөнінде ойлайтынын байқапты. Ол тартылыс шын мәнінде бар; біз баяндаған зандарға сәйкес әрекет етеді және аспан денелерінің барлық қозғалыстарына түсінік беруіне жеткілікті екенине сенді. 1687 ж. Ньютонның «Табиғи философияның математикалық бастаулары» атты классикалық еңбегі жарық көрді.

Әлемнің екінші ұстазы саналатын Әбу Насыр Әл-Фарабидің түсіндірілуі бойынша, сан объективті ақиқат нәрсelerдің сезіп-түйсінуге болатын, яғни «көзбен көріп, қолмен ұстауға» болатын жактарын елеусіз калдырып, тек саналуға, есептелуге тиісті қырларын бейнелейді. Ғұламаның айтуынша, теориялық арифметика үш тарауды қамтиды: 1) сандардың бір-біріне қатыссыз жеке-дара қасиеттерін қарастыратын тарау (жұп және тақ сандар, кемел, жазық, т.б. сандар теориясы); 2) сандардың бір-біріне қатысты қасиеттерін қарастыратын тарау (тендігі, тенсіздігі, қатынасы, пропорция, өзара жай сандар, еселі сандар, т.б.); 3) сандарға амалдар қолдану.

Сайын далада көшпелі ғұмыр кешкен біздің ата-бабаларымызға математика ұғым жат емес. Қазак жері математиканың сүйегін кемірген ғалымдардан кенде емес. Солардың ішінде біз Әлімхан Ермеков, Сәдуақас Бокаев, Орынбек Жәутіковтерді математика мен физика саласына өлшеусіз үлес қосқан алғашқы ғалымдар ретінде танимыз. Әйгілі Штурм-Лиувилл операторының әмбебап формуласының шешімін тапқан

Мұхтарбай Өтелбаевты танымайтын жан жоқ. Үәлбай Өмірбаев болса алгебрадағы Кон және Каргаполов сынды белгілі ғалымдар қойған математикалық мәселелерді шешіп, 30 жылдан бері шешілмей келген жапон математигі Нагата проблемасының түйінін таркатып айды аспанға шығарғанын ұлты мактан тұтады. Ал, Лейбниц, Цинбиель, Якобиан, Вронскиан, Новиков алгебраларының ассосимметриялық есептерін шешкен жалғыз қазақ ол - Асқар Жұмаділдаев.

Әл-Хорезми бабасының жолын күткін белгілі ғалым Асқар Жұмаділдаев «Қазак балалары математикаға өте қабілетті келетіні рас. Қазақ – ілім-білімнің кез келген

саласына бейім халық. Оның бір себебі – біздің ұлттымыздың өз тарихында көп сұрыпталғанынан. Небір алапатқа ұшырадық. Мұндай құбылыс адам бойында ширығуды, өмірге, қоғамға икемделе өмір сүруге деген ішкі түйсікті оятады. Ішкі түйсік логикаға, ал логика есепке жетелейді», - деген болатын. Расымен де, қазақтың ат құлағында ойнаған көшпелі түрмисына терең үнілсек, түрлі математикалық есептеулер мен философиялық ойларға ұшырасамыз. Мәселен, ұлттық ат ойындары көкбар, теңге ілу, садақ ату, жамбы ату катарлы ойындарда қас-қағым сәтте арақашықтықты дәл болжай алу, тепе-тендікті сактау қатарлы математикалық ұфымдар негізінде құрылған.

Математика ғылымын көшпілігіміз ете күрделі ғылым ретінде қарастырамыз. Расымен де, математика адамдарды толғандыру арқылы ойын жетілдіреді. «Математика - ойдың гимнастикасы» деген тұжырымның қалыптасуы да осыдан болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлікенова К.Н Ғылым тарихы мен философиясы (Оку құралы) Талдықорған, 2012.
2. Алтаев Ж.А., Габитов Т.Х., Қасабек А.К., Муханбеталиев Қ.М. Философия және мәдениеттану А.: Эверо, 2004.
3. Габитов Т.Х., Алтаев Ж.А., Байтепекова Н.Ж. Философия “Раритет” Алматы-2004.
4. Косиченко А.Г. Философия и методология науки (Аспиранттар мен магистрлерге арналған курс бойынша оқу құралы). Алматы, 1997
5. Досмұхамед Кішібеков., Тимур Кішібеков, Ғылым тарихы мен философиясы (оку құралы), Алматы- 2014.

Алиkenova K.N., Нусипбай К., Сикымбаева М.

Математика – мышления гимнастики

В статье рассматриваются история и развитие математических наук, философские и философские взгляды народов и всемирно известных ученых. В конце статьи было отмечено, что кочевая казахская нация не чуждо математической науке, и сегодня казахские ученые вносят большой вклад в развитие математических наук.

Ключевые слова: математика, философская мысль, математика, ученый, большой вклад.

K.N. Alikanova, K. Nusipbai, M.Sikymbaeva

Mathematics - thinking gymnastics

The article deals with the history and development of mathematical sciences and the philosophical and philosophical views of peoples and world-renowned scientists. At the end of the article, it was noted that the nomadic Kazakh nation is not a stranger to mathematical science, and today Kazakh scientists are making a great contribution to the development of mathematical sciences.

Key words: mathematics, philosophical thought, mathematics, scientist, a great contribution.

ӘОЖ 346.9

**РУХАНИ ЖАНҒЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ АҚПАРАТТАР ҚОРЫН ҚЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕСІ**

Куанған Ә., Тұмен А.Б.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Aruka_96.suan@bk.ru*

Оқу-әдістемелік түрғында жазылған бұл мақалада Қазақ тарихына қатысты объективші шынай деректердің көпшілік қауымға жариялану деңгейінің кең көлемде қамтылуын, ақпараттық қорын молырақ жазылуын толығырық жаңа ақпараттамен жинақтап мәселелері көтереліп отыр.

Кілттік сөздер: Жоғарғы оқу орны, Ұлттық бірынғай тест, Оқу жетістігін сырттай бақылау, Мемлекеттік аралық бақылау

Ата-бабамыз тұрмысы бақуатты, тұтіні тұзу ұшқан, ұрпағы ертенге сеніммен қарайтын бақытты Ел болуын бағзы замандардан бері армандаған еді. Осы арман ақиқатқа айналды. Бүгінде Отанымыздың жетістіктері әрбір Қазақстандықтың ұлттық мақтанышы. Біздің жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Ел екендігі белгілі болды. Өткен тарихымызға тағым да, бүтінгі бақыттымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. XXI ғасырдағы Қазақстанның келбеті – білімді, сапалы, еңбеккор, бейбіт халықтың елі. Бағындырған белестеріміз қаншалықты биік болса, алдымызға қойып отырған мақсатымыз да соншалықты зор болмак. Тарихи дамудың өзіндік моделін қалыптастырған қазақстанның ендігі межесі – ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену болды. Оған жету үшін рухы мықты халық болу керектігі белгілі, бұл өз кезегінде «Рухани жанғыру» бағдарламалық мақала болып дүниеге келгені тарихи занды процес болып отыр.

Тарих қоғамды біріктіріп бағытта даму қажет. Ол үшін ортақ ұлттық рухани жүйе негізгі өзек болу керек. Бүгінгі күні қоғамда елдің бері тарихшы болып кеткен сияқты әсер қалуда. Кәсіби тарихшы емес саланың мамандарының араласуы сияқты мәселелер біршама теориялық және деректемелік қындықтар тузызуда. Ұлттық идеяның негізгі тірепі тарихи сананы жанғырту болғандықтан, бұл бағыттағы іс-шараларды белгілі бір ғылыми жүйеге келтіретін уақыт келді. Халқымызға, әсіреле жастарға шыншыл негізде халқымыздың тарихынан оқулықтар мен оқу құралдары қажет. [1].

Қазақ жері өзінің даму тарихи тағдырында жиырмадан астам мемлекеттермен саяси құрылымдар және әулеттердің (Сақ, Үйсін, Қанлы, Ғұн, Түрік, Түркеш қағанаттары және т.б.) куәсі болды. Әрбір саяси құрылым немесе әулет өз тарихымен Қазақстанның ежелгі, орта ғасырлардағы және жана дәуірдегі тарихын жасады, оны байытып, әлемдік өркениеттер қатарына енгізіп отырды. Осындай тарихи бір дәуірге – XY ғасырдың ортасында «қазақ» атымен тарих сахнасына шықкан қазақ хандары әулетінің билігі немесе Қазақ хандығы дәуірі жатады [2].

Мерейлі 2015 жыл бойы «Қазақ хандығының 550 жылдық» мерейтойлық конференцияларда жарияланған барлық ғылыми макалалардан окушы жастарға, көпшілік қауымға, мектеп оқулығына, жалпыға бірдей білім беру саласына және ЖОО-дағы оқу-әдістемелік құралдарда тақырыптық және ақпараттық көлемдері қеңейді деп білеміз. Себебі Қазақ хандығының құрылуы туралы әнгіме өте қызықты оқиғалар төнірегінде өрбиді. Ал жалпы Қазақстан тарихының қай дәуірдегі, қандайда болмасын оқиғалар туралы карастырғанда ұлттық руханият құндылықтары маңызды болу керек.

Мысалға «Қазақ хандығы құрылуы, қалыптасусы» тақырыбы мектеп оқулығында 7-сынып бағдарламасындаған аз-ақ көлемде берілген.

Біріншіден рухани мағыналы кең көлемдегі қызықты ақпараттармен толықтырылмаған.

Екіншіден тарих пәнінен тақырыпты оқып-менгеріп үлгермейді аз уақыт бөлінеді.

Үшіншіден негізгі Қазақ елінің мемлекеттілігі басталған уақытты кең көлемде карастырулған деңгейі әліде төмен,

Төртіншіден «қазақ» атауының нақты тұрақтанған кезеңіне тереңірек тоқталу жок

Бесіншіден аныз әнгімелердің санын молиту керек,

Алтыншыдан «қазақ» сөзінің әлі қандай мағына білдіретініне нақты бір тоқтам болмағандығы,

Жетіншіден әлі күнге дейін евроцентристік тұрғыда жазылатын тақырыптардың барышылығы.

Әрине барлығы бір күнде бола қоймас, бірақ тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр уақыт өтседе әлі күнгі қорқақтық идеямен өз тарихымызды жазып жүрген сияқтымыз. Мектеп базасындағы Қазақстан тарихы пәні тақырыптары әлі күнге дейін толықтырулармен өзгертулерді қажет етеді. 6-сынып Ежелгі Қазақстан тарихынан бастап 7,8,9,10,11 сыныптардың барлығында Қазақстан тарихының тақырыптарының ауқымы кенейтілсе жақсы болар еді. Себебі ҰБТ, ОЖСБ, МАБ сияқты тесттік жүйемен білім көрсеткіштерін бағалайтын жұмыстарда оқушылардың логикалық ойлаулары төмен екендігі белгілі болып қалады. Бұл өз кезегінде Қазақстан тарихын оқытуда кез-келген тақырыпқа қатысты көбірек қызықты аныз әнгімелерді қосып оқушылардың қызығушылығын ояту арқылы пәнге қызығушылығын арттыруға болатынына күнделікті қызмет барысындағы істәжірибелерде дәлелденген жүйе ғой. Неге осыны қолданбасқа?! Бұл өз кезегінде отан тарихына деген қызығушылықты туған елге деген сүйспеншілікті қалыптастыратын маңызды жұмыстар болып шыға келеді. Ал бұған қалай жетеміз десек Қазақстан тарихын көркем әдебиет арқылы оқытудың тиімді тұстары ете көп. Өйткені кез-келген тарихи оқиға орын алған жағдайда соған байланысты халық ауыз әдебиетінде көрініс табады емес пе. Европалық тарихшылардың айтап жүргені де осы «Айтылған тарих» - деген ұғым. Халық ауыз әдебиеті, яғни фольклор арқылы оқытудың әдісін қолдану керек.

Айтпақ ойымызда осы жерден түйінделмекші, яғни әр-бір тарихи оқиғаға, біз саяси оқиға ретінде ғана қарастырылған тарихты оқытып жүрміз. Кез-келген уақыттың халық ауыз әдебиетіндегі аныз нұсқасын Қазақстан тарихы окулығына қосымша хрестоматия ретінде көркем суреттелген окулықпен ұсынсақ! Бұл өз кезегінде оқушылардың логикалық ой-түсініктерін қалыптастыруға зор мүмкіндік береді.

Мысалы, 6 – сыныпқа Ежелгі Қазақстан тарихының тақырыптарына «Томирис ерлігі», «Шырақ жанкештілігі», «Мәде тапқырлығы», «Еділ қаталдығы», «Үйсін күнбі» сияқты, 7 – сыныпқа Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы тақырыптарына «Бумын қасқыр асыраған бала», «Шыңғыс хан жанкешті жасағы», «Қарақыпшақ Қобыланды мен Ақжол би арасындағы оқиға», «Жәнгірдің 600 жауынгері» сияқты, 8 – сыныпқа Қазақстан тарихы тақырыптарына «Жалды батыр Бөгенбай», «Нар тұлғалы Наурызбай», «Әбілхайырдың өкпелеуі», «Шоқан өлімі аныз бер ақиқат», «Хандық жоғалды Аға сұлтан тағайындалды» сияқты, 9 - сыныпқа Қазақстан тарихы тақырыптарына «Қазақстандағы көтеріліс әлемдік төңікерісті тудырды», «Алаш сөзі және Алашорда ұғымы», «Адам адам етін жегізген ашаршылық» сияқты қосымша фольклорлық тақырыптар енгізілсе Қазақстан тарихын түсіну оңайырақ болар еді.

Бұндай қосымша қызықты әнгімелер кез-келген тақырыпқа байланысты толып жатыр. Біз неге саяси оқиғаларды оқытқанда халық тұрмысындағы мәселерге мән бермей бір уақыттың өзінде болған оқиғаларды алушактатып жібереміз.

Нақты дәлел 7 – сыныптағы Қазақ хандының құрылуы туралы оқиғалардың ішіндегі көшпелі қазақ тайпаларының Әбілқайыр ханнан кетуінің себебінің бірі болып табылатын оқиға Дайырқожа (Ақжол) бидің Қарақыпшақ Қобыландының қолынан қаза табуы оқиғасы оқушыларға қызықты болуда, тіпті қосымша дайындықта жүрген 11 –

сынып оқушыларының қайталау сабактарында осы мәселені тыңдауы, танысуы ҰБТ-ға дайындықтарын жақсартып келеді. Өйткені Қазақ хандығының құрылуы, қазақ халқының қалыптасуы секілді мәселелер ұлттық тарихымызда ете айырықша орын алады.

Қазақ хандығының құрылуы ең алдымен, Қазақстан аумағындағы XIV – XV ғасырларда болған саяси даму үдерістерінің және бірнеше мың жыл бойы этникалық даму үдерістерінің занды қортындысы болып табылады. Сондай-ақ бұл тұжырымды байлайша айтуға болады. Қазақстан аумағындағы этникалық даму үдерісі XV ғасыр ортасында өз мәресіне жетіп, ұлттық сипаттағы этносты қалыптастырса, өз кезегінде ол этнос өзінің саяси қондырмасы ретінде өзінің төл мемлекеті – Қазақ хандығын қалыптастырады. Осылайша, XV ғасырдың I-жартысындағы монгол шапқынышылығынан кейінгі орын алған этносаяси процесстердің дамуы барысында саяси күштердің мұддесі мен этникалық топтардың мұддесі бір арнаға тоғыса келе, жана ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығы мен ұлттық сипаттағы этнос – қазақ халқын қалыптастыруды.

Қазақ хандығының құрылуы бір оқиғамен және бір мезетте жүзеге асқан саяси оқиға емес, керісінше, 10 жылдан астам уақытқа созылып, өз ішінде оқиғалардың дамуына қарай бірнеше сатыға белінген. Белініп кету – хандықтың құрылуындағы алғашқы және маңызды қадам болса, Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы – хандықтың құрылуы барысын кезеңдерге немесе сатыларға бөлуге мүмкіндік береді [3].

Сонымен катар Қазақ хандығының құрылуы туралы деректер жайлы әнгіменің өзі бір тәбе қызықты ақпараттар тобы болып табылады. Қазақ хандығының құрылуы туралы негізгі дерек көзі болып табылатын атақты енбек «Тарихи Рашидидін» авторы Мұхаммед Хайдар Дулатидің Моголстанның соңғы ханы Абд-ар Рашид ханға күйеу бала екендігі жайлы қарапайым оқиғаларды ете жақсы қызықтырады.

Бұл дегеніміз осындағы түгел Отан тарихына қатысты әңгемелердің барлығын кезең кезеңімен түсіндірген тиімді болатынына нақты дәлел болады. Мектеп окулықтарындағы шет елдік хан патшалардың өмір баянына қатысты оқиғаларды тізбектей бергенше өз хандарымыз жайлы тақырыптардың көлемін кеңеткен жән болар деп ойлаймыз.

Тарихта қандай құбылыс орын алсада оның теренде жатқан уақыт ете келе пісіп жетілген себептері болады. Ешқандай тарихи оқиға себепсіз немесе кездейсок болмайды және олар нақты баяндалғаны жән. Қарапайым тарихи дамудың логикасы рухани ерекше дүние ретінде өзіндік тарихи болмыстың терен қатпарларында шындалып, тарихи процесс пен тарихи сана үшін қажетті құбылыс сипаттында туындейды. Ал жалпы алғанда тарихи сана мен дұрыс пайдалы тәрбиелі мағынадағы рухани оқиғалар қоғамдық санадағы адами және әлеуметтік прогресті, өзіндік эволюциялық даму мен алға жылжуды қамтамассыз ететін рухани күш болып табылады.

Қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихтағы жетістіктері мен женістері, ой-тұжырымдары тарих дөнгелегінде жоғалмай, халықтың рухани тамырнда терендей беретінін ұмытпауымыз керек. Соны жарыққа шығару керек. Осы рухани күш болып табылады. Мәнгіге жабылған шығар, енді олар ақиқат әлемінен орын теппес деген тарихтың «ақ таңдақтары» бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы, нысаны ретінде күн санап ашылу үстінде. Бұл тәуелсіздік алып келген қуанышты белгі, заман құндылығы. Сол рухани күштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығу мәселелерін қазіргі заманда өз көзімізben көріп, оның куәсі болып отырмыз. Бұл құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің шынайы тарихи сипаттамасы болып табылады, ол сонымен катар жанаша рухани жаңыруымыздың, өркендеуіміздің бастамасы болары анық.

Сонау замандағы ұлы бабаларымыз түрік ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Ж.Баласагұни, М.Қашқари, А.Иүтінеки, Қ.А.Яссави және одан бергі қазақ даласының ойшылдарының Абай, Шәкәрім және т.б., шығармашылық мұрасының сабактастықпен әрі

жүйелі түрде зерттеу классикалық емес кезеңдегі қазақтардың ұлттық өзіндік санасының құрылымы мен бағдарларын анықтауға мүмкіндік береді [4, 388-389 бб.].

Тарих тағылымынан сабак алып, табыстарымызды таразылауға, жас үрпақ бойында рухани жаңғыру аясындағы Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеуге арналған іс-шаралар еліміздің руханияты мен мәдениетін жоғары деңгейге көтеретін нысандығы игілік істермен жалғасуы керек. Сондықтан Рухани жаңғыру білім мен тәрбие беру жүйесінің даму динамикасына игі ықпалы мол серпін беретініне сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ 18 «ҚР білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың бойында патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру» Қазақ хандығына 550 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы қ. 2015 ж. (23 бет.)
2. Ж Қ17 «Қазақ мемлекеттілігі: Кеше, Бүгін, Ертең» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтары. – Талдықорған 2015ж. I.Жансүгіров ат. ЖМУ 2015 - 2586. (60-61 бб.)
3. Ж Қ17 «Қазақ мемлекеттілігі: Кеше, Бүгін, Ертең» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтары. – Талдықорған 2015ж. I.Жансүгіров ат. ЖМУ 2015 - 2586. (5-7 бб.)
4. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). I том. Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. – Алматы: ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2014. – 400 б.

Куанган О., Тумен А.Б.

Источники духовный модернизации проблемы расширения информации в истории Казахстана

Данная статья написано в учебно-методическом направлении и рассматривает возможности расширять темы и новые объективные данные по истории Казахстана в разных и общественно-публистических учебных пособиях.

Ключевые слова: Высшее учебное заведение, Единый национальный тест, Внешний контроль за результатами обучения, Государственный пограничный контроль

O. Kuangan, A.B. Tumen

Sources of spiritual modernization problems of expansion of information in the history of kazakhstan

This article is written in the educational and methodical direction and considers the possibilities to expand the themes and new objective data on the history of Kazakhstan in various and public-educational manuals.

Key words: Higher Education Institution, Unified National Test, External Supervision of Learning Outcomes, State Border Control

ӘОЖ 370

МЕНТАЛИТЕТ ҰҒЫМЫНЫң ҚОҒАМ БОЛМЫСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Рахипова С.К., Берикова А.К.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Sayra.76@mail.ru*

Қазақстандық менталитетті әлеуметтік философияның мәселесі ретінде қарау үшін, біздің дүниетанымыздың қайнар көзі ретінде қазақ философиясына тоқталамыз. Менталитет мәселесі халықтың дүниені түйсінуі, дүниені қабылдауы, халықтың бірегейлігін қамтамасыз ететін рухани сапалы жағдайы ретінде қарау үшін, бұл мәселенің біздің отандық философияда қалай бастау алғанына сараптау жасадық. Қазақ дүниетанымында менталитет мәселесі уақыт пен кеңістік жағдайында қарастырылады.

Кілттік сөздер: этнос, менталитет, философия, идентификация, мәдениет, ұлт, салт, әдем-әүрп, жаһандану.

Біздің ойымызша, зерттеушілер менталитет категориясының табигатын теренірек ашуға тырысқан. Тарихи кезеңдерге байланысты халық менталитетінің өзгеру ерекшеліктеріне герменевтикалық және экзистенциалдық түрғыдан зерттеулер жүргізген. Менталитет ұғымының қоғамның болмысы мен дамуын зерттегендегі орны мен рөлінің маңыздылығын көрсеткен.

Қазақстандық менталитетті әлеуметтік философияның мәселесі ретінде қарау үшін, біздің дүниетанымыздың қайнар көзі ретінде қазақ философиясына тоқталамыз. Менталитет мәселесі халықтың дүниені түйсінуі, дүниені қабылдауы, халықтың бірегейлігін қамтамасыз ететін рухани сапалы жағдайы ретінде қарау үшін, бұл мәселенің біздің отандық философияда қалай бастау алғанына сараптау жасадық. Қазақ дүниетанымында менталитет мәселесі уақыт пен кеңістік жағдайында қарастырылады. Уақыт және кеңістік өлшемдері бойынша көшпендері кезеңіндегі менталитет, қазақ ұлтының өзіндік менталитеті, кеңестік дәуірдегі менталитет немесе еуразиялық менталитет және қазіргі тәуелсіздік жағдайында қалыптасып келе жатқан қазақстандық менталитет ұғымдары әдебиеттерде көрініс тапқан.

Мысалы, М. Орынбеков менталитетті былай деп қарастырган: «Менталитет – қоғамдағы ұжымдық денгейде қалыптасатын ойлау және іс атқару жүйесі, ол қоғамның барлық мүшелеріне тән және барлық жеке тұлғалардың іс-әрекеттерінде көрінеді» [1], ал келесі ойшыл, В.И. Зорин «менталитет: а) ой қыртысы; б) дүниені сезу, дүниені қабылдау; в) жеке тұлғаның психологиясы, саналылық пен бейсаналық негізінде жататын қалыптасқан бейне, жалпылық, логикалық және эпиреторлық, яғни ойлаудың, идеологияның, сенім мен эмоцияның терең бұлагы» - дейді [2]. Біздің ойымызша, бұл жерде зерттеушілер менталитеттің екі жағын бір-біріне қарсы қояды. М. Орынбеков менталитеттің жалпықоғамдық қасиетін ашқысы келсе, В.И. Зорин көрісінше менталитеттің жекелік сипатына назар аударған.

Белгілі ғалым Д. Кішібеков өзінің «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең» атты монографиясында: «менталитетті біздің ойымызша, адамдардың нақтылы ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен т.б. бөліп қарауға болмайды. Ол тек солар арқылы бейнеленетін, түсінуге болатын құбылыс. Олардан менталитетті жеке-дара бөліп алып қарастыруға болмайды» [3] деп ой айтады. Халықтың менталитетін түсінү арқылы оның іс-әрекетіне, өмір сүру тәсілінің өзгеруіне, ойлау жүйесінің бағдарына болжам жасауға мүмкіндік туады. Яғни зерттеуші халықтың менталитеттің толығымен зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Халықтың менталитеттің толығымен зерттеу арқылы оның бүгіні мен ертеңіне

жан-жақты сараптамалар жүргізуге болады. Осыдан келіп, қоғамның саяси, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және тағы да басқа салалардағы ұстанымдарын, іс-кимылдарын анықтап, бақылау жасау қажеттілігі туындайды.

Ұлт менталитетін жан-жақты зерттегендердің бірі Т. Бурбаев болды. Ол менталитетке анықтама бергенде: «Менталитет дегеніміз – синкретті рухани тұтастыққа негізделген адамның міnez құлқы, іс-кимылы, ойлау ерекшелігі, дүниені сезінуі мен қабылдауды, саналық пен бейсаналықтың тұтастығы» [4] деді. Оның ойынша менталитет ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, ұлт өкілдерінің міnez-құлқы мен дүниеге көзкарасында, өмір салты мен әдетінде, философиясы мен ғылымында, мәдениетінде, жалпы рухани болмысында көрініс табады. «Халық деген ұғым қандай тұтастықты білдірсе, оның менталитеті де сондай тұтастықты білдіреді» [4,211 б] деп, менталитетті интегралды ұғым ретінде дәлелдеп береді. Біздің ойымызша, зерттеушінің менталитетті интегралды құбылыс ретінде қарауы аса маңызды. Оның ойынша, адамның санасын, дүниені қабылдаудың және соған сәйкес іс-әрекетін бөліп-бөліп қарастыруға болмайды. Адам ол тұтас әлем болғандықтан, оның менталитеті де тұтастықты білдіреді.

Қазақстандық зерттеушілер менталитетті осылай қарастыра отырып оның бірнеше түрлеріне қатысты зерттеулер жүргізген. Тарихи кезеңдер бойынша қарастыратын болсак, біріншіден, көшпендердің менталитеті. Яғни, қазіргі қазақстандық менталитеттің тұп негізінде орын алатын, территориялық-шаруашылық ортамен тығыз байланысты менталитет. Біздің ойымызша, алғашқы дүниені қабылдау, дүниені түйсіну біздің тарихымызда көшпендердің дүниетанымымен тығыз байланысты. Көшпендер менталитеттің Д. Кішібеков: «...тек санадан шығармай, кеңінен алыш қараган жөн» – деп ерекше қарауға катысты пікірін айтады [3, 4 б]. Шындығында, көшпендер менталитеттің зерттеу барысында рационалды бағыттарды қолдануды ұсынған зерттеушімен толығымен келісеміз. Көшпендердің дүниені түйсіну ерекшеліктеріне қарай отырып, олардың ойлау жүйесіне философиялық тұрғыдан талдау жасау арқылы көшпендер менталитеттің қатысты көптеген объективті ақпараттарды алуға болады.

«Көшпендердің Логосында құпия қашан да құнды. Құпия өмірдің негізі, ол өмірге, ерікке, күшке пара-пар. Егер гректер үшін ақиқат айқын, ашық болса, мұнда шындықтың мәні жасырын, құпия. Логостың құпиясы – ым, тұспалдау. Мұнда тұра ешкім айтпайды, ойын білдірмейді. Жел Әміріне карсы ештene ашық айтуда болмайды. Бәрі сыйырлап сөйлейді. Сыбыс, қауесет және ақиқат тұра айтылмай, жанама айтылады» [4].

Біздің ойымызша, көшпендердің кеңістік пен уақыт туралы түсінктері мулдем ерекше. Мәселен, «қазақ тіліндегі «ұзак» деген сөз уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты. Бұған «ұзак жол», «құн ұзак», «жол ұзак», «уақытты ұзарту» т.б. сияқты тұрақты тіркестер дәлел болады» [4, 181 б]. Дүниені қабылдаудағы мұндай ойлау ерекшеліктері негізінде адам мен табиғат арасындағы күрделі байланыстан туындаған ментальдықта тұтастық жатыр деп айтуда болады. «Көшпелі өмір салтта уақыт пен кеңістікті тел танып, бір-бірімен біте қайнасқан сабактастықты игермей тұрып, әлеуметтік өмірде береке таппас еді» – дейді А. Сейдімбек [5]. Яғни көшпендерді халық үшін уақыт пен кеңістікті жекелеп қарау олардың өмір сүру салтына қайшы келеді. «Көшпендер менталитеттің тән тағы бір ерекшелік – қоғамдық пікірдің тірлігі, оның пәрменділігі, әркімнің қоғамдық пікірді қалыптастыруға белсене ат салысып отыратыны, үнемі қоғамдық ойдың бағыт-бағдарын анықтауда ой еркіндігі мен сөз бостандығын пайдалануы ғажап феномен десек те болады» [3, 155 б]. Ойшыл көшпендер қоғамындағы демократиялық құндылықтардың көрінісін дұрыс көрсете білген. Бұдан біз көшпендер менталитеттің өз заманында қоғамдық өмірге айтарлықтай ықпал ете алғандығын көреміз.

Біздің пайымдауымызша, көшпендердің ментальдығы жалқылықтан жалпылыққа, тұлғалықтан бірегейлікке жақын екендігін байқауға болады. Жеке тұлғаның мүддесінен, қоғамның мүддесін жоғары қою жалпы шығыстық дүниетанымының ерекше сипаты болады. Егер демократияның бір белгісі ретінде азшылықтың көпшілікке бағынуын

айтатын болсак, бұл белгі шығыстың, оның ішінде көшпендейлердің менталитетіндегі бетен құбылыс емес.

Көшпелі өмір қазақ халқының ойлау жүйесіне, психикалық жан дүниесіне еркіндік сезімін мықты сініреді деп есептейді Д. Жамбылов [6]. Сондықтан ата-бабамыз ел шетіне жау келгенде тайсалмай қарсы тұрып жерін корғады. Осы еркіндікке, бостандыққа деген құштарлықтың нәтижесінде қазақ халқы өз ұрпағына ұлан ғайыр даланы мұра етіп калдырыды.

«Қазақ менталитеті еуропалықтар шенберіне симайды. Қазақ жері қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан ете бай. Оны еуропалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік тусінігі де басқа» [3, 4 б] дейді. Қазіргі Қазақстандағы демократиялық үдеріске баға бергенде осы сөздерді негізге ала отырып, саралауымыз дұрыс, себебі қоғамдағы демократия көріністері батыстық болмысқа толығымен сай келмейді. Менталитет неге қатысты қалыптасады деген сұралқа Д. Кішібеков былай деп жауап береді: «Әрине, алдымен ол туған географиялық ортаға, сондай-ақ материалдық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық жағдайларға сәйкес және сонымен тығыз байланыста қалыптасады. Осы факторларға сәйкес адамның рухани дүниесі, ойлау жүйесі, мінез-құлқы, қайрат-жігері, әдет-ұрпы, ойын-сауығы т.б. өзіне ғана тән қасиеттері тұралады. Солар арқылы бір ұлт бір ұлттан ерекшеленеді. Сол ерекшеліктер арқылы қоғамның рухани байлығы артады» [3, 5 б]. Бұл жерде зерттеушінің ойынша, әрбір халықтың немесе ұлттың менталитетін, дүниетанымын, әлемді түсініүін зерттегендегі ортақ параметрлерді барлығына бірдей қолдана беруге болмайды. Әрбір халық ерекше және оның ерекше болып қалыптасуына ықпал ететін факторлар да өзгеше болып келеді.

Халық менталитетіндегі ерте заманда қалыптасқан құндылықтардың өміршендігін, оның қоғамның барлық салалардағы көрінісін, рөлін анықтауға болады. Қаншалықты халық менталитетінде кездесетін құндылықтардың қазіргі демократиялық қоғамды орнатудағы рөлін айқындауға тырысқан. Біздің пайымдауымызша осы құндылықтарды қазіргі ұрпактың санасына сініру үшін, менталитетті білім беру және әлеуметтік-гуманитарлық білім мәселесі ретінде қарастыруымыз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Өлке, 1994. – 207 б.
2. Зорин В.И. Зарипова И. Мудрость любовь моя. – Ақмола, 1996. – 145 б.
3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
4. Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. – Астана, 2005. – 287 б.
5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
6. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. - Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 240 б.

Рахипова С.К., Берикова А.К.

Менталитет - категория общественного сознания.

Менталитет - категория, прежде всего, социальная, а в более широком плане, и это надо подчеркнуть особо, категория - моральная, нравственная. Социально-нравственная составляющая, определяющая отношение человека и человеческих сообществ к миру, к различным сторонам жизни, друг к другу, главенствует в дуальных категориях, характеризующих менталитет, не говоря уже о категориях религиозных и философских, образовательно-педагогических. Именно в социальной сфере, а отнюдь не только на уровне сознания, самосознания или подсознания личности, формируются те критериальные основания и ценности, с которыми человек сознательно или подсознательно сверяет своё отношение к жизни, своё поведение и поступки. Именно

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық нормалау мақсатында әмиссияларды нормалау экологиялық қауіпсіздікті, коршаған орта сапасының нормативтері және оларды белгілеу тәртібі, коршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері, әмиссиялар нормативтерін белгілеу тәртібі, табиғат қорғауды жобалау мен нормалау жөніндегі қызметті лицензиялау, экологиялық жүйелерді сактау қалуды және биологиялық сан алуандықты қамтамасыз ететін қоршаған ортаның сапасын реттеу және оған келтірілетін рауалы шектелген ықпалды анықтау болып табылады. Ластаушы заттардың рауалы шектелген шығарындылары (РШШ) мен тастандыларының (РШТ), өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың нормативтері жалпы алғанда қоршаған ортаның сапасының нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді деген шартпен, әр тұрақты әмиссиялар көзі мен қасіпорын бойынша есептеудің негізінде белгіленетін әмиссиялардың шамалары болып табылады. Ластаушы заттардың рауалы шектелген шығарындылары мен тастандыларының нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері қоршаған ортаға шығарылатын әмиссияларға рұқсат берген кезде пайдаланылады. Қоршаған ортаға шығарылатын әмиссиялардың нормативтері жұмыс істейтін қасіпорындар үшін бөлек құжаттар түрінде, не болмаса көзделетін шаруашылық және басқа қызметтің қоршаған ортаға ықпалын бағалаудың құрамында негізделеді.

Орындалатын жұмыстардың түрлері:

- Ластайтын заттардың атмосфераға РШШ нормативтері жобаларын өзірлеу;
- Ластайтын заттардың су нысандарына РШП нормативтері жобаларын өзірлеу;
- Қалдықтарды басқару жобаларын, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының түзілуі мен орналастыру шектерінің нормативтері жобаларын өзірлеу;
- Қасіпорындардың экологиялық төлкүжаттарын өзірлеу;
- Рауалы шектелген физикалық ықпал ету нормативтерін (шуыл, діріл, ион сәулелерін шығару және басқа да физикалық ықпал деңгейі) өзірлеу;
- Құқіртті қоршаған ортада ашық күйінде орналастыру нормативтері.

Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың маңызды міндеттерінің бірі қоршаған орта сапасының нормативтерін белгілеу болып табылады. Басқарушылық процесс экологиялық нормативтерді белгілеуге негізделіп, содан басталады деп айтуда болады [2].

Қоршаған ортаның сапасын нормалау адамның қоршаған ортаға рауалы шекті шығарындыларының ықпалдарының нормативтерін белгілеу жөніндегі қызметі болып табылады.

Тәжірибелінде көзіргі кезеңінде ғалымдар да мынаны түсініп отыр: адамның табиғатқа шаруашылық қызметімен қалдықтардың зиянды ықпалын толық жоюға болмайды. Бірақ табиғи ортаның ластануы мен оның қалыпты қызмет істеуінің арасындағы белгілі бір тепетендікті орнату арқылы осы ықпалды біртіндеп төмендетуге қол жеткізуге болады, ол табиғат тенгерімі бұзылуынан аулақ болуга мүмкіндік береді. Бұл міндеттер де экологиялық нормативтерге жүктеледі [3].

Экологиялық нормаларды енгізу мына міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1. нормативтер адамның қоршаған ортаға ықпалының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаның мониторинг тек табиғатты байқауға ғана құрылмайды. Бұл байқау мәнді болуға тиіс, ол техникалық көрсетісштер көмегімен ауаның, судың және т.б. ластану деңгейін анықтауға тиіс.

2. нормативтер мемлекеттік органның табиғат пайдалану қызметіне бақылауды жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Экологиялық бақылау мынадан көрінеді: ол табиғаттың қалай ластануын анықтауды емес, керісінше оның ластануының белгіленген нормативтерден қандай деңгейде артып кетуін анықтайды.

3. экологиялық нормативтер олардың асып кетуі жағдайында жауапкершілік шараларын қолдану үшін негіз болып табылады. Көбінесе экологиялық нормативтер кінәлы адамды жауапкершілікке тартудың бірден бір өлшемі болады. Мысалы, кәсіпорынның қалдықтардың шығарындысына рұқсаты бар делік, сондықтан табиғатты ластау фактісінің өзі жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылмайды. Егер кәсіпорын қалдықтар бойынша белгіленген нормативті арттырып жіберген жағдайда, оны жауапкершілікке тартуға болады [4].

Мынаны атап көрсете керек: қоршаған органы қорғау нормативтері тәжірибеде дербес сала ретінде экологиялық заңының тубегейлі қалыптасуына дейін-ақ қолданылды. Экологиялық нормативтерді енгізу тәжірибеде өзін актап отырғанын ескере отырып, заң шығарушы оларды Экологиялық Кодексіне енгізу жолына барды. 23-бапта экологиялық нормативтердің мынадай түрлері баянды етілген: қоршаған орта жай-күйінің химиялық көрсеткіштерінесәйес белгіленген нормативтер; қоршаған орта жай-күйінің физикалық өрсеткіштеріне сәйкес белгіленген нормативтер; қоршаған орта жай-күйінің биологиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген нормативтер; қоршаған орта сапасының КР заңнамасында көзделген өзге де нормативтері [5].

Қоршаған табиғи ортада зиянды заттардың рауалы шектелген шығарындылары шекті мөлшерде шоғырлану нормативтері адамға және белгілі бір кезенге орташалануға жататын және мезгіл-мезгіл ықпалы жағдайында немесе бүкіл адам өмірі бойында оған және қоршаған ортаға тұластай алғанда зиянды ықпал етпейтін зиянды заттардың барынша шоғырлануы ретінде анықталады. Нормативтер Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірегей болып табылады. Оларды Денсаулық сақтау министрлігі өзірлейді. РШШ нормативтерін белгілеген кезде табиғаттың ластануының екі түрі – ең көп бір жолғы зиянды заттардың рауалы шектелген шығарындылары және орташа тәуліктік зиянды заттардың рауалы шектелген шығарындылары ескеріледі. Біріншісі, адам организмінің қалыпты жұмыс істеуіне зиянды заттардың кыска уақыттық ықпалының деңгейін анықтайды. Екіншісі, қоршаган орта ластануының жол берілетін деңгейін анықтайды, ол ұзақ кезең жағдайында адам организміне ықпалы оның денсаулығының жай-күйіндегі өзгерістердің пайда болуын туғызбайды. РШШ зиянды заттарының нормативтерін топтастыру негізі үшін біздін республикамызда қоршаган

орта ластануының төрт деңгейі ескеріледі – олар ылғалдың болмауы, тітікену, созымалы ауру, өткір ауру. Аталған деңгейлерді Дүниежүзілік деңсаулық сақтау ұйымы өзірлеген.

Занда көзделген ережеге сәйкес қажет болған жағдайда кейбір аудандар үшін жеке зиянды заттардың рауалы шектелген шығарындылары неғұрлым қатаң нормативтері белгіленеді. Мұндай нормативтер табиғаттың қолайсыз жағдайларына қарай қоршаған ортаның елеулі түрде ластануы байқалатын немесе бұл аумақ курортты немесе рекреациялық аймақ болып табылатын аудандарға қатысты белгіленеді. Қоршаған ортаға ластағыш зиянды заттардың рауалы шектелген шығарындылары – бұл уақыт бірлігіне шығарылатын зиянды заттардың мөлшері, ол жиынтығында зиянды заттар көздерінің шығарындыларынан белгілі бір өнір немесе елді мекен бойынша белгіленген нормаларынан артып кететін осы заттардың шоғырлануын ОЗШ болдырмайды. РШШ нормативтерін осы өнірдің қоршаған ортаның зиянды заттармен ластануының жалпы орта деңгейіндегі деректерінің негізінде кәсіпорындар өзірлейді. Зиянды заттың әрбір түрі бойынша орта деңгейін кәсіпорынға сол ауданының ауа райын зерттейтін қызметі хабарлайды, ол қоршаған ортаның мониторингін жүргізеді. РШШ-ның нормативтерін өзірлеу үшін кәсіпорын ғылыми-зерттеу институттарын тартады. Содан соң бұл нормативтер экология және табиғи ресурстар органдарына хабарланады, олар РШШ нормативтерінің дұрыс өзірленуін тексереді және кейіннен олардың сакталуына бақылауды жүзеге асырады [6].

Экологиялық нормалау:

- іске қосылған кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсерін бағалау;
- әртүрлі кәсіпорындар үшін ластаушы заттардың атмосфераға шығарылу көздеріне түгендеу жасау (есептеу жолымен);
 - зиянды заттардың рауалы шығарындылары (РШШ);
 - зиянды заттардың рауалы төгінділері (РШТ);
 - қалдықтарды орналастыру нормативтерінің (ҚОН) жобаларын өзірлеу;
 - қалдықтардың қауіптілігі төлкүжаттарын өзірлеу:
 - 1) рұқсат алуға өтінім беру;
 - 2) ескертпе мағлұмдамасы;
 - 3) пайдаланатын технологиялық шешімдердің қысқаша сипаттамасы;
 - 4) қоршаған ортаны корғау жөніндегі іс-шаралар жоспары;
 - 5) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;
 - 6) ластану көздерінің тізілімдік төлкүжаттары.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері жекелеген өнірлер мен аумақтар үшін қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштері белгіленуі мүмкін. Қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштері қоршаған орта сапасын жүйелі түрде жақсарту қажеттілігі ескеріле отырып, белгілі бір уақыт кезеңінде қоршаған ортаның нормаланатын өлшемдерінің шекті деңгейін реттейді.

Қоршаған орта сапасының әртүрлі мақсатты көрсеткіштерін:

- 1) селитебтік аймактар үшін;
- 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін;
- 3) рекреациялық аймактар үшін;
- 4) өндірістік аймактар үшін;
- 5) пайдаланудың әртүрлі нысанындағы су объектілері үшін белгіленуі мүмкін.

Қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштері облыстырдың (республикалық манызы бар қалалардың, астананың) атқарушы органдары өзірлейтін және өнірлік деңгейде - жергілікті өкілді органдар, өнірараптық деңгейде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қоршаған ортаны корғау жөніндегі тиісті өнірлік бағдарламалармен белгіленеді.

Қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштерін белгілеу келесідей жүргізіледі:

- 1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қоршаған орта сапасының нормативтеріне кезең-кезеңмен қол жеткізуін;

2) экологиялық қауіпсіздікті және халық денсаулығы үшін тәуекелдердің азайтылуын;

3) әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ескеріле отырып, қоршаған орта сапасын нормалауды, Қазақстан Республикасының және оның өнірлерінің экономикалық дамуының жоспарлары мен бағдарламаларын, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экожүйені, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің тектік қорын сақтау қажеттігін қамтамасыз етуге тиіс.

Қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштерін белгілеу тәртібі мен өлшемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Эмиссиялар нормативтеріне:

- 1) эмиссиялардың техникалық үlestік нормативтері;
- 2) заттардың жол беруге болатын шекті шығарылу және тасталу нормативтері;
- 3) өндіріс пен тұтыну құқықтарымен жұмыс істеу нормативтері;
- 4) жол беруге болатын физикалық әсер (жылудың, шудың, тербелістің, иондайтын сәулелердің, және өзге де физикалық әсерлердің саны) нормативтері жатады.

Эмиссиялар нормативтері аумақтың және акваторияның табиги ерекшеліктерін ескере отырып, қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс және ол жол беруге болатын шекті шоғырлану және қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері негізінде есептеледі.

Эмиссиялар нормативтері тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ластаушы заттар мен қалдықтар түрлері үшін белгіленеді.

Эмиссиялар нормативтерінің шамасы шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсерін азайту мақсатында экологиялық рұқсаттар беру мен қажетті техникалық іс-шаралар бойынша басқару шешімдерін қабылдауға негіз болып табылады [8].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ энциклопедиясы, 10 том;
2. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы: Интерлигал, 2005. – 395 б.
3. Петров В. Экологиялық құқық. – М.: Норма-Принт. – 1995, 197 б.
4. Қазақстан Республикасы. 2007 ж. 9-қантарда қабылданған Зан. – №320-111 КР.Экологиялық кодекс. – Астана: Ақорда, 2007. – 163 б.
5. Сулейменов Р.К. Экологиялық нормалау мәселелері // Зан газеті. 2006. – №43, 36
6. Донченко В.К., Питулько В.М., Растоскуев В.В. и др. Экологическая экспертиза. М.: Издательский центр «Академия», 2004.
7. Культелев С.Т.Экологическое право РК. Алматы 2003г.328 с.
8. Гришин Н.Н. Основные принципы ОВОС и отечественная система подготовки и принятия решений // Экологическая экспертиза и ОВОС.- 1996 . - № 1.

Каримова Ш., Сейтова Г.А.

Организация нормативных правил окружающей среды

Целью экологического нормирования является регулирование качества окружающей среды и обеспечение экологической безопасности, экологических систем и сохранения биоразнообразия.

Процесс нормирования окружающей среды устанавливает нормативы качества окружающей среды, нормативы эмиссии и использование природных ресурсов, а так же в области охраны окружающей среды.

Ключевые слова: экологическое регулирование, эмиссия, экологическая безопасность, экосистемы, биологическое разнообразие, радиоактивность, зоны отдыха, городские районы

Sh. Karimova, G.A. Seitova

Organization of environmental normative regulations

The purpose of environmental regulation is to regulate the quality of the environment and ensure environmental safety, ecological systems and biodiversity conservation.

The process of environmental regulation establishes standards for environmental quality, emission standards and the use of natural resources, as well as in the field of environmental protection.

Key words: *environmental regulation, emission, environmental safety, ecosystems, biological diversity, radioactivity, recreational areas, urban areas*

ӘОЖ 378.02:37.035.3

КӘСІПТІК ОҚЫТУ ҰСТАЗДАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІМІ - ШЕБЕРЛІК НЕГІЗІ

Құрманбаев А.А., Кунбасын А.Т, Жумабекова И.Т.

*І.Жансүгіров атындағы Жемісіу мемлекеттік университеті. Талдыкорған қ.,
1962kaa@mail.ru*

Бұл мақалада нарықтық қатынас жағдайында, кәсіптік оқыту ұстаздарының кәсіби педагогикалық шеберлік жүйесін қалыптастыру қажеттілігі дәлелденді және негізделді

Кілттік сөздер: *кәсіптік шеберлік, кәсіби дайындық, арналық технология, нарықтық қатынас, шеберлік компоненттер, экономикалық білім, эрудиция, құзыреттілік*

Қазақстан Республикасының егеменді мемлекетке айналуы, экономика бағатының нарықтық модельде құрылты, ұлттық білім беру жүйесіне енүі білім берудің жаңашыл бағыты мен сипатының объективтік факторларымен түсіндіріледі. Қоғамымыздың түбектейлі жаңаруы сол жаңаруға сай мамандар потенциалын дайындалмайынша мүмкін емес. Мамандармен қамтамасыз етуде жетекші рольді жоғары мектеп атқарады.

Жоғары мектеп жағдайындағы жаңа қатынас бүріннан қалыптасқан оқу процесі түбектейлі жаңарған қоғам талаптарына сәйкес келетін, сауатты, шығармашылықпен ойланған алатын маман қалыптастырудың түбектейлі бетбұрысты білдіреді.

Зерттеу жұмысының көкейтестілігі бұл проблемалар ғылыми негізделген, оқыту процесінің мақсаттылығына, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуге, оның ішінде оқу процесіне, оның мақсаты мен мазмұнына, ұйымдастырудың әдістемесі мен формасына, жоғары мектеп дидактикасының жалпы және оқу процесінің ішінәра проблемасына қатысты. Жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа жолын ойластыру қажеттілігі қоғамның дайындалған мамандар сапасына қанағаттанбауынан туындауда, ол бірінші кезекте педагогиканың әлеуметтік сұраныс деген категорияны нактылау қажеттілігімен түсіндіріледі. Жоғары білім беру дидактикасының кейбір аспектілерін қайта құру қажеттілігі қоғамның дамуының, нарықтық экономикага ету, құқықтық мемлекет құру сияқты тенденцияларды талдау барысында көрінеді. Болашақ мамандарды өмір әрекетінің жаңа жағдайында жаңаша даярлау талабын туғызады [1. 117-119].

Жоғары білім беру жүйесінде негізгі ағым мамандардың дайындық сапасын көтеруге, инновациялық білім беруді дамытуға, ғылыми-зерттеу әрекетімен кіріктірүгө, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік және экономикалық сала талаптарымен тығыз байланыста болуына, аппараттық және білім беру технологиясын жетілдіруге саяды.

Қазіргі жеделдегу, демократияландыру жағдайында Қазақстан Республикасында басты міндеттердің бірі - ұлттық өрекшеліктерді есепке алып, жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру.

Еліміздің еркіндік алуы, тіл аясының кеңеюі, қазақ мектептері санының көбеюі бүгінгі талапқа сай кадрларын өзірлеу, жас педагогтарға өзіндік бағыт, бағдары бар түйінді ойларды жинақтап жеткізу қажеттігін туындастып отыр.

Қоғам дамуының жана саяси, әлеуметтік-экономикалық шарттарына байланысты болған білім саласындағы түбірлі өзгерістер қазіргі мамандының кәсіптік шеберлігінің жоғарғы деңгейде болуын талап етеді. Педагогтың жұмысына қажет маңызды шарттардың бірі - өз ісі үшін жауапкершілік қана емес, оның жұмыстағы бостандығы еркіндігінің болуы. Педагог өзі істеген барлық жұмысына жауап береді алған, дербес білімді маман болуы керек.

Ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, арнайы технология пәннің проблемалары ғылыми классиктердің зерттеулерінен тыс қалған жок. Бұған мына педагог классиктердің еңбектері дәлел.

- болашақ арнайы технология пәннің мұғалімдерін кәсіби дайындығын сапалы жетілдіру мәселесін ғылыми еңбектерінде қарастырғандар (К.А.Дүйсенбаев, В.В.Егоров, М.Ж.Козыбаков, Б.К.Момышбаев, В.Д.Симоненко, А.П.Сейтешев және т.б.);

-«арнайы технология мұғалімі» мамандығының қалыптасып еңбектерінде жетілуі (В.М.Казакевич, В.Д.Симоненко, Ю.Л.Хатунцев және т.б.), еңбектерінде қарастыруды.

- жалпы еңбек біліктілік пен дағды политехникалық кәсіби түрғыда (К.К.Кенжегалиев, А.А.Курманбаев, О.А.Нурманов, Ж.А.Аскарова, А.Ш.Оралбекова және т.б.), ғылыми еңбектерінде қарастыруды.

Ғылыми әдебиет және қәсіптік бағыт бойынша ғалымдардың еңбектерін талдау барысында, болашақ арнайы технология пәні мұғалімдерінің дидактикалық түрғыда дайындық мәселесін әлде де жетілдіру жолын қарастыру қажет.

В.П. Шапалов, М.М. Чошанов, Б.Т. Кенжебеков, М.Ж. Жадрина, Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Ағанина, А.В. Хугорский және т.б.) [2. 54].

Осы түрғыда көкейкесті мәселеге байланысты біздің зерттеу тақырыбымыз

«Кәсіптік оқыту ұстаздарының педагогикалық шеберлігін қалыптастыру». тандауымыз осыдан:

Зерттеудің мақсаты: Болашақ ұстаздардың бойында оқыту мен тәрбиелеудің, өзін-өзі жетілдірудің өнерін үнемі жетілдіріп отырудың қажеттілігін қалыптастыру. Білімгерлердің бойында психологиялық сауаттылықтың, компоненттіліктің, жалпы мәдениет пен педагогикалық қабілеттерін дамуына үлес қосу.

Зерттеу міндеттері:


- қәсіптік оқыту ұстаздарының педагогикалық шеберлік мазмұнын зерттеу;
- педагогикалық қызметтің мазмұнын әдістемесін ашу;
- педагогикалық мамандықтың болашақта мүмкіндіктерін көрсету;
- жаңашыл педагогтар идеясын, оқыту формасын пайдалану.

Ғылыми жаналығы мен теориялық маңыздылығы педагогикалық шеберліктің методологиялық, теориялық, практикалық негізі, элементтері, оқыту технологиясына бағыт берілді, педагогикалық техника, өзін-өзі басқаруды игеру мәселелері анықталды. Нарықтық қатынас жағдайында арнайы технология пәннің болашақ мұғалімдерінде кәсіби - педагогикалық шеберліктің біліктілік пен дағдыларын жүйесін қалыптастырудың қажеттілігі дәлелденді және негізделді.

«Педагогикалық шеберлік» ұғымдарының мазмұны, мәні анықталды, педагогикалық шеберліктің біліктілік пен дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздемесі берілді. Педагогикалық процесінде арнайы технология пәннің болашақ мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық шеберліктің технологиялық біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру әдістемесі негізделді.

Педагогикалық шеберлік

Педагогикалық шеберлік - бұл оқытумен тәрбиелеу әрекетін көсіби менгеру, тұлғаны жан-жақты дамыту, көзқарасы мен қабілетін қалыптастыру мүмкіндігі



Педагогикалық іс әрекеттің құрылымы



Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік мәдениеттің білім беру жүйесінде жүргізілетін реформалардың мақсаты - оның нарықтық экономика жағдайында ғаламдық ауқымға ие болуын ескере отырып, саналы өзгерістерін қамтамасыз ету деп көрсетілген [3. 54].

Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде көзіңік педагогикалық шеберлік компоненттерінің мәні мен мазмұнын зерттеу мәселелері көң түрде қарастырылды. Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-әрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман - уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас үрпақ бойына білім негізінің мәнгілік іргетасын қалаушы-ұстаз тұрады.

«Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отанышыл, білгілерініз келсе, «ең сынампаз» белігі болып табылады», - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүтінгі танда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері кажет екендігі дәлелденді.

Шеберлік компоненттері және ғылыми әдіснамалық қағидалары толығымен жарияланды. Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алыу қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің рөлін анықтау, білімгерлер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру - педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Мұғалімнің кәсіби білімі - шеберлік негізі екендігі дәлелденді. Білім беруді реформалау осы саладағы жинақталған он әлеуметті жақтардың негізінде осы процесті терендету мен дамыту үшін жаңа құқықтық, әдістемелік, қаржы материалдық жағдайларын жасауды және тиісінше кадрлармен қамтамасыз етуді талап ету мәселелері тарауда кең орын алды.

Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілетті іске асыру жолдарына бағыт берілді. Педагогикалық шеберлік компоненттері мен элементтері сызба түрінде жарияланды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндег ауыр," - деген болатын.

Қазіргі заман мұғалімінек тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологикалық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаңы құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оку мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жана технологиясын шебер менгерген педагог болуы керек екендігі айқындалды.

Сонымен, педагогикалық шеберлік дегеніміз өзінің мамандығына сай игеруі тиіс барлық ерекшеліктердің жоғары деңгейін, тұлғаның кәсіби қызметті өзінше ұйымдастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің жинағын, сондай-ақ кейбір педагогикалық ерекшеліктердің дамуының жоғары деңгейінің салдарын білдіреді, ал педагогтың жалпы мәдениеті, оның теориялық білімі және педагогикалық техниканы менгеруі осы шеберліктің іргетасы болып табылады.

Қорыта келгенде, бүгінгі талапқа сай мектепте білім берудің жана саласына жету-мұғалімнің мейірімділігімен, білімімен, шеберлігімен, тығыз байланысты. Өз мамандығына жан жүрегімен берілген ұстаз ғана ұстаздық этиканы, ұстаздық техниканы да, шеберлікті де жақсы менгереді деп кезеңінде нақтыланды.

Зерттеу жұмысының екінші кезеңінде шеберлікті шындау іс-әрекеті толығымен жариаланды. Кәсіптік педагогикалық қызмет қоғамдық құбылыс ретінде және

педагогикалық қызметтің құрылымы және ерекшеліктері айқындалды.

Кәсіптік білім саласындағы педагогикалық қызмет деңгейлері анықталып, шеберліктің басты шарты эрудиция мен құзыреттілігі қажет екендігі дәлелденді. Сызба түрінде педагогикалық іс-әрекет түрлері, атқаратын қызметтері, «Құзыреттілік» ұғымдарына берілген ғалымдардың анықтамаларындағы мәні айқындалды. Іс-әрекет категориясының түсінктері, құрамдас бөліктері, құрылымы толығымен жариаланды.

Педагогтың іс-әрекетіндегі шығармашылық деңгей алдына қойған мақсаттарды шешудегі мүмкіндіктерін пайдалану деңгейі арқылы анықталады.

Сондықтан мұғалім мамандығының басты ерекшеліктерінің бірі шығармашылық сипат болып табылады. Мысалы, басқа да мамандық иелері (ғылым, техника, өнер т.б.) шығармашылық сипатқа ие болғанымен, олар жаңалық ашуға бағытталса, мұғалім мамандығы адамды дамытуға бағытталады.

Мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігі жинақталған әлеуметтік тәжірибе, психологиялық-педагогикалық және пәндік білімдері, жаңа идеялар, дағды, іскерліктер арқылы анықтау жолдырына бағыт берілді.

Мұғалім шығармашылығы деп өзгермелі жағдайларда педагогикалық міндеттерді шеше алу процесін атауға болады.

Шығармашыл тұлғаның ерекше жеке іскерлік қасиеттерін ерекшелендіріп тұратын қасиеттерін креативтілік деп атайды.

Зерттеушілер Е. С. Громов және В. А. Мояко креативті іскерліктің ерекшелілік, эвристикалық, фантазия, белсенділік, анықтылық-нақтылық, сезімталдық және т.б. сияқты белгілерін көрсетеді [4. 76-82].

Шығармашылық педагогқа бастамашылдық, дербестік, ойлау, сезіну, танымға деген құштарлық сияқты қасиеттерді менгеруді қажет етеді.

Осыдан шығарар корытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдал алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін біletін жан болуы қажет.

Зерттеу жұмысының үшінші кезеңінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, жетілдіруге және кәсіби шындауға бағытталған рөлі атап көрсетілген. Демек, зерттеу жұмысында білім беру саласындағы алға жылжу мен дамудың қозғауышы мәселелерін анықтады.

- педагогикалық дағдыларды, яғни іскерліктерді қалыптастыру;
- оқу жоспарында және пәндерді оқыту әдістемесінде тұракты инновацияға талпыну;
- жоғары білім беретін мекемелердің қажетті элементі ретінде кәсіптік оқыту кафедралардың кәсіби деңгейінің есүi;

Мектеп реформасының талаптарына сәйкес мұғалімнің жеке басын жетілдіру міндеті ерекше маңызды болып отыр, өйткені мектептегі бүкіл оқу-тәрбие процесі тиімділігінің табысты болуы көбінесе соған байланысты [5. 67].

Педагогтың кәсіптік деңгейін арттыру үшін болашақ педагог маманның кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселесі кезек күттірмейтін қоғам талабы. Себебі қазіргі кезеңде еліміздегі нарықтық-экономикалық және ғылым мен білім саласындағы өзгерістерге байланысты оқу орындарындағы қызметке жанаша қарау талап етіледі. Ол өз кезегінде саналы, білімді, дарынды, мәдениетті, белсенді болуды және қандай киындық болсын төзіп, жұмыс істей алатын жас педагог-мамандарды қажет етеді. Ендеше оларды дайындауда өзі білім алатын жоғарғы оқу орындарында ұстаздарының ролі кезеңде кен түрде жарналып бағыт берілді.

Зерттеудің ғылыми, теориялық және тәжірибелік ұснынысы.

Жоғарыда баяндалған мәселелердің теориялық және практикалық нәтижесінде мынандай қорытындылар жасауға болады.

Ұснып отырған зерттеу жұмыс кәсіптік оқыту мамандығында оқытын білімгерлердің педагогикалық шеберліктерін қалыптастырудың оқытудың дамытып оқыту теориясына негізделген әдіс-тәсілдері және қазіргі уақытта оқыту формасында колданылатынын жеделдету, онда жанаша акпараттарды пайдалану мүмкіндігіне үлкен назар аудару қажет.

Қазіргі болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының ғылыми тұрғыда дайындығы қандай болу керек мәселесіне бағыт беру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдуллина О. А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. - М.: Просвещение, 2014..
2. Ахметова Г.К., Исаева З. А. Педагогика для магистратуры. - Алматы: Қазак университеті, 2012.
3. Архангельский С. И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. - М.: Высшая школа, 2010.
4. Зязюн. Основы педагогического мастерства М., 2009

5. Мыңбаева А. К. Основы педагогики Высшей школы; учебное пособие. - А., 2008.

Курманбаев А.А., Кунбасин А.Т., Джумабекова И.Т.

Профессиональные знания – основы мастерства учителей технологии

В этой статье, была доказана и обоснована необходимость формирования профессионально-педагогических умений и навыков у преподавателей технологии в рыночных условиях

Ключевые слова: профессиональное мастерство, профессиональная подготовка, специальная технология, рыночные отношения, компоненты мастерства, экономические знания, эрудиция, компетентность

A.A. Kurmanbayev, A. Kunbasyn, I. Zhumabekova

Professional knowledge - basis of teaching technology teachers

In this article, the need for the formation of professional and pedagogical skills and skills of vocational training teachers was proved and justified, in the market conditions

Key words: professional skills, professional training, special technology, market relations, components of skill, economic knowledge, erudition, competence

ӘОЖ 504

КӨКСУ ӨҢІРІНІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРЫ

Қыдырыбаева А.Т., Мухитдинова Р.А.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемелекеттік университеті, Талдықорған қ.,
ardak_jgu@mail.ru*

Мақалада Қаратал өзені алабының тауалды жазықтарындағы ерте орта ғасырларда отырықшы мәдениет пен сәулет өнерінің өркендерегенін айғақтайтын қарлұқ қағанаты тұсында ірі мәдениет және сауда орталығы болған маңызы зор сакральды ландшафттары қарастырылған.

Кілттік сөздер: сакральды география, киелі орындар, жартастағы суреттер, тарихи-археологиялық ескерткіштер, сакральды туризм.

Қаратал өзені алабының тауалды жазықтарының ерте орта ғасырларда ғасырда отырықшы мәдениет пен сәулет өнерінің өркендерегенін айғақтайтын қарлұқ қағанаты тұсында ірі мәдениет және сауда орталығы болған Екіоғыз, Дүнгене, Мұқаншы, Былжы, Талды қалашықтарының маңызы зор сакральды ландшафттардың қатарына жатады. Заттай және жазба деректерге сүйене отырып, оларды зерттеп болашақ ұрпаққа жеткізу, рухани-материалдық мұра ретіндегі өлкे тарихын оқып-үйреніп жас ұрпақты отан қорғау рухында тәрбиелеуде ерекше орын алады.

1960 жылдары белгілі ғалым-агроном әрі өлкетанушы Г.М. Милощенко Көксу, Былжы, Мұқыры, Жарлықөз өзендерінің аңғарындағы жер асты сұзы жер бетіне жақын жатқан шұраттардағы тәрткүлдер мен сақ қорғандарын картага түсірген.

Көксу, Қаратал аудандарындағы қоғам дамуында ерекше орын алған ерте орта ғасырлардағы қалалардың бірі Қаратал мен Көксу өзендерінің құяр сағасындағы Екіоғыз (кос өзен) каласы. Жетісу өніріне қатысты тарихына қатысты жазба деректерде XII ғасырды монгол ханы Мөнкеге келген Француз королі Людовиктің елшісі Плано Карпини және Вильгельм де Рубрук Екіоғыз қаласы арқылы өткенде қаланың бұзылып жатқаны жөнінде жазып, оны «эквиус» деп атағаны жайлы айттылады. Міне осы екі саяхатшының еңбектерінде Жетісу өнірінің қалаларының құрылышы мен халқының тұрмысы, хан

сайлаудың салтанатты рәсімін өткізуі, Қазақстанның онтүстік-шығысындағы қалаларда христиан дінінің несториандық бағыттағы шіркеуінің болғандығы жайлы мағлұмат беріледі.

Жазба деректерден гөрі Көксу өнірінде ежелі қалалар мен төрткүлдердің тарихтағы алатын орынын айғақтайтын жергілікті тұрғындар тауып, өлкетану мұражайларында сакталған заттай деректердің қоры мол.

Еуропаны Азиямен байланыстыратын Ұлы Жібек жолының дамуына байланысты Кексу, Қаратал өзендерінің анғарындағы ежелгі Екіоғыз, Дүнген қалалары мен олардың маңындағы төрткүлдер VII-XIII ғасырлар аралығында өркендеп, гүлденгенін олардың орнындағы мәдени қабаттардан табылған заттай деректер айғақтайды [1].

XIII ғасырдағы монғол-татар шапқыншылығынан кейін Ұлы Жібек жолының біртіндеп маңызын жоғалтуына байланысты Кексу өніріндегі ерте орта ғасырлардағы қалалардың экономикасы құлдырап, отырықшы мәдениеттің біртіндеп көшпелі мәдениетке аусысуна байланысты жойылды.

Ежелгі отырықшы мәдениеттің сакталуына Ұлы Жібек жолы мен қолайлы табиғат жағдайлары әсер етті. Жетісу Алатауының шындарынан бастау алатын Қаратал, Кексу, Быжы, Құсак, Мұқыры өзендерінің анғарларындағы шұрайлы шұратты жазықтарда жергілікті халықтың егіншілікті мал шаруашылығымен ұштастыра отырып, суармалы егіншілікпен айналысқанын ерте заманда қазылып пайдаланылған ескі арықтардың іздері айғақтайды.

1970-1980 жылдардан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты қола, сақ қорғандары мен ерте орта ғасырлық Жақсылық, Талапты қалашықтарына қазба жұмыстарын жүргізіп ежелден отырықшы және көшпелі мәдениеттің ірі орталығы болғанын айғақтайтын заттай деректер тапқан. Зерттеу жүргізген тарихшы-археолог ғалымдар Кексу өніріндегі қала құрылышы мен мәдениетінің дамуын екі кезенге бөліп қарайды:

- VII-VIII, IX ғ.ғ. Түрік, Қарлук және Қараханиттік кезең. Бұл кезеңді қала құрылышы мен сөүлет өнерінің баяу дамыған уақыты деп есептелінеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының директоры, профессор К.М. Байпаковтың пікірінше Кексу өніріндегі қалалардың баяу дамуы сауда қатынасы күшті дамыған транзиттік күре жолдардан алыс жатуы болып табылады [2].
- XIII-XIV ғ.ғ. Шыңғыс ханның шапқыншылығынан кейін монгол империясының орталығы Алтайдың шығысындағы Қарақорым қаласына бағытталған сауда жолының күшеюі қала мәдениетінің өркендеп, гүлденуіне өз ықпалын тигізді [3].

Кексу өніріндегі Ұлы Жібек жолының бойындағы жерасты сұнының жербетіне жақын жатқан күнарлы шұратты жазықтарда бір-бірімен шамамен 10-15 шақырым қашықтықта орналасқан аумағы 180X180 метрден аспайтын шағын қалашық төрткүлдер кең тараған. Бір ерекшелігі бұл қалашықтар бір ендіктің бойында орналасқан құрылышы ұқсас төрт бұрышты болып келген сыртында биік қорғандардың болғанын айғақтайтын жалдардың іздері бар. Төрткүлдер жол бойындағы керуендердің тоқтап тынығу, жаугершілік заманда қорғаныс, егіншілікпен айналысқан аздаған адамдар мен саудагерлердің қонысы қызметін атқарған. Қалашықтардың сыртында орта ғасырлық қалаларға тән биік қорғанмен қоршалғанын терең ордың іздері мен жалдардың сілемі айғақтайды.

Қалашықтың бұрыштарындағы бакылау мұнараларының ізі әскери мақсатта қолданған бекініс болғандықтан тұрақты түрде әскери күзеттің тұрғанын дәлелдейді. Қаратал, Кексу өзендерінің анғарындағы тарихи-археологиялық ескерткіштердің екінші бір тобы сақ қорғандары. Олар тау етегін бойлай Жонғар қақпасына дейін кең тараған. Төбелердің диаметрі 15-20, биіктігі 2-3 метрге жетеді.

Екіоғыз (Эквиус) қаласы. Көксу ауданындағы ерте орта ғасырда гүлденген саяси-әкімшілік әрі ірі сауда орталығы болған қалалардың бірі қазіргі Көксу мен Қаратал өзендерінің бір-біріне құяр сағасында орналасқан Екіоғыз (Эквиус) қаласы. Ол түркі тілінен аударғанда «қос өзен» деген мағынаны білдіреді. Атая Қараталмен Көксу өзендерінің сағасына жақын орналасуына байланысты қойылған деген қорытынды шығаруға болады. Суармалы егіншіліктің қарқынды дамуына байланысты қазір орны тегістеліп, кызылша плантацияларына айналдырылғандыктан нашар сакталған. Қала сырты корғандарының іздері жал түрінде көкжиектің негізгі бағыттарына бағыттас созылып жатыр. Қала үйлері мен әлеуметтік маңызы бар ғимараттарда егіс алқаптарының арасынан анда-санда кездесетін ортасы шұнқыр, ірілі-ұсақты төбешіктер түрінде кездестіруге болады [4].

Корғандар ені 2-3 метр, биіктігі 1-2 м жететін жал түрінде сакталған. Сыртында терен қазылған орлардың іздері байқалады. Үйінді төбелер бір-бірінен белгілі бір қашықтықта Көксу өнірінде соғатын басым желдерге бағыттас солтустік-батыстан онтустік- шығысқа бағытталыш, белгілі бір математикалық өлшеммен салынған. Вильгельм де Рубруктың деректеріне сүйенсек, Жетісу өніріндегі Қойлық, Алмалық, Екіоғыз сяқты ірі қоныстарда әрбір 30-45 метр жерде бақылау мұнаралар орнатылған биіктігі 3,5-5 қалындығы 4-6 метрге жететін қала сырты қорғандары болған. Қимақ қағанының ұлы Жанак ибн - Хасан әл-Қимақидың (Х-XІІІ.ғ.) жазба деректеріне сүйеніп жазған араб географы әл-Идрисидін “Нузхат әл-Муштак фи-хтирак әл-афак” атты еңбегінде Екіоғыз қаласымен Қарлук мемлекеті жайлы жылнамасы мен картасы болған [5].

К.М. Байпақовтың еңбектеріндегі деректерге сәйкес Ұлы Жібек жолының бойында XIII ғасырдың жартысы мен XIV ғасырдың басында Орта Азиядан Жетісу арқылы Алтай мен Монголияның орталық бөлігін байланыстыратын сауда жолы Көксу өніріндегі қалалардың сауда-экономикалық маңызын арттырып, одан әрі гүлденуіне өз әсерін тигізді.

Ірі сауда орталықтарының болғанын сол кезеңдегі үш әлемдік діннің қатар дамуы да айғақтайты. Жетісу өнірінен шықкан қазақтың белгілі инженері, әрі тарихшы ғалымы М. Тынышбаевтың “Қазак халқының тарихы” атты еңбегінде Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының бойындағы гүлденген қалаларға тоқтала келіп, Көксу ауданындағы Екіоғыз, Дүнгене қалаларының көшелері мен маңызды ғимараттары анық көрініп жатқаны жергілікті халық қала орнынан мыстан жасалған қазандар мен қыш құмыралар тапқанын және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін тау бөктеріндегі бастаулардан тартылған қыш құбырлар болғаны жөнінде де жазады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми қызметкері М.М. Нұрпейісовтың пікірінше Екіоғыз, Дүнгене сияқты қалаларда 1000 -5000 тарта адам (негізінен ірі саудагерлер мен ұсақ қолөнершілер) тұрған. Олардың сыртындағы берік қорғанмен қоршалып, төрт бұрышында бақылау мұнараларының болуы корғаныс және кіре тартқан саудагерлер токтайтын маңызды бекет ретінде қолданылған шағын елді мекендер болғанын дәлелдейді.

Көксу өніріндегі ежелгі қалалар егін өсіруге қолайлы жер асты суы жер бетіне жақын топырағы құнарлы шұратты жазықтарда ғана емес, стратегиялық маңызы бар керуен жолдарының бойында орналасуы мен ерекшеленеді. IX-XIII ғасырларда қала құрылышы мен сәулет өнерінің сауданың жақсы дамығанын Иранда, Қытай мен Монголияда жасалған шыңылтырланған жасыл түсті қыш ыдыстар мен су құбырлары болғаны туралы деректер айғақтайты. Қазір олар Мәмбет, Мұсабек, Амангелді ауылдарындағы орта мектептеріндегі тарихи-өлкетану мұражайларында сакталуда [5].

Жарлыөзек қалашығы. Көксудың Қараталға құяр сағасындағы Екіоғыз қаласы қарлық қағанаттың әкімшілік -аумақтық құрылымның орталығы болған. Қала маңында қорғаныс, сауда бекеті қызметін аткарған шағын қоныстар төрткүлдер шоғырланған. Солардың ішінде тарих қойнауынан бізге жетіп, жақсы сакталғаны Балпық би кентінің батысындағы 15-20

шакырым қашықтықтағы Бозтоған ауылының солтүстік-шығыс шетіндегі Жарлыөзек төрткүлі. 32400 шаршы метр аумақты алғып жатқан қалашықтың сыртқы корғаны жақсы сақталған. Төрткүлдің ұзындығы мен ені шамамен 190-200 метрге жететін трапеция тәрізді, сырты қалындығы 2-3, биіктігі 5-6 метрге жететін корғандармен қоршалған. Бірнеше жұз жыл бойы сыртқы күштердің әсерінен бұзылуына байланысты қазір оның биіктігі бір метрден аспайды. Төртбұрыштында бақылау мұнарапарының, ізі, сақталған.

Корғанның керегесі 20x40 сантиметрлік шикі кірпіштен қаланғанын.. Төрткүлдің ортасында биіктігі 1-1,5 ені 3-4 метрге жететін төртбұрышты екінші дуал бар. Ежелгі Қойлық, басқа да қалаларда жүргізілген қазба жұмыстарының деректерімен салыстыра отырып, аумағы 4900 шаршы метрді алғып жатқан бұл құрылыштың керуен сарайы болған деген болжам айтуға болады. Бозтоған ауылының түрғындары құрылышқа қажетті саз алукеziнде төрткүлдің орынданан ерте орта ғасырдағы адамдар қолданған қыш ыдыстар мен ауыз су мен қамтамасыз ету мақсатында қолданған қыш құбырлар тапқан.

Жарлыөзектен табылған көзенің бірі Бүгінгі таңда I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің тарихи-өлкетану мұражайында сактаулы тұр.Оның биіктігі 75, табанының ені 20 сантиметр, сыйымдылығы 60 литрге жетеді.

Үйдіс жасалған саздың құрамындағы құмыда периттің болуы жергілікті жердегі қолөнер шеберлерінің жасағанын айғақтайты. Құмырада сақталған астық шірімес үшін ауа айналымын тудыратын шағын саңылау бар. Төрткүлдің орындан табылған қыш құбырлар елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылған.

Аудан аумағында Жарлыөзектен басқа бірнеше шағын төрткүлдер бар солардың бірі Балпық би кентінің солтүстік батысындағы 20 шакырым қашықтықтағы Амангелді қалашығы.Ол Амангелді ауылының батыс шетіндегі өзен бойында орналасқан. Аумағы 300x400 метр. Жарлыөзек, қалашығынан айырмашылығы – сыртқы корғанның ішінде түрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар төмпешік түрінде сакталған. Ауданы басқа қалашықтардан біршама ірі. Мәдени қабаттарынан табылған қыш құмыралар, металл ыдыстар жергілікті өлкетану мұражайында сақталған.

Мұсабек қалашығы. Балпық би кентінен 40-45 шакырым қашықтықтағы Мұсабек ауылының солтүстік шетінде орналасқан. Пішіні төртбұрышты, төрт бұрыштында бақылау мұнарапарының ізі бар. Қала сырты корғаны анық байқалады. Бозтоған, Амангелді, Мұқаншы, Мұсабек ауылдарының манындағы төрткүлдерінің мәдени қабаттарынан табылған қыш құмыралар мен құбырларды жазба деректермен салыстыра отырып Көксу ауданының аумағындағы ежелгі елдімекендер IX-XIII ғасырларда бой көтергеніне көзжеткізуге болады.

Амангелді, Жарлыөзек, Мұқаншы, Теркіті, Талды қалашықтарының құрылышының ерекшеліктерін белгілі археолог, академик К.М. Байпақовтың еңбектеріндегі деректермен салыстыра отырып Иле, Көксу, Қаратал өзендерінің анғарындағы елді мекендердің ұқсас белгілері бар екені анық байқалады. Айттар ойымызды XI-XII ғасырлардағы Жетісу өніріндегі төрткүлдерде шикі кірпіш және күйдірілген қыш кірпішпен қаланған төрт-алты бөлмелі түрғын түрғын үйлер мен кора-копсыдан тұруы және ішінде мал коралар мен киіз үй тігетін кен ауланың болуы айғақтайты [6].

Жинақталған заттай және жазба деректерді ғалымдардың ой-пікірлерімен салыстыра отырып, сауда карым-қатынасының өркендеуіне байланысты ерте орта ғасырлардың өзінде Жетісу жерінде қала құрылышы мен қол өнердің жақсы дамыған деген қорытынды шығаруға болады.

Батыс Еуропаны Оңтүстік шығыс Азиямен байланыстыратын сауда жолының бойында орналасуы Көксу өніріндегі Екіөзіз, Дүнгене сиякты қалалар сауданың, қала құрылышы мен мәдениеттің дамуына үйткы болып кана коймай ,дүниежүзілік өркениеттің дамуына да үлес қосты.

Манызды сауда орталығы болып халықаралық сауда экономикалық катынаста жетекши орын алғанын ежелгі қала орнында болашакта қазба жұмыстары жүргізілсе, жас өлкे танушылар кенеттен тапқан заттармен шектелмей, керуен сарайлары мен басқа да манызды

ғимараттар табылар еді. Осы түрғыдан келгенде Көксу ауданының аумағындағы Екіоғыз қаласы мен Дүнгене, Жарлыөзек, Амангелді, Мұқаншы, Мұсабек, Быжы, Талды сияқты төртқұлдер көнеден келе жатқан көзайым іспеттес Болашақта Көксу, Қаратал өзендерінің аңғарындағы төртқұлдер мен қалаларда қазба жұмыстары жүрсе бізге әлі талай сырын ашар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдуллин А.А. Геология Казахстана. – Алма – Ата: Наука, 1981.-256 с.
2. Акишев К.А., Куашев Г.А. Древняя культура саков и уйсунов долины реки Или.- Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР,1959.-С.89-95.
3. Акпамбетова К.М., Жандаев М.Ж. Краткий курс геоморфологии. Караганды: 1994. – 137 с.
4. Александрова М. А. Гражданского-правовой режим культурных ценностей в Российской Федерации. Дисс. на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Спб., 2007.
5. Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, Аруана, 2007.-3846.
6. Байпаков К. М.Средневековые города Казахстана На Великом Шелковом пути. - Алматы: Фылым, 1998.-С.16-18.

Қыдырбаева А.Т., Мухитдинова Р.А.

Малые города раннего среднего века с образовательно – познавательным вниманием куксусской области

В статье рассматриваются особенности важных сакральных ландшафтов предгорной равнины бассейна реки Каратал, которые в средневековье во времена карлукского каганата являлись крупным историческим, культурным и архитектурным центром оседлых племен.

Ключевые слова: сакральная география, святые места, наскальные рисунки, историко-археологические памятники, сакральный туризм.

A.T. Kydyrbaeva, R.A. Mukhitdinova

Small cities of the early middle age with educational - cognitive attention of the kuksu region

The article considers features of important sacred landscapes of the foothill plain of the Karatal river basin, which in the middle ages during the times of the karluks khaganate were a large historical, cultural and architectural center of sedentary tribes

Key words: sacred places, petroglyphs, cognitive tourism, historical and archeological monuments.

ӘОЖ 372.8:004

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ КӘСПІТКІ ОҚЫТУДАҒЫ ДАМУ
ЖОЛДАРЫ**

Нұрбосынова Г.С., Садуакасова Р.А., Мухашева М.Б.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
mika.m.b@mail.ru*

Кәспіткі оқытуда ақпараттық технология түрлерін пайдаланып оқыту әдістемесінің теориялық негіздері жетілдірілді, зерттеу тақырыбы бойынша оның кезеңдері, деңгейлері ұсынылды, білім беру үдерісінде білімгерлердің ақпараттық технологияны қалыптастырудың гылыми-теориялық негіздері анықтама беріледі.

- компьютерлік модельдеу баздарламасының тиімділігі анықталды;
- ақпараттық технологияны қалыптастырудың жүйесі мен білім беруді ақпараттандыру жағдайында білімгердің ақпараттық технологиялық қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізі жасалды;
- білімгердің ақпараттық технологияны қалыптастыруды кәсіптік оқытуда білім беру үдерісінде жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталып, құрылымдық моделі жасалынды.

Кілттік сөздер: ақпараттық технологиялар, баздарлама, кәсіптік білім.

Компьютерлік жүйелерді құру үшін қазіргі заманғы (жана) ақпараттық технологиялар жасалуда және ендірілуде. Бұл технологиялар басқару процесінің автоматтандырылуымен тығыз байланысты.

Жана ақпараттық технология - ақпараттық жүйелер мен есептеу техникасының құралдарын пайдалану арқылы ақпаратты жинау, жинақтау, іздеу және өндейдің әдістер мен тәсілдер жиыны.

ЮНЕСКО-ның қабылдаған анықтamasы бойынша, *акпараттық технология* – ақпаратты өндеу және сактаумен айналысадын адамдар еңбегін ұйымдастырудың эффективті әдістерін зерттейтін өзара байланысты ғылыми, технологиялық, инженерлік дисциплиналар кешені; есептеу техникасын, ұйымдастыру әдістерін, адамдармен және өндірістік жабдықпен өзара әрекеттесуін, олрадың практикалық қосымшасын, сонымен қатар осылардың барлығымен байланысты әлеуметтік, экономикалық және мәдени проблемалар. Жана ақпараттық технологиялар компьютерлер мен телекоммуникациялық техниканы қолдануға негізделген.

Жана ақпараттық технология жоғарғы деңгейдегі достық қолданушылық интерфейстің ақпараттық процесіне қолданушылардың активті қатысуымен жүретін техникалық құралдарды қолдануға негізделген. Ол ортақ және проблемалық қолдануға арналған қолданбалы бағдарламалар пакетін, қолданушыға жойылған мәліметтер базасына және ЭЕМ желілері көмегімен бағдарламаларға кіру мүмкіндіктерін көнінен қолданады.

Жана ақпараттық технологияның негізгі қасиеттерін бөліп көрсетуге болады:

- Бұл қағазсыз технология, ол бойынша ақпаратты негізгі тасушы компьютер жадында немесе дискіде құрылатын және монитор экранында көрсетілетін электронды документ болып табылады.

- Жоғарғы мүмкіндікті интерактивті (диалогты) режим арқылы қолданушы кез келген жұмыс шешілүнін барысын оперативті басқара алады.

- Қолданушының компьютермен сұхбаттасу әдісі (достық интерфейс) дайындығы әр түрлі деңгейдегі қолданушыға жүйелік меню, көмектесулерді және анықтамаларды пайдалана отырып, ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

- Ақпарат беру формаларының сәйкестілігі оның өнделуінің барлық кезеңдерінде ақпараттық көмек беруді жүзеге асыруға көмектеседі.

- Барлық қолданушыларға жүйенің кез келген техникалық, бағдарламалық және ақпараттық ресурстарына оперативті кіруді қамтамасыз етегін ақпараттық желілер мен коммуникациялық желілер негізінде есептерді ұжымдық шешу әдістерін пайдалану.

Ақпараттық технологиялардың даму кезеңдері

Белудің әртүрлі белгілері бойынша анықталатын компьютерлерді пайдаланатын ақпарттық технологиялар дамуына байланысты бірнеше көзқарас түрлері бар.

Төменде көрсетілгендердің барлығына ортақ болып табылатыны – дербес компьютердің пайда болуымен ақпарттық технология дамуының жана кезеңі басталды. Профессионалдық және тұрмыстық сфераның басты мақсаты адамдардың дербес ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасызы ету болып келеді [1, 64].

Белу белгісі – *акпараттық өндіріс мен есептерінің түрі*.

1-кезең (60-70 жж.) – деректерді ұжымдық қолдану режимінде есептеу орталықтарында өндеу. Ақпараттық технология дамуының негізгі бағыты адамдардың киындаған лперациялық іс әрекеттерін автоматтандыру болды.

2-кезең (80 жылдардан бастап) – стратегиялық есептерді шешуге бағытталған акпарттық технологияларды құру.

Белу белгісі – *қогамды ақпарттандыру жолындағы проблемалар*.

1-кезең (60 жылдардың аяғына дейін) акпараттық құралдар мүмкіндіктерінің шектігі жағдайында деректердің үлкен көлемін өндеудің киындығымен сипатталады.

2-кезең (70 жылдардың аяғына дейін) IBM/360 сериялы ЭЕМ-дердің таралуы. Бұл кезең проблемасы – бағдарламалық қамтамасыз етудің аппараттық құралдардың даму деңгейінен қалып қоюы.

3-кезең (80 жылдардың басынан бастып) – компьютер профессионалды емес қолданушының құралына, ал ақпараттық жүйелер оның шешім қабылдаудың қолдайтын құралға айналды. Проблемалар - қолданушының қажеттіліктерін максималды қанағаттандыру және компьютерлік ортада сәйкес жұмыс интерфейсін құру.

4-кезең (90 жылдардың басынан бастап) – ұйымаралық байланыстар мен акпараттық жүйелердің қазіргі уақыттағы технологияларын құрылуы. Бұл кезеңнің проблемалары айтарлықтай көп. Солардың токталарлықтайлары:

- Келісімдерді қалыптастыру және компьютерлік желілерге арналған стандарттар мен протоколдарды бекіту.

- Стратегиялық акпаратқа кіруді ұйымдастыру

- Акпаратты қорғау мен қауіпсіздігін ұйымдастыру

1-кезең (60 жылдардың басынан бастап) есептеу орталықтарының ресурстарын орталықтандырылған ұжымдық пайдалануға бағытталған киындаған операцияларды орындаудағы акпаратты айтарлықтай эффективті өндеумен сипатталады. Құрылыш жатқан акпараттық жүйелердің эффективтілігі бағасының негізгі критеріи жасалуға кеткен шығындар мен өндірлу нәтижесінде үнемделген қаражаттар арасындағы айырма болды. Осы кезеңдегі негізгі проблема психологиялық болды: көзқарастары мен шешіліп жатқан проблемаларды ұғынуларының сәйкесіздігін туындаған қолданушыларға арнап акпараттық жүйелерді жасаған құрастырушылар мен қолданушылар арасындағы өзара әрекеттесудің нашарлығы.

Осы проблемалар салдарынан, қолданушылар жаман қабылдаған және өздерінің үлкен мүмкіндіктеріне қарамастан қуаты толық пайдаланылмаған акпараттық жүйелер құрылыш жатты.

2-кезең (70-жылдардың ортасынан бастап) дербес компьютерлердің пайда болуымен байланысты. Акпараттық жүйелерді құруға басқа қырынан келдік, бағыт дербес қолданушының қабылдайтын шешімдерін колдау үшін соның жағына ауысады. Қолданушы құрастырылыш жатқан жұмыстарына қызығыштық танытады, құрастырушылармен қарым-қатынас жөнделеді, мамандардардың екі тобының арасында өзара түсіністік пайда болады. Бұл кезеңде бірінші кезеңге тән мәліметтерді орталықтандырылған және локальдық есептерді шешу мен қолданушының жұмыс орнындағы локальдық мәліметтер қорымен жұмыс істеуіне негізделген деорталықтандырылған өндеу колданылады.

3-кезең (90-жылдардың басынан бастап) бизнестегі стратегиялық артықшылыктардың анализі түсінігімен байланысты және акпаратты таратушылық өндеудің телекоммуникациялық жетістіктеріне негізделген.

Акпараттық жүйелердің мақсаты тек деректерді өндеудің эффективтілігін арттыру мен басқарушыға көмектесу ғана емес. Сәйкесінше акпараттық технологиялар ұйымға бәсекелестік құреске шыдай алып, артықшылықты иемденуге көмектесу керек [2,78-96].

Electronics Workbench компьютерлік модельдеу қолданбалы бағдарламасы

Interactive Image Technologies (Канада) фирмасының Electronics Workbench (EWB) бағдарламасы радиоэлектрониканың аналогтық және сандық құрылғыларын жүйетехникалық

